ететін мидың екінші жарты шарының да әлеуетін толық пайдалану – білімді терең меңгерудің ең басты шарты болып табылады. Міне, сондықтан әлемге әйгілі психолог С. А. Рубинштейн: «...ойлау қарекетінің жетекші буыны – синтез арқылы талдау» [1] – деп ерекше атап өткен болатын.

Педагогикалық психологияда дәлелденген адам миының ажырамас біртұтас жүйе құрайтын екі жарты шарларының әлеуеттерін бір арнаға түсіріп, тоғыстырып отыру – оқушыларға білімді терең игерту жолындағы сарқылмайтын қайнар көз болып табылады. Өйткені, зерттеулердің көрсетіп отырғанындай, адам миы әлеуетін қолданудағы біздің пайдалы әрекет коэффициентіміз (ПӘКіміз) 3-5 пайыздан аспайтын көрінеді, яғни адам миы әлеуетінің 97-95 пайызын құрайтын

жасушалары әрекетсіздік салдарынан бірте-бірте семіп сола береді екен. Демек, миды бос солдырмай, оның ғаламат мол әлеуеттік қорының ой еңбегіндегі ПӘК-ін тағы да 2-3 пайызға көтеретін ғылыми амалдар мен тәсілдерді (білім беру саласы бойынша қарқынды оқыту амалдары мен әдістемесін) іздестіріп таба алсақ, бұның өзі ғылымға қосылған теңдесі жоқ аса зор жетістік болар еді. Осы орайда ізденіс жұмыстарын мидың екінші жарты шарының әлеуетін молырақ пайдалануға жол ашатын синтездік талдау амалдарын практикада кеңірек қолданудың әдіс-айлаларын қарастырудан бастаған орынды. Біздің ойымызша, бұл бағыттағы шығармашылық қарекетті іргелі ұғымдар мен заңдарды синтездік амалдармен ірілендіріп көрсететін сыныпаралық тіректік конспектілерді құрастырып, оларды ұжымдық оқыту технологиясы негізінде оқу-тәрбие үдерісіне бірте-бірте енгізген жөн.

Олай дейтініміз: оқушылардың «ойлау қабілеттерін баспалдақтап дамыту» туралы психологиялық заңдылыққа сәйкес [2, 7], төменгі сыныптарда оқушылардың дедукциялық ойлау қабілетін жетілдіруге басымдық береді. Ал, жоғары сыныптарға көтерілген сайын ойлау қарекетіндегі басымдық синтез арқылы талдауды қамтамасыз ететін индукциялық ойлау қарекетіне өтуге тиіс. Алайда, мектептің барлық сыныптарындағы оқу үдерісін ұйымдастырудың экстенсивті (мимырт) құрылымдары да, кез келген оқулықтардағы материалдардың берілу формалары да, негізінен, дедукциялық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған. Сол себепті оқу материалдарын синтез арқылы талдауды қамтамасыз ететін оқушылардың индукциялық ойлау қабілетін дамыту жұмыстары, өкінішке қарай, көлеңкеде қалып қойып отыр.

Көтерілген мәселені тығырықтан шығарудың екі жолы бар: бірі – синтез арқылы талдаулар негізінде қарқынды (интенсивті) оқытуды қамтамасыз ететін зерттеулер жүргізіп [3], олардың негізінде практикаға бағытталған арнайы

әдістемелік әдебиеттер мен оқу құралдарын барлық пәндер бойынша жасақтау керек; ал екіншісі – оқушылардың индукциялық ойлау қабілетін дамытуға арналған ұстаздардың (мұғалімдердің) өз бетімен даярлайтын оқу-әдістемелік шығармашылық қарекеттеріне үнемі қолдау көрсетіп, олардың оқулықтардағы материалдарды қысқаша түрлендіріп жасаған тіректік конспектілерінің жазбаша және электрондық нұсқаларын оқу құралдары ретінде пайдалануға ерекше көңіл аудару қажет. Қазіргі кезде кенжелеп қалған осы екі бағыттың да жұмыстарын жандандырып, белсенді әрекетке көшу – теория мен практиканы ұштастыру бағытында білім беру саласымен байланысы бар әр ұйымның алдында тұрған зор міндет.

Оқытудың озық технологияларының қайсысы болсын, мысалы: проблемалық оқыту технологиясын алсақ та [4], немесе оқу материалдарының дидактикалық бірліктерін ірілендіру технологиясын алсақ та [5] – бұлардың барлығының практикалық тиімділігінің жоғары болуы, сайып келгенде, психологиялық-педагогикалық зерттеулерде атап өтілгендей, ойлау қарекетінің жетекші буыны болып табылатын синтез арқылы талдауға негізделеді. Осы орайда сыныптан сыныпқа өтіп, жалғасып жататын белгілі бір іргелі ғылыми ұғымдардың төменгі сыныптарда дедукциялық ойлау мақсатында ұсақталып берілген дидактикалық бірліктерін, жоғары сыныптарда индукциялық ойлауды дамыту мақсатында, синтездеу (жинақтау) арқылы ірілендіріп берудің оқушыларға берер пайдасы аса мол. Өйткені оқу материалдарының дидактикалық бірліктерін осылайша ірілендіргенде ғана мидың ажырамас біртұтас жүйе құрайтын екі жарты шарларының әртүрлі (дедукциялық және индукциялық) ойлауға арналған әлеуеттерін бір арнаға түсіріп, тоғыстыру мүмкіндігі туады. Осылайша оқушылардың ойлау қабілеттерін жан-жақты дамытуға, алған білімдерін естерінде ұзақ сақтауға және практикада саналы қолдануға жағдай жасалады.

Алайда, қолданыстағы оқулықтар мен оқу құрадары белгілі бір нақты сыныпқа ғана арналғандықтан, оларға сыныпаралық материалдардың дидактикалық бірліктерін ірілендіру міндеті жүктелмейді. Бұл міндетті ұстаздар мен оқушылардың бірлескен ұжымдық оқыту қарекетіндегі шығармашылық жұмыстарының ортақ жемісі болып табылатын тіректік конспектілер атқара алады. Осы орайда тіректік конспектілерді екі түрде жасаған орынды деп санаймыз: бірін – сыныпішілік тақырыптар төңірегіндегі дара ұғымдар мен заңдарға арнап, ал екіншісін сыныпаралық ұғымдар мен заңдардың дидактикалық бірліктерін ірілендіруге (синтездеуге) арнаған жөн. Әр сыныпқа арналған оқулықтар мен дидактикалық материалдар, негізінен, оқу пәндерінің бағдарламалары талаптарын орындауға, яғни бағдарламада көрсетілген тақырыптар төңірегіндегі материалдарды (ұғымдарды, заңдарды т.с.с.) даралап беруге мәжбүр. Сондықтан сыныпішілік тіректік конспектілер де іргелі ұғымдар мен заңдарды әр сыныптың ерекшелігіне қарай даралап берумен шектеледі. Ал, әр сыныпта әртүрлі оқулық авторлары тарапынан дедукциялық даралауға ұшыраған ұғымдардың дидактикалық бірліктерін индукциялық синтездік амалдар арқылы ірілендіріп беру жұмыстары сыныпаралық тіректік конспектілерге жүктеледі.

Психологиялық-педагогикалық тұрғыдан аса қажетті сыныпаралық ұғымдарды синтездік талдау жұмыстары әлі де болса түрен түсе қоймаған, тұнып тұрған тың сала деп қарастыруға болады. Сондықтан сыныпаралық тіректік конспектілерді құрастыру жұмыстары ұстаздардың шығармашылық еншісінде қалып отырған мол сыбаға деп қабылдаған жөн. Сыныпаралық ұғымдар мен материалдарға арналған тіректік конспектілерді құрастырғанда бір пәннің ғана емес, әртүрлі пәндердегі пәнаралық материалдарды да синтездеп қосуға болады. Міне, осы сала «бәрі бірі үшін, бірі бәрі үшін» жұмыс жасайтын мектеп ұжымының, әр ұстаздың жалтақтамай қолынан келетін,

еркін жайлайтын шығармашылық өрісі болып табылады. Сондықтан синтездік талдауларға негізделетін психологиялық талаптарға сәйес сыныпаралық ұғымдарды ірілендіріп беретін тіректік конспектілерді ұстаздар құрастырғанда әр сыныпта орын алған көптеген қайталануларды алып тастап, ұғымдардың ғылыми мәнділік сипаттарын ашатын қырларына өз бетімен толықтырулар енгізе алады. Сөйтіп, олар оқулықтардағы ақпараттарды таңбалық моделдеулер арқылы қайыра түрлендіріп, жаңадан құрастырылған ықшам оқу құралдарын шығарғандары үшін авторлық құқықтарын да өздері сақтап қалады. Осылайша құрастырылған сыныпаралық тіректік конспектілердің барлық оқушылар үшін қоғамдық мәнділігі артып, әсіресе, олимпиадаларға қатысатын, мектептің соңғы сыныптарында оқитын оқушылар мен жоғары оқу орындарына түсуге даярланып жүрген абитуриенттер үшін де тигізер пайдасының аса мол болары сөзсіз. Өйткені, олимпиадалық тапсырмалар да, ұлттық бірыңғай тестілеу тапсырмалары да барлық сыныптарда оқылған материалдарға негізделіп жасалады. Ендеше, оқушылардың жекпе-жекке шығатын білім сайыстарында олардың әрі белсенді, әрі шұғыл даярлықтары үшін «көбігі көп, сүті аз» оқулықтарға, немесе жүйелік байланысы жоқ том-том тесттік сұрақ-тапсырмаларға қарағанда да әрі жүйелі, әрі қысқа да нұсқа сыныпаралық тіректік конспектілердің қоғамдық пайдасының молдығын ешкім жоққа шығара алмайды.

Екінші жағынан, сыныпішілік материалдарға арналған тіректік конспектілердің маңызын түсіруге болмайды. Сыныпішілік тіректік конспектілерді таңбалық моделдеулер негізінде жасауға қатысып машықтанған, оларды тиімді қолдануға практикада жаттыққан оқушылар ғана сыныпаралық тіректік конспектілерді ұтымды пайдалана алады. Бір тақырыпқа немесе бір іргелі ұғымға арнап, «қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарса» дегендей, ұстаздың басшылығымен оқушылар ұжымдық қарекет үстінде тіректік конспектілердің сан алуан үлгілерін шығара ала-

ды. Алайда, оларды үнемі жетілдіріп отыру парыз. Ол үшін мектептің әрбір пәндік кабинеттерінде олардың жылма-жылғы қорларын жинақтап, жетілген үлгілерін мектеп ұжымының (педагогикалық кеңестің) шешімімен шағын жинақ етіп шығаруды, оларды мектеп кітапханасында топтастыруды, сондай-ақ ғылыми-әдістемелік журналдарға мақала ретінде ұсынуды мұрат тұтқан жөн. Тек, тәлім-тәрбие үдерісінің ең үздік технологиясы – ұжымдық оқытудың талабы ретінде мұндай шығармашылық жұмыстарға оқушыларды да тартып, авторлар қатарына қосып отырудың тәрбиелік мәнділігін естен шығармау керек.

Осы арада ұстаздардың шығармашылық қарекетінің теңдесі жоқ маңыздылығын ашып көрсеткен халықаралық зерттеулердің нәтижесінен алынған төмендегі деректерді келтіре кетейік. ЮНЕСКО-ның Парижде орналасқан «Білім беру институты» барлық елдердің білім беру салалары үшін көкейкесті болып отырған біраз сұраққа жауап алуды көздеп, өткен ғасырдың екінші жартысында 21 елде 20 жыл бойы іргелі зерттеулер жүргізді [6]. Аса зор ауқымды деңгейде жүргізілген бұл кешенді зерттеулер мынадай көкейкесті сұрақтарға жауап алуды мақсат тұтқан еді:

1) оқу-тәрбие үдерісінің тиімді болуы бірінші кезекте неге байланысты: а) мұғалімдердің шығармашылық әлеуттілігіне ме? ә) оқулықтардың сапасына ма? б) стандарттар мен бағдарламалардың сапасына ма?

2) ана (мемлекеттік) тілден басқа екінші, үшінші т.с.с. тілдерді оқытудың тиімділігі неге байланысты?: а) ана тілін меңгертіп алып, соның негізінде оқытуға ма? ә) ана тіліне байланыссыз тікелей оқытуға ма?

3) ана (мемлекеттік) тілден басқа екінші, үшінші т.с.с. тілдерді қай сыныптан бастап оқытқан тиімді?

Әр елде әртүрлі талас туғызып жүрген осындай көкейкесті сұрақтарға халықаралық деңгейде 20 жылға созылған іргелі зерттеулердің арқасында бір мәнді мынадай жауаптар алынды:

1) оқу-тәрбие жұмысының тиімді болуы ең алдымен мұғалімдердің шығармашылық әлеуттілігіне байланысты;

2) екінші, үшінші т.с.с. тілдерді ана (мемлекеттік) тілді меңгертіп алып, соның негізінде оқытқан әрі жеңіл, әрі тиімді;

3) ана (мемлекеттік) тілден басқа екінші, үшінші т.с.с. тілдерді орта мектептің екінші сатысынан бастап оқытқан тиімді.

Сонымен, оқу-тәрбие үдерісінің тиімді болуы ең бірінші кезекте оқулықтардың сапасына да, білім стандарттары мен бағдарламаларының сапасына да байланысты емес, зерттеулердің нәтижелері көрсетіп отырғандай, білім мен тәрбие беретін ұстаздардың шығармашылық қарекеттерінің әлеуттілігіне байланысты деген нақты қорытынды жасалды. Қай ұстазды алсақ та, шығармашылық қарекеттерден құралақан емес екендігі белгілі. Алайда, түйінді сөз мұндай қарекеттердің әлеуттілігінде болып отыр. Ал, ұстаздардың шығармашылық жұмыстарының әлеуттілігі олардың күні өте бастаған оқыту технологиялары мен жүйкені титықтататын экстенсивті (мимырт) әдістемелік тәсілдерді күнбе-күн қолдануымен анықталмайды, керісінше, интенсивті (қарқынды) оқытуды қамтамасыз ететін ең үздік технологиялар мен тәсілдерді бір-біріне кіріктіріп, синтездеу әдістерін еркін меңгерген шеберлік біліктілігімен анықталады. Міне, сондықтан әр тұлғаның шығармашылық әлеуеттерін еселеп арттыруға жол ашатын, әртүрлі озық технологиялардың бір-бірімен үйлесімді жарастық табуына әкелетін ұжымдық оқыту формасына оқырмандардың зейінін аударып, ұжымдық қарекеттің бір парасы ретінде тіректік конспектілерді құрастырудың кейбір қырлары мен сырларына тоқталдық. «Физика және астрономия» журналында жариялауға ұсынатын келесі мақалаларымыз жекелеген физикалық ұғымдар мен заңдардың сыныпшілік және сыныпаралық тіректік конспектілерін құрастыруға арналады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Рубинштейн С. Л. О мышлении и путях его исследования. - М.: Изд. АН СССР, 1958. 160 с.
2. Эльконин Д. Б. Психологические вопросы формирования учебной деятельности в младшем школьном возрасте. // Вопросы психологии обучения и воспитания. Киев. 1961.
3. Башарұлы Р., Берікбайұлы Н. Қарқынды оқыту және жемісті оқу технологиясының психологиялық-педагогикалық қырлары. // Материалы III Международной конференции: «Психолого-педагогические проблемы образования в условиях инновационного развития». – Алматы. Университет «Туран», 2013. – 291с.
4. Махмутов М. И. Организация проблемного обучения в школе. Книга для учителей. - М.: «Просвещение» 1977. -240 с.
5. Эрдниев П. М. Укрупнение дидактических единиц как технология обучения. В 2- частях. Ч I. -М.: «Просвещение» 1992. -175 с.
6. Разумовский В. Г. Государственный стандарт образования супердержавы мира к 2000 году. // Педагогика. 1993 3 . 92с.
7. Занков Л. В. Беседы с учителями: вопросы обучения в начальных классах. - 2-е изд., перераб. - Москва: Просвещение, 1975. - 191 с.
8. Занков Л. В. Избранные педагогические труды. – Москва: Педагогика, 1990 . – 418 с.

UDC 881.111(075.9)

**INFORMATIZATION OF EDUCATION AS A FACTOR OF FORMATION
INFORMATION COMMUNICATIVE COMPETENCE OF FUTURE ECOLOGISTS**

Zh. O. Zhilbayev

National Academy of Education named after Y. Altynsarin, Astana city

G.K. Dlimbetova, A. Aliyeva

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana city

M.M. Akeshova

Kh.A.Yassawi Kazakh-Turkish International University, Turkestan city

Аңдатпа. Мақалада ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолдану, сондай-ақ коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру барысында ақпараттық технологияларды қолдану тиімділігі қарастырылады.

Аннотация. В статье рассмотрено использование информационных технологий в образовательной системе, а также эффективность использования информационных технологий в формировании коммуникативной компетенции будущих специалистов в обучении иностранному языку.

Abstract. The article considering the use of information technology in the educational system, as well as the efficient use of information technologies in formation of communicative competence of the future experts in learning a foreign language.

Тірек сөздер: ақпараттық-коммуникативтік құзыреттілік, білім беруді ақпараттандыру, болашақ экологтер.

Ключевые слова: информационно-коммуникативная компетенция, информатизация образования, будущие экологи.

Keywords: information communicative competence, informatization of education, future ecologists.

Introduction

The President of the Republic of Kazakhstan Nursultan Nazarbayev in his annual message addressing the nation made a special emphasis that in modernization of

education system it is important to introduce modern techniques and technologies and expand availability of education to youth in training process [1].

One of strategically important purposes in process of development of our country is a human development where a key indicator is educational level. The improvement of education system plays an important role in achievement of this purpose. One of the tasks set for education system, is formulated in the following way: "Professional and technical education has to be based on professional standards and is rigidly interconnected with the needs of economy" [2].

Successful modernization of education leads to development of human capital and economic growth. Therefore, education is recognized as one of the most important priorities of long-term Strategy "Kazakhstan – 2050". The questions of education system development play an important place and in the Strategic plan of development of the country till 2020. One of the priority directions of development of education system in the Republic of Kazakhstan is informatization of education of all levels and introduction of new training technologies.

The analysis of current condition of preparation of specialists is provided in the State education development program in the Republic Kazakhstan for 2011 - 2020. It is noted that in contents of educational programs there are no requirements to assessment of basic and professional competences and theoretical preparation is dominant. The contents of this kind does not meet the requirements of employers expressing changes in the market of work, requirements of learners, seeking to receive the demanded skills supported with broad base of knowledge and abilities. It is specified that in educational institutions there are no steady links with customers and clients of educational services. There is a closed style of conduct of education institutions and enterprises. The system is focused not on the needs of labor-market and employers but on the current possibilities of teachers and training and recourse bases. As a result of it, preparation of cadres is carried out in a separation from real inquiries of production not taking into account mastering of formation of professional competence [3].

According to the provisions of UNESCO, concerning the stable development of society, its main resources are knowledge and the social and moral values of its professional personnel. In this case, higher education has a crucial role in the development of these qualities in the future specialist. Ecological education in nowadays is trying to solve comprehensively a number of important tasks such as: ecological education, biosphere protection, protection against ecological hazards, prevention of ecological disasters, human survival, formation of ecocentric personality [4].

At K.A. Yassawi Kazakh-Turkish International University (Republic of Kazakhstan) preparation of specialists on the international level is also based on processes of modernization and informatization of education, on development of new pedagogical statuses of formation of future specialist as professional and creative personality, possessing high professional competence.

The analysis carried out by us on questions of a condition of training of professional specialists in formation of communicative competence of future ecologists, revealed the insufficient level of professional preparation allowing future specialists to be competitive on the international level. The necessity of a new approach is arisen to development of scientific bases of preparation of professional specialists in ecology and technique of teaching foreign languages in higher education institutions, in compliance with increasing requirements of development of information society.

Thus, the relevance of research is defined by requirements of development of the pedagogical theory and practice in the conditions of updating of system of higher education and is caused by the need of permission of the following contradictions: objective needs of society for specialists with high level of communicative competence; between objectively caused need of scientific comprehension of formation of communicative competence of future specialists when using informational

technologies and an insufficient theoretical readiness of this question; between need in formation of communicative competence of future specialists on the basis of using informational technologies and insufficient development of methodical provision of this process in higher education institution.

The specified contradictions defined a research problem which consists in justification of theoretical bases and practical ways of formation of communicative competence of future specialists on the basis of information technologies in process of teaching English.

The research urgency is defined by the social order of a society on professionally competent person of the future specialist (in our research ecologist); necessity of creation of complete system of professional training of the future specialist; requirement of system of formation of the communicative competence of the future specialist, perfection of knowledge of a foreign language and working out of the maintenance, forms, methods and tutorials with application of information technologies.

Research objective is to provide process of formation of the communicative competence and improvement of quality of professional training of the future specialists on the basis of theoretical and practical working out and experimental research of foreign language teaching of the future ecologists with means of information technologies.

The purpose of the research

The purpose of research is theoretical justification, practical development and experimental check of formation of communicative competence of future ecologists on the basis of usage of information technologies in teaching the English in process of professional preparation. The object of research is educational process of training of future ecologists in higher education institutions. The subject of research is the process of formation of information communicative competence of future ecologists in the conditions of informatization education.

Methods of the research

The main concept of our research: scientific bases of training of future ecologists should correspond to current requirements of development of information society, professional education and their productivity depends on the content of teaching and educational process of higher education institution.

The methodological and theoretical basis of research are: theory of professional education; theory of complete pedagogical process; theory of informatization of education; theory of foreign-language education; computer lingvodidactics; theoretical approaches to definition of the concept "competence", "communicative competence"; theoretical bases of use of telecommunication technologies in professional training of future ecologists.

The research sources: the works of philosophers, teachers and psychologists on communicative competences; standard documents regulating professional training of future ecologists in higher education institutions: state obligatory standards of education, standard, working educational plans and programs; pedagogical experiment and author's scientific and curriculum and instructional kits which have been let out on the basis of own scientific and pedagogical experience of work, studying of world practice of professional education during the period of scientific study course of a doctoral candidate in Turkey and Russia, and a doctoral candidate's work experience as a teacher of higher education institution.

The research methods – the main methods of scientific research on formation of communicative competence on the basis of application of telecommunication technologies in teaching foreign language were supervision, theoretical analysis and synthesis, comparison and generalization, modeling, studying of experience of application of telecommunication technologies in teaching process.

In scientific work for the solution of the tasks and verification of initial assumptions the following methods of research were

used: general-logical methods and ways (analysis of philosophical, methodical, psychological, pedagogical, standard and other literature on problems of application of telecommunication technologies in education, synthesis, abstraction, generalization, analogy, a structurally functional method and probabilistical and statistic methods); methods of theoretical knowledge (axiomatics, formalization, deduction, ascension from abstract to concrete); methods of empirical research: (supervision, interviewing, questioning, bibliographic method; experiment in natural conditions, comparison, description, monitoring, measurement); system approach at carrying out of historic and pedagogic and logical analysis, generalization and analysis of pedagogical experience; modeling of pedagogical processes; pedagogical design used for development of standard and programmatically-technological provision.

The theoretical and practical importance: the complex of the organizational-pedagogical, psycholo-gical-pedagogical, didactic-methodical conditions promoting efficiency of formation of the communicative competence and improvement of quality of professional training of the future ecologists in the process of teaching a foreign language by means of information technologies is revealed and proved. The system of exercises and the tasks, intended for the organization of a practical training on ecology in English and ingredients of formation of the communicative competence of the future ecologists in the process of teaching a foreign language of the future ecologists is developed by means of information technologies.

Research problem

The conducted analysis of research work has shown efficiency and necessity of the use of information technologies for formation of the communicative competence of the future ecologists in the process of foreign language teaching, for the decision of educational problems, formation of the professional specialist with the critical and

creative thinking, capable effectively to act in changing conditions of professional work.

Nowadays one of the actual problems of training of highly skilled specialists on the international level and increase the efficiency of educational process at credit-modular teaching system at A.Yasawi International Kazak - Turkish University is information of education and use of information-communicational technologies in professional activity of the future specialists on the basis of competence approach.

Information of educational system is considered as strategically important paradigm of the Governmental program of educational development of the Republic of Kazakhstan for 2011-2020, confirmed by the President of Kazakhstan, at transition to electronic training the prime problem-maintenance of an education system by highly-skilled personnel (Governmental Program, www.edu.gov.kz).

According to a new Kazakhstan educational paradigm education should be directed on interests of personal development adequate to modern tendencies of social development, and to solve following problems:

- to harmonize relations of the person with the nature through development of a modern scientific picture of the world;
- to stimulate intellectual development and thinking enrichment through development of modern methods of scientific knowledge;
- recognizing that the person lives in a society, to achieve its successful socialization through immersing cultural existence, including technogenic and computerized, environment;
- considering that the modern person lives in conditions of the sated and active information environment, to teach the person to live in its stream, to create preconditions and conditions for continuous self-education;
- in view of integration tendencies of development of a science and techniques, requirement for new level of scientific

literacy to create conditions for acquisition of the wide base formation allowing quickly enough to be switched to adjacent areas of professional activity.

One of the basic advantages of the competence approach is that learner is perceived not as passive object of educational influence, but as the active subject getting formation. The teacher does not impose to students' personal understanding of a material, and stimulates their independent activity on mastering. Characteristic for new model of training, cooperation lies on the basis of educational activity [5].

The traditional educational paradigm basically leads to formation dependent learner as the teacher according to the program gives out the planned material focused on the average learner. Learners are not informed on main objectives and have no control over educational process and access to all material that is taught, guided only by instructions of the teacher and the textbook maintenance, studies in the set rate. It is obvious that educational process cannot generate the specialist with creative skills, professional and critical thinking which will be claimed in a modern society [6].

The educational environment simulated by means of information-communication technologies, allows changing of the situation. The teacher puts the purposes, forms the informational environment creating conditions for individual work. Presence of means for realization of the purposes and problems of educational process, knowledge of ways of the organization of teaching system and control devices are making components of the computer informational educational environment, which forms independent learner [7].

Educational system of the Republic of Kazakhstan is focused on occurrence in world educational space, therefore the quality of education is considered in the context of conformity of level of received educational services by the world standard and norms. Nowadays the priority is achievement of such quality of training of specialists which gives them the chance to compete on the

international laboratory. In the conditions of market relations and complicated requirements to the education, ways of the organization of educational process searches of new reserves of improvement of quality and efficiency of preparation of the future specialists are necessary. Changes in social sphere of a society, information of social processes made a paradigm of formation which was replaced on competence the approach in formation [8].

One of actual problems in system of the Kazakhstan educational process in the course of professional training of the future specialists is formation of communicative competence. The suggested system of teaching helps to recognize ecology as an interdisciplinary science which is a necessary prerequisite for observing problem from the different angles, and it also allows students to apply knowledge of ecology in everyday life [9].

The organization of educational process with application of informational technology of training, an optimum combination of information technologies and traditional approaches demands the decision of some psychology-pedagogical, methodical and other problems and carrying out of corresponding researches. Having analyzed the literature on research subjects, we have allocated following actual directions of using information technologies in educational process:

- working out of a technique of use of information-communication technologies in teaching system to various disciplines;
- creation of corresponding methodical maintenance;
- an estimation of efficiency of application of informational technology of teaching,
- creation of the unique complex scientifically-methodical approach to a solution of a problem of the usage of information-communication technologies in educational process,
- preparation of the pedagogical staff, capable to carry out training in new conditions and to solve the above-stated problems and tasks [10].

The urgency of a considered problem is defined, first, by the usage of information technologies assumes presence at the modern, highly skilled expert of new knowledge, abilities, creative style of thinking which will provide necessary social adaptation to changes and guarantee its competitiveness on a labor market; secondly, necessity of perfection of the organization of professional activity of the future specialists in the conditions of information; thirdly, objective requirement of a modern society for preparation of the specialists, capable to be integrated into world information field; fourthly, tendencies of a national educational policy [11].

Result and discussion

In order to calculate the effectiveness of information technologies use to form communicative competence of future specialists in the process of teaching English, the results of students who were taken part in experimental group and results

of students, taken part in control group were compared and analyzed.

For the proof of degree of formation of the communicative competence of the future ecologists in the process of foreign language with the use of information technologies it is necessary to show that experimental and control samples have significant distinctions on the chosen indicator – to ability independently to analyze the task, to correlate it with professional work practice. For processing of results of experiment Student's t-criterion was used to establish similarities and distinctions of two empirical distributions.

The mathematical package «STATISTICA» was used. By means of Descriptive statistics mode Basics Statistics/Tables of this software were the hypothesis about conformity of samples to normal distribution which was checked up.

On these values for each group the mean score and a standard deviation (table 1) have been calculated.

Table 1. Means on each group of the average grade and the standard deviation.

Numerical characteristics	1st sample (Control group)	2nd sample (Experimental group)
N (Quantity of students)	42	44
M (Average grade)	3,14	3,8
σ (A standard deviation)	0,61	0,32

For the given quantity are trained $\delta f = 44 + 42 = 83$. The received empirical value of *t-criterion* equal $t = 3,376$ exceeds critical for $\rho = 0,01$ ($t = 2,639$), but it appears less critical for $\rho = 0,001$ ($t = 3,416$), hence, it is possible to draw a conclusion on statistically significant distinction of average arithmetic values in two samples and about advantages of the second (experimental) methodical system of teaching .

The total test spent with students of control and experimental group, is aimed on revealing of efficiency of formation of the communicative competence of the future ecologists in the process of teaching foreign language with the use of information technologies. The concept of factor K relative total mastering of knowledge by students of

one group is entered. The factor K relative total mastering of knowledge by students of one group is calculated under the formula

$$K = \frac{1 \times N_5 + 0,9 \times N_4 + 0,6 \times N_3 + 0,3 \times N_2}{N}$$

Where K - mastering factor, N5, N4, N3, N2 – the quantity of the students, whose answers are estimated accordingly on «5» - 90-100 points, «4» - 70-90 points, «3» - 50-70 points, and N – total of students in group. The result was estimated on the average by the following parities: "excellent", at $0.9 \leq K \leq 1$; "good", at $0.7 \leq K \leq 0.9$; "satisfactory", at $0.5 \leq K \leq 0.7$; "unsatisfactorily", at $K < 0.5$;


Results of experiment were processed and tabulated for comparison.

Table 2

The generalized comparative results of examination of students according to two tests

Groups	K	
	The control test	The total test
The control	0.74	0.62
The experimental	0.88	0.93

From the received results reflected in (table 2) and the histogram (picture 1), and also the obtained results, it is possible to draw a conclusion that experimental work confirmed effectiveness of the process of formation of the communicative competence of the future ecologists in the process of foreign language teaching with the use of information technologies.



Picture 2 - The generalized comparative results of examination of students according to two tests.

Students of experimental group have received high scores in total tests:

- improvements were observed at students who experienced difficulties in mastering of a material with the use of traditional approaches;
- quantity of students, who mastered the material of foreign language on base of information technologies and used this knowledge on other disciplines raised and it influenced on the success of the group as a whole;
- students' results of experimental group were higher, than the results of control group students that proves the effectiveness of the usage of information technologies in educational process;
- the usage of information technologies in teaching English improved the progress

of forming communicative competence the future specialists;

Conclusion

Analysis of research works of many researchers show that the use of information technologies in formation of communicative competence of future specialists in the process of teaching English for the decision of educational problems, training of the specialists with the critical and creative thinking, capable to function effectively in changing conditions the process of modernization and informatization, becomes the integral component of modern professional education. In modern educational system the tendency of displacement of accents from mastering of knowledge trained on ability to use the information is traced, to receive it by means of information technologies.

Therefore formation of communicative competence of the future specialists in the process of foreign language teaching and training of specialists should include system to use of the given technologies in future professional work, especially in a context of informatization of a modern society.

In the conclusion it is necessary to notice that now in the world consecutive and steady movement to construction of an information society which urged to create the best conditions for the maximum self-realization of each person is observed. The bases for such process are intensive development of information technologies and creation of the developed information-educational environment.

Studying and the analysis of a current state of a problem of their use in an

educational sphere, has shown that there are the numerous works considering possibilities, properties, functions, potential of information technology without an accurate substantiation on the basis of the fact sheet received as a result of practical activities, during experiments. The obvious lack of the researches representing theoretically well-founded methodical recommendations and pedagogical working

out on their application is traced. The questions connected with development and influence of information-communication technologies on efficiency of educational process is insufficiently worked. There are no the long and extensive researches showing degree of efficiency and expediency of support of various courses at integration of disciplines through the Internet by means of information technologies.

References

1. *Governmental Program of Development of Education in the Republic of Kazakhstan for 2011-2020*.//www.edu.gov.kz
2. Akeshova M.M., Berkimbaev K., Meirbekova G., Daribaev Zh., Kurbaniyazov S., Abdikulova Z. *To the Problem of Using Competence-Based Approach and Information Technologies in Formation of Communicative Competence of the Future Specialists // Creative Education. – China, 2013. – Vol. 4, №8. – P. 503-508.*
3. Berkimbaev, K.M. et.al., 2012; *The formation of professional competencies of future specialists. New Educational Review. Thomson Reuters Journal Impact Factor 0.149., Poland.*
4. G. Dlimbetova, A. Aliyeva and A. Ayazbayeva. *Development of Ecological Competence for Future Professions. Bioscience Biotechnology research Asia, April 2015. Vol. 12(1), 311-319*
5. Raimberdiev T.P., Sunakbaeva D.K., Akeshova M.M. *Information Technologies as the Base of Formation of the Information-Communicational Competence of the Future Ecologists // Middle - East Journal of Scientific Research – Pakistan, 2013. – Vol.14 (12). – P. 1654-1659.*
6. McGrath, B. (2008). *Partners in learning: twelve ways technology changes the teacher-student relationship. Technological Horizon in Education, 25(9), 58-62.*
7. Nowaczyk, R. (2008). *Student perception of multimedia in the undergraduate classroom. International Journal of Instructional Media, 25, 367-368.*
8. Akeshova M., Mukhamedzhanov B., Meirbekova G. (2014). *Formation of Informational-Communicative Competence of Future Ecologists on the Base of Competence Approach // 5th World Conference on Educational Sciences. Procedia - Social and Behavioral Sciences on Science. –Vol.116. – P. 4322-4327.*
9. Berkimbaev, K.M., and Kerimbaeva, B.T. 2010; *The formation of informational-communicative competence of future teachers in credite system of education.// Kazakhskiy natsionalnyy universitet imeni Al-Farabi VESTNIK, seriya pedagogicheskiye nauki №2-3 (30-31). S 54-57.*
10. Warshauer, M. (2010). *Computer-mediated collaborative learning: Theory and practice. Modern Language Journal, 81, 470-481.*
11. Akeshova M.M., Poshaev D.K., Akeshova N.M. *Formation of Communicative Competence of the Future Specialists in Professional Activity by Means of Telecommunication Technology // International Journal of Humanities Social Sciences and Education. – 2014 – Vol. 1, issue 3. – P. 40-46.*

ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДА ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚТЫ ДАМУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Н.Ж. Құрман

*п.ғ.д., М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті
Қазақстан филиалы, Астана қ.*

Қ.А. Рақымжанов

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада қазақ тілін оқытуда функционалдық сауаттылықты дамытудың теориялық негіздері, сонымен қатар оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық және педагогикалық негіздері қарастырылған.

Аннотация. В статье рассмотрены теоретические основы развития функциональной грамотности при обучении казахскому языку, также психологические и педагогические основы формирования функциональной грамотности учащихся.

Abstract. This Article deals with the theoretical basis for the development of functional literacy in teaching the Kazakh language, as well as psychological and pedagogical basis for the formation of functional literacy of students.

Тірек сөздер: функционалдық сауаттылық, қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастыру, жаңа оқыту технологияларын қолдану.

Ключевые слова: функциональная грамотность, формирование функциональной грамотности по казахскому языку, использование новых обучающих технологий.

Keywords: functional literacy, the formation of functional literacy in the Kazakh language, the use of new learning technologies.

Қазақстан Республикасының орта білім беру саласындағы басым бағыттарын әлемдік білім беруді дамыту үдерістерімен сәйкестендіру мақсатында оқушылардың функционалдық сауаттылығын (ОФС) дамыту өзекті мәселе ретінде күн тәртібіне қойылып отыр.


Қазақ тілін оқытуда оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытудың теориялық негіздері оқушылардың қазақ тілін меңгеруі барысында жүйелі ойлауын дамытып, мектепте алған білімінің өмірдің қай саласында да тірек болуын қамтамасыз ететін тиімді әдістемелік жүйе жасауға және қолдануға мүмкіндік береді.

Қазақ тілін оқыту барысында қалыптастырылуы тиіс деп күтілетін «функционалдық сауаттылықтың» белгілерін 1-сызбадағы модельден көруге болады.


Бұл белгілерді бір аяға жинақтап модель ретінде көрсетуде функционалдық сауаттылыққа берілген анықтаманың құрамындағы белгілер негізге алынып отыр.

Функционалдық сауаттылыққа қол жеткізген оқушы дегеніміз – мектепте білім алуы барысында өмірдің қалыпты жағдайларында кездесетін түрлі жағдаяттардың шешімдерін таба алатын қабілетке ие болған, негізінен, қолданбалы білімін жүзеге асыра алатын деңгейдегі білім иесі болып табылады. Жинақтай алғанда, функционалдық сауаттылық оқушының жеке тұлғасының әлеуметтенуіне игі ықпал ететін басты тірек болып табылады.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздері жүйесінің моделі төменде көрсетілді.



1-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықтың (ФС) белгілері.



2-сызба. Қазақ тілінен функционалдық сауаттылықты қалыптастырудың теориялық негіздері

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың теориялық негіздеріне психология және педагогика ілімдері, жеке тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағдарланған жаңа оқыту технологиялары, қазақ тілінің функционалдық грамматикасы, мектепте қазақ тілін оқытуды ұйымдастыру тәсілдері, мектеп оқушыларының білімін құзыреттілік негізде бағалау жүйесі алынып отыр.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың психологиялық негіздері. Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – олардың психологиялық қырынан даму мәселесінде қарастыруды қажет етеді. Оқушының дамуы дегеніміз – оның өмірлік күшеуі мүмкіндіктерінің жүзеге асырылуы. Сондықтан сол дамытатын қабілеттерді және олардың оқу-танымдық процесте-

гі қызметі ерекше қажет. Ал оқушыны белгілі бір психикалық алғышарттарға ие болып келетін, танып-білу мүмкіншіліктері мол жеке тұлға деп қарастыру – теориялық ұғым жасаушы субъектінің болмысын анықтау болып табылады.

Психологияда баланың дамуы туралы екі түрлі бағыттағы көзқарас бар: бірі – баланың дамуын жеделдетуге болады деген болса, екіншісі – баланың дамуын табиғи күйінде қалдыру керек, тіпті мүмкін болса, тежеңкіреу керек. Өйткені, қоғам баланы ертерек есейтуге әрдайым бейім тұратындықтан оның өмірлік күшінің толық пісіп-жетілмеуі мүмкін.

Қазақ тілін оқыту сабақтарында тілді жылдам және сапалы игеру үшін міндетті шынайы түрдегі қарым-қатынастар жағдаяттары ұйымдастырылуы керек. Мұндай сөйлеу-тілдік жағдаяттары арқылы оқушылар қазақ тілін саналы түрде меңгере алады.

Тілдің саналы түрде игерілуі баланың танымдық қабілеті мен таным күштерінің бірігуі арқылы іске асып отырады. Баланың дамуға бейім таным күштерін байқаған мұғалім арнайы жұмыс арқылы оны ұштай түсуі тиіс. Мұғалім оқушының қазақ тілінде төселе сөйлеуін, сауатты жазуын қамтамасыз ету барысында міндетті түрде оның танымдық қабілеттерінің де дамуын да ескеріп отырғаны жөн.


Әрине, даму барысы оның физиоло-

гиялық даму мүмкіндіктерімен үйлесе келуін де қажет етеді. Мұғалім оқу-танымдық процестің жетекшісі мен ұйымдастырушысы ретінде оқушының биологиялық және әлеуметтік дамуын үйлестіріп отыруды баса назарда ұстайды. Жасөспірім кезінде баланың танымдық қызметі ерекше белсенділікпен өтеді.

Абайдың жетінші қара сөзінде айтылған танымдық қызығушылық енді мектепте және орта сыныптарда түрлі салаларды меңгере бастауымен арта түседі. Осы ретте оқушының қазақ тіліндегі коммуникативтік құзіреттілігінің оны белгілі бір шынайы ситуацияларға түсіре отырып, төселдірілуіндегі даму процесі туралы айтып өту керек.

М.Мұқанов білім мағынасының бәрі де ақпараттан тұратынын атап көрсетеді. Сондықтан да ақпараттың шығатын көзі, келетін мекенжайы болады. Ақпарат шығатын жерінен келетін мекенжайына канал байланыстары радио, телеграф немесе хабар адамның рецепторларына берілсе, онда шетке және ортаға тебетін нервтер арқылы жіберіледі. Нысандардан рецепторлар арқылы адамға келген ақпарат оның басында сан алуан өзгерістерге ұшырап, белгілі жүйеге келтіріледі де, осының нәтижесінде келген хабарлар әр түрлі білім дәрежесіне айналады.

Оқушының білім алу және танымдық үдерісі төмендегі суретте көрсетілгендей реттеліп отырады.



Оқушы тиісті оқу нысандарынан білімдік ақпарат алғанда, көп мағлұматтардың ішінен өзіне керек хабарды іріктеп алады. Адамның басында осындай іріктегіш, селективтік аспап бар. Егер оқушы рецепторларына жеткен мағлұматтарды іріктеп алмай, оған не әсер етсе, соны түгел қабылдаса, мақсатына жете алмас еді. Ол көп хабардың ішінен ненің қажет, ненің қажет емес екендігін ажырата алмай, оқи

алмас еді. Сондықтан көп мағлұматтардың ішінен өзіне керегін ғана іріктеп таңдап алу - оқу тапсырмасын орындаудың негізгі шартының бірі.

М. Мұқанов таным үдерісінің элементтерін мыналар деп көрсетеді: қабылдау; зейін; ес пен жады. М.Мұқанов жеткіншектердің таным үдерістерін былайша сипаттайды. Күнделікте оқу материалын ұғыну қабылдаудан басталады. Қабылдау тек

бірдеме қарау, не соны тыңдау ғана емес, баста бар бейнелермен объектілерді салыстырып түсіну.

Сондықтан қабылдау оқу үдерісінде ойлануды талап етеді. Қабылдау дегеніміз – мағлұматтарды тұтастығымен бейнелеу. Егер қамтылатын материал қызықты болса, онда оқушылар осыған ғана көңіл бөліп, қиын материалдарды оқығысы келмейтіндігі кездеседі. Нәтижесінде, жеткіншек материалды тұтас қабылдай алмай, ақпараттың қандай да бір кесіндісі сияқты етіп, есінде сақтай алмауы мүмкін.

Жеткіншектің зейіні сабаққа қалыптасса, онда ол назарын бір нысаннан екінші нысанға аударып отыруға толық мүмкіндігі бар. Жеткіншектің жады мен есі едәуір дамыған және де білім мазмұнын мағынасына қарай есінде қалдыруды ұнатады. Сонымен қатар ол естігенін көпке дейін есінде сақтап, қажет мезгілде есіне жақсы түсіре алады.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері. Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың педагогикалық негіздері дегенде, ең алдымен, оқушылар меңгеруі тиіс деп танылған қазақ тілінен берілетін білім мазмұны, қазақ тілін ана тілі ретінде оқуы арқылы оқушылардың тілдің кумулятивтік қызметін меңгеруі арқылы өзін-өзі тануы, тілдік санасы жетіліп, тілдік тұлға ретінде қалыптасуына игі ықпал ететін педагогикалық заңдылықтар қарастырылады.

Қазақ тілінен берілетін білім мазмұны 11 жылдық мектеп бойынша және 12 жылдық білім беру моделі бойынша, түптеп келгенде, қазақ тілінің жүйесіне және тіл жүйесінен әр сыныптағы оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім мазмұнын іріктеу мен сұрыптаудан өткізу талаптарына және білім беру үдерісін сапалы ұйымдастыру заңдылықтарына тығыз байланысты болады.

Қазақ тілін функционалдық сауаттылықты дамыту бағытында оқытуда педагогиканың, дидактиканың жаңашыл идеяларын қолдану керек. Бұл ретте оқу

бағдарламасы, оқулық, оқу құралдары мен оқыту формалары, оқушының білімін тексеру мен бағалаудың жаңа формалары, жаңа оқыту технологиялары, білім мазмұнын сұрыптаудағы жаңашыл әдістер т.б. мәселелер аса өзекті болып табылады.

Қазақ тілін функционалдық бағытта оқытуда дәстүрлі дидактикалық және қазақ тілін оқыту ұстанымдарының жүйесі қатарында мынадай педагогикалық ұстанымдар басшылыққа алынғаны дұрыс деп санаймыз: когнитивтік ұстаным, креативтік ұстаным, рефлексивтік ұстаным. Көрсетілген ұстанымдардың оқушының ой операцияларының логикалық-сабақтастық желісін құрап, ауызекі сөйлеу мен жазу сауаттылығын қалыптастырып, дамытуда орны ерекше екендігін соңғы жылдардағы көптеген педагогикалық зерттеулер мен еңбектерде дәлелденіп келеді.

Қазақ тілінен оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруда жаңа оқыту технологияларын қолдану. Қазақ тілін оқытуда оқушылардың сауаттылығын қалыптастыра отырып, тіл үйрену белсенділігін арттыру үшін интернет-технологияны қазақ тілін оқыту әдістемесінің орнықты бір компонентіне айналдыру керек. Мұндай істің бүгін үшін де, болашақ үшін де маңызы зор. Интернет-технологияны енгізудің қаншалықты маңызды екендігін соңғы 5-7 жылда барлық білім алушылар да, білім берушілер де анық түсінді деп айтуға болады.

Интернеттік коммуникацияның көптеген түрі қазіргі кезде еркін және үйреншікті түрде қолданысқа еніп кетті.

Олар – электрондық пошта, чат, форум, веб-конференция т.б.

Интернеттен тікелей алынатын мәліметтер немесе интернет ресурстар – қазақ тілін түрлі бағытта, түрлі салаға үйрету үшін мол әрі құнды мәліметтер бере алады-дағы, соның негізінде заманға сай оқу материалдарын жүйелеуге бастау көзі ретінде сенімді тірек болады.

Интернет-технология негізінде қазақ тілін үйрету/үйренуге арналған ақпараттық-визуалды орта қалыптастырып, оны қазақ тілін үйренушінің, қазақ тілін

теориялық дәрежеде меңгеріп отырған оқушының тұрақты оқу серігіне айналдыру мүмкіндігі қазіргі кезде өте мүмкін. Мұндай виртуалды орта оқушыға қазақ тілін оқып-меңгеруге мұғалімнің жетекшілігімен және өз бетімен үйренуіне ерекше жағдай жасайтын орта болып табылады.

Ақпараттық-коммуникациялық технология (АКТ) – күн өткен сайын адамдардың өзара қарым-қатынас жасайтын қажетті де қолжетімді құралына айналып келеді. Әлемдік Интернет-статистика орталығының 2008 жылғы желтоқсан айындағы мәліметінше, қазіргі кезде 1,5 млрд адам, немесе Жер бетіндегі әрбір төртінші адам ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу, кәсіби, тұрмыстық, ғылым т.б. салаларда кең қолданып отыр. Осылай ақпараттық-коммуникациялық Интернет-технология орасан зор жүйеге, үлкен ортаға айналып, болашақтың ажырамас та табиғи реуішті компонентіне айналып келеді. Сондықтан да осындай ғаламат күшке, керемет мүмкіндікке айналып отырған заманымыздың ең күшті байланыс және ақпарат беру құралына айналған Интернет-технологияны қазақ тілін дамытудағы, қазақ тілін жан-жақты оқытудың ерекше де сенімді ортасына айналдыруға бар қолдан келген қайранды дер кезінде салу керек.

Интернет-технологияның қазіргі кездегі даму барысын қадағалай отырып, онда әлеуметтік сервистер мен қызметтердің кең тарап келе жатқанын көре аламыз. Олар: блог, уики, покаст, твиттер, ютюб, қыстырма т.б. Оларды кең арналы жүйеде қолдануға қазақ тілін оқытудың кейс-стади, квест-сабақтар, электрондық-виртуалдық сабақтар, қашықтан оқыту т.б. сияқты заманауи жүйелерді қолдану әдістемелері арнайы зерттелуі керек.

Қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік грамматикасы – оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың негізі. Қазақ тілі жүйесінен білім алу, қазақша тіл мәдениетін қалыптастыру, қазақша тіл және сөйлеу сауаттылығын қалыптастыру және дамыту арқылы қазақша тілдік тұлға қалыптастыру – қазақ тілін оқыту арқылы оқушылардың

функционалдық сауаттылығын дамытудың басты мақсаты болып танылады. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда қазақ тілінің функционалдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгертілуі басты орында болуы керек. Қазіргі қазақ мектептеріндегі қазақ тілі әлі де болса, формалдық грамматика логикасы негізінде оқытылып келеді. Оның салдары – меңгертілетін таза грамматикалық ережелер мен сабақта, сабақтан тыс орындалатын жаттығулардағы тілдік талдаулардың оқушылардың күнделікті өмірінде қажетін атқара алмауына әкеліп отыр.

Қазақ тілін функционалдық-коммуникативтік бағдарда оқытуда «тілден – тілдік форма мен тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан - тілге» қарай жүру логикасы ұсталынады. Тіл жүйесіндегі тіл бірліктерінің қызметі – өзінен жоғары тұрған тіл бірлігін құруға қатысуы, сөйтіп адам сөйлеуінде барлық тіл бірліктерінің қызметінің көрініс табуы – тілдің функционалдық ерекшелігі болып табылады.

Осы ретте Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл құралы» мен Құдайберген Жұбановтың «5-класқа арналған қазақ тілі грамматикасы» оқулығындағы тілдің кіші бірліктерінің кірпіш ретінде сипатталып, ең кіші кірпіш – дыбыс делініп, одан буын, олардан сөз құралатыны айтылуы қазақ функционалдық грамматикасының бастау көздерінің қалыптасуы екенін көреміз.

Қазақ тілінің коммуникативтік қызметі дегенде, жай сөйлемнің, құрмалас сөйлемнің, мәтіннің адам ойын білдірудегі құрылымдық-жүйелік, мағыналық ерекшеліктері басты назарда болуы туралы айтылып отырғаны белгілі. Сөйлемнің коммуникативтік типі дегеніміз – коммуникациялық актідегі сөйлем шегіндегі айтылымның функционалдық қолданыс мақсатын анықтайтын категория. Сөйлемнің ең басты қызметі де, белгісі де - коммуникация бірлігі ретіндегі болмысы. Сондықтан да сөйлемнің басты жіктемесі дәстүрлі тіл білімінде «коммуникацияның мақсаты» деп аталатын коммуникативтік ұстанымға негізделеді. Бұл ретте қазақ тілін қазақ мектебінде оқытудағы және қазақ тілін

екінші тіл ретінде оқытудағы құзыреттердің басым орны танылады.

Қазақ тілінің қатынас құралы ретіндегі қызметін ұғындыру және меңгерту.

1) Қазақ тілінің адамның сезімді білдіру қызметі ерекшелігін меңгерту.

2) Қазақ тілінің танымдық қызметін меңгерту.

3) Қазақ тілінің адам ойын білдіру қызметін меңгерту.

4) Қазақ тілінің кумулятивтік, яғни қазақ халқының тарихы мен мәдениетін жинақтаушы қызметін меңгерту.

Қазақ тілі жүйесінің барлық ішкі элементтері мен категорияларының қызметі, түптеп келгенде, қазақ тіліндегі мәтінді құруға бағытталады, соған арналады. Қазақ тілінің иегері болып табылатын әрбір адамның танымдық үдерісін санасына тіл арқылы таңбалауы, ішкі сезімін тіл көмегімен сыртқа шығаруы, басқа адаммен тілдік қарым-қатынасқа түсуі – қазақ тілі жүйесіндегі кішісінен бастап ең ірісіне дейінгі элементтердің түрлі грамматикалық байланыстарға түсуі арқылы сөйлеуші адамды «коммуникантқа» айналдыру қызметі деп түсініледі.

Қазақша сөйлеуші адамның толыққанды коммуникантқа айналуы үшін оның тек сөздің тура мағынасын біліп қоюы, сол тура мағынадағы сөздерді ғана грамматикалық байланыстар мен қатынастар арқылы сөйлем етіп құра алуы - тым жеткіліксіз. Бұл мәселе - тек қазақ тілін үйренуші өзгетілді адамдарға ғана байланысты деп ойлауымыз керек. Қазақ мектебіндегі, қазақы ортадағы қазақтарға да қазақ тілін коммуникативтік бағдарда оқытудың маңызы - тіл дәрежесінің биіктігін ойы мен сана биіктігіне теңдестіре алатындай жүйе жасау және тәжірибеде қолдану болып табылады.

Қазақ тілі жүйесінің әрбір элементінің формасын, оның лексикалық және грамматикалық мағынасын, түрлі функциясын тұстатықта таныта алатын коммуникативтік бірлік - сөйлем екені белгілі. Бірақ сөйлем коммуникативтік мақсатты, адамның тілдік қарым-қатынасқа түскендегі коммуникативтік жүгін толық атқара алмайды. Бұл ретте мәтіннің болмысын тану қажеттілігі

туындайды.

Кез келген тілдік бірлік қандай аспектіде болмасын, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынас құралына қызмет етеді. Ал тілдегі функционалды стильдер жұмсалымы жағынан тілдің осы негізгі функциясына сәйкес келеді. Сондай-ақ, функционалды стильдер қоршаған ортаны танып білуге, үздіксіз даму үрдісінде болатын адамның таным-білім деңгейінің молайып, дамуына ұйытқы болатын, танымды жаңа сатыға жетелейтін тілдік форма екені белгілі.

Коммуникативтік құзырет – жүйелі құрылым болып келеді. Атап айтқанда, коммуникативтік құзырет тіл меңгерудің біліктері мен дағдыларын білдіреді. Қазіргі тіл білімінде коммуникативтік құзырет өмір сүріп отырған тілдік формалардың функцияларының тепе-теңдігін білдіріп отыратын құбылыс ретінде танылып келеді.

Коммуникативтік құзырет және оның құраушылары – тілдік лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, дискурстық, әлеуметтік-мәдени, әлеуметтік-тұрмыстық, лингвомәдени, стратегиялық құзыреттер.

Қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалды сапаттылығын дамытуда стиль мен стилистика, шешендік өнер, орфография мен пунктуация бойынша практикалық мәні үлкен тіл салаларын меңгертудің маңызы зор.

Қазақ тілін сапалы оқытуды ұйымдастырудың тиімді жүйесі. Мектепте қазақ тілін оқыту үдерісі тұтас білім беру жүйесіне тән жаңашаландыру үдерісін басынан өткеруде. Осындай жағдайда қазақ тілінен берілетін білім мазмұны мен оқыту әдістемесінің жаңашалануы оқушылардың жеке басының дамуы мен әлеуметтенуіне негіз қалайтын жалпы орта білім беретін мектептің 10-11-сыныптарында бейіндік оқыту, 5-9-сыныптарда бейіналды оқыту әдістерін анықтауды және жүйелеуді талап етіп отыр. Оқушылардың тілдік-лингвистикалық білімінің сапалы болуы – барлық пәндердің сапалы оқытылуының негізі болып табылады. Өйткені қазақ тілі – маңызды қарым-қатынас құралы, жеке тұлғаның әлеуметтенуінің негізгі құралы. Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі мәрте-

бесіне ие болып отырған қазақ тілі ана тілі пәні ретінде де, мемлекеттік тілді үйрену пәні ретінде де 1-сыныптан бастап 11-сыныпқа дейін оқытылады. Мұның өзі оқушылардың қазақ тілінен (басқа тілдерден де) филологиялық даярлығын күшейтуге назар қойылып отырғанын айқын танытады.

Қазақ тілін сапалы оқыту әдістемелері мен сабақ түрлері арнайы қарастырылып, белгілі бір жүйеге түсірілуі керек. Оқушылардың сауаттылығын дамыту бағытында «Қазақ тілін ана тілі ретінде оқыту әдістемесі» мен «Қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде оқыту әдістемесі», «Қазақ тілін шет тілі ретінде оқыту әдістемесі» салалары зерттелуі күн тәртібінде өзектілігімен қойылып келеді.

Қазақ тілін оқытуды ұйымдастырудың сапалылығы күн өткен сайын артып келеді. Мұғалімдердің сабақ формасы мен түрлерін, әдістерді жетілдіріп отыруға баса назар аударатыны бүгінгі күні көпшілік назарына тегіс танымал болып келеді.

Қазақ тілі сабақтарының тиімділігін арттырып, оқушылардың алған білімінің сапалы болуына не ықпал ете алады? Қазақ тілі сабақтарының тиімділігі, ең алдымен, оқушылардың іші пыспайтын, оқу іс-әрекеттеріне толы, нәтижесі жоғары деңгейде болуы белгілерімен танылады. Ол үшін мұғалім сабаққа даярлығын тиімділікті арттыру мақсатында құруы керек.

Сабақ жоспарын әзірлеу – сабақтың әдістемелік сценарийін жасау – мұғалімнен режиссерлік қабілеттен кем емес талантылықты керек етеді. Сабақтың әдістемелік сценарийінде сыныптағы әр оқушының «өзіндік ролі» айқын берілуі керек. Сабақтың барлық кезеңдерінде мұғалімнің сабақ берушілік қана емес, басшылық, жетекшілік, қолдаушы, ынтымақшылдық болмысы айқын сезіліп тұруы керек. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын «грамматикалық ережені айту», «жаттату», «талдаулар жүргізу» сияқты ғана іш пыстыратын әдістермен шектемей, оқушылардың функционалдық сауаттылығын, яғни күнделікті өмір жағдаяттарында керек болатын білім мазмұнын теориялық және практикалық бағытта ұйымдастыруы

міндетті. Сабақ үстінде оқушылардың «жеке» – «екеу» – «үшеу» – «төртеу» – бесеу немесе «топ» – «команда» – «сынып» – «жеке» түрінде жұмыс істеуін ұйымдастырып, тапсырмалардың осы желіде орындалуын қадағалауы тиіс.

Қазақ тілі сабақтарының «Қызықты грамматика әлемінде», «Квест-сабақтар», «Жоба сабақтар», «Ойын сабақтар» сияқты оқу іс-әрекеттері белсенді өтетін түрлермен көбірек ұйымдастырылуы арқылы оқушылардың өз бетімен қазақ тілін меңгеру дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік мол болады.

Қазақ тілі сабақтарының көздейтін түпкі нәтижесі – оқушылардың білім алу ізденісі арқылы өздерінің қолын жеткізетін әдістерді қолдану. Сол арқылы оқушылардың өмірлік тәжірибесі байытылып, жеңіске жету және оны қуанышты эмоциямен сезініп, алдағы сабақтарға қызыға құлшынысы артуы сияқты жайлы сезімдерге бөленуі керек.

Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оқытуды ұйымдастыруда сабақтың мынадай түрлерін тиімді нәтижеге қол жеткізеді деп ұсынуға болады.

Оқушылар білімін құзыреттілік негізінде бағалау. Мектепте білім беру сапасын дамытудың басты бағдарларының бірі – оқушылардың білімділік деңгейін бағалау технологиясын жаңашаландыру болып белгіленді. Оқушылардың білімін бағалау мәселесі өзекті тақырып ретінде көп зерттеліп келеді.

Қазақ тілінен оқушылардың білімін шынайылықпен бағалаудың мақсаты:

- оқушылардың оқу қызметі нәтижесінде қолы жеткен шынайы ақпарат туралы мәлімет алуы және ол табыстарының білім беру стандарттарының талаптарына сәйкес келуі;


- мұғалімнің оқыту қызметіндегі жайлы және теріс үрдістерді анықтау;

- оқушылардың қол жеткен табыстарының жоғары не төмен көрсеткіште болуы себептерін нақтылау және оларды болашақта түзету амалдарын қарастыру.

Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру бағытында оқыту барысында білім алу нәтижесін бағалау және тексерудің қазіргі жүйесінің пәні – негізгі құзыреттер деп аталады.

Білім беру барысын оқушылардың негізгі құзыреттерін қалыптастыру арнасына қарай бұрудың жалпы білімді тексеру мен бағалау жүйесіне тигізетін әсері үлкен болмақ. Білім алушылардың құзы-

реттілігінің сипаттамасы оның көпқырлы, көпқұрылымды болмысын көрсетеді. Құзыреттілік – пән бойынша алынған білім мен білік-дағдының жиынтығы емес. Бұл – білім алу, оқу барысында оқушының түрлі ақпараттармен жұмыс жасау әдістерінің арқасында және ол білімді өмірде қолдануы арқасында топтастырыла жинақталған жаңа бір сапалық қасиеті болып табылады.



3-сызба. Қазақ тілін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту бағытында оқытуды ұйымдастыруда сабақтың түрлері

Бұл мәселе туралы арнайы қарастырылуы керек. Дегенмен де, атап кететін мәселе бар. Ол – оқушы білімін бағалаудың жаңа түрлері оқушының репродуктивтік білімін емес, оның өз бетімен болашақта өз өмірінде және басқалар үшін қолданбалы маңызы бар өнім тудыра алатын біліктілігін бағалайтын жүйе ретінде қалыптасып келе жатқандығында.

Оқытудың жаңа технологиялары оқушыны білім алу-білім беру үдерісінің

маңызды орталық нүктесі ретінде танып, өз бетімен білім ізденуіне мол уақыт пен мүмкіндіктерді қарастыруда. Осы ретте көп орын оқушының өз оқу іс-әрекетін өзі бағалай алуына беріледі, ондай жаңа жүйе – «оқушының портфолиосы» деп аталады. Сонымен бірге оқушылардың білім алу барысында қол жеткен табыстарын рейтингтік бағалау моделі де жетілдіріліп келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 - 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 25 маусымдағы № 832 Қаулысы
2. Абай. Шығармалар: Т.2 Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер.: - Алматы: Жазушы, 1995. - 380 б.
- 3: Мұқанов М.М. Жас және педагогикалық психология. Алматы: ҚазПИ баспасы, 1982. - 247 б.
4. Құрман Н., Есенова Г. Қазақ тілінен коммуникативтік жаттығуларды қолдану әдістемесінің ғылыми-әдістемелік негіздері. – Ақтөбе, 2010.
5. Құрман Н. Қазақ тілін оқытудың әдіснамалық негіздері: монография. - Астана: Сөздік-Словарь, 2008. - 157 б.

ӘОЖ 372.893

**ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫН ЕКІНШІ ТІЛДЕ ОҚИТЫН
7-СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ПӘН МЕН ТІЛДІ КІРІКТІРЕ ОҚЫТУ ӘДІСІ
АРҚЫЛЫ ҚАЛАЙША ЭССЕ ЖАЗУҒА DAҒДЫЛАНДЫРУҒА БОЛАДЫ?
(ӘРЕКЕТТЕГІ ЗЕРТТЕУ ТӘЖІРИБЕСІНЕН)**

Е.Ө. Шагимолдин

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Аңдатпа. Автор Қазақстан тарихын екінші тілде оқытын 7-сынып оқушыларына эссе жазу дағдыларын қалыптастыруды зерттеген. Шетелдік ғалымдардың тәжірибесі негізінде, қазақстандық оқушылардың қажеттіліктеріне сай, жеке өзіндік әдістерін ұсынған.

Аннотация. В статье исследуются навыки по формированию написания эссе у учащихся 7 классов, которые изучают историю Казахстана на втором языке. Автор, рассмотрев зарубежный опыт преподавания предмета на втором языке, предлагает свою личную методику.

Abstract. The author of this article discusses the ways of building essay writing skills of the 7th grade students that are studying the History of Kazakhstan in the second language. Having considered the international experience of teaching the subject in a second language, offers his personal technique.

Тірек сөздер: Қазақстан тарихын екінші тілде оқыту, кіріктірілген білім беру бағдарламалары, эссе жазуға дағдыландыру.

Ключевые слова: преподавание истории Казахстана на другом языке, интегрированные учебные программы, формирование навыков написания эссе.

Keywords: the teaching of the History of Kazakhstan in another language, integrated curricula, development of skills of essay writing.

2012-2013 оқу жылында Назарабев Зияткерлік мектептерінде Кіріктірілген білім беру бағдарламалары ендіріле бастады. Ол үш тұғырлы тіл саясаты және бір пәнді басқа пәндермен кіріктіре оқыту қағидасы негізінде құрылды.

Кіріктірілген білім беру бағдарламасы әлемнің жаһандану процесі мен ақпараттық қоғамның қажеттіліктерін қағанаттандыруға бағытталған. Ол отандық

білім беру жүйесін халықаралық білім беру жүйесіне сәйкестендіруге және әлемдік деңгейде қайта құруды көздейді. Бұл орта білім беру жүйесіне күрделі өзгерістер енгізіп, жаңа форматтағы қазақстандық азаматтарды қалыптастыруға бағытталған.

Отандық орта білім беру жүйесін халықаралық стандарттарға сәйкестендіру негізінде, қазақстандық оқушылардың шетелдің жоғары оқу орындарына түсуіне

және әлемнің кез келген бөлігінде жұмыс жасауына жағдай жасайды, бәсекелестік қабілеттігін арттырады.

Қазақстан тарихы пәні Кіріктірілген білім беру бағдарламасы бойынша қазақ тілінде жүргізіледі. Бірінші оқу тілі – қазақ тілі болып табылатын сыныптарда пәннің оқу мақсаттарына қол жеткізуде, тек қана пәннің мазмұнын ғана оқыту жүзеге асырылады. Ал қазақ тілі – екінші тіл болып табылатын сыныптарда пәннің оқу мақсаттарына қол жеткізу үшін пән мазмұнымен қоса, тілді де оқыту қажеттілігі туындайды.

Қазақстан тарихын екінші тілде оқитын оқушыларды оқыту кезінде пән мазмұнын тереңдете оқыту үшін, алдымен тілді тереңдете меңгерту өзекті мәселеге айналды. Мұғалім Қазақстан тарихы пәні мазмұнын оқытуға қанша тырысса да, тілді меңгермегенше, мазмұнды меңгере алмайтыны түсінікті. Мұғалім бұл процесті соза берген жағдайда, тек қана уақытты ғана жоғалтып алатынын ертелі-кеш түсінеді. Бірақ Қазақстан тарихы пәнінде тек қана тілді оқытсақ, оқушы тоқсан соңында жүргізілетін жиынтық бағалауда төмен баға алатыны сөзсіз. Осы жағдайларды ескере келе, Қазақстан тарихын екінші тілде оқитын оқушыларды оқытуды қалайша жүзеге асыруға болады? – деген заңды сұрақ туындайды.

7-сынып оқушыларында пән бойынша қарапайым академиялық тілді айтпағанда, пән тілі бойынша қарапайым тілдік дағдылардың қалыптаспауы, оқытудың жаңа методикаларын іздестіруге ынталындырады. Сондықтан Қазақстан тарихын екінші тілде оқитын 7-сынып оқушыларын сәтті оқыту үшін әрекетте зерттеу жүргізуге деген сұраныс пайда болып, оның жоспары қалыптастырылды.

Жоспар мына кезеңдер бойынша әртүрлі сұрақтар арқылы жүргізуді көздейді:

Бірінші және екінші тоқсанда, Қазақстан тарихын екінші тілде оқитын 7-сынып оқушыларында пән бойынша базалық сөздік қорды қалайша қалыптастыруға

болады? Тілдік мақсаттарды қандай жолдармен құрастырғанда, пән мазмұнын оқытуға қолдау жасайды? Қандай әдістер оқушылардың сөйлеу дағдыларын қалыптастыруда тиімді болып табылады?

Үшінші және төртінші тоқсанда, эссе жазуға қалайша дағдыландыруға болады?

Оқушыларды эссе жазуға дағдыландыру өте күрделі процесс болып табылады және ол бірнеше сатылардан тұрады. Эссе жазғанда, оқушы талдауға, қорытынды жасауға дағдыланып, жаңа тұжырым ұсынуы керек. Ең жақсы эссе – бұл оқушының зерттеуі ұсынылған эссе болып табылады.

Эссені жазу 7-сыныптан басталып, емтихан тапсырғанға дейін, кезең-кезеңмен жүргізіледі. Эссені жазуды дағдыландыру оқушының жас ерекшелігіне сәйкес жүргізіледі. Мәселен, 7-сыныптың бірінші тоқсандарындағы эсселеріне назар аударсақ, онда негізінен баяндау болып келеді.

Қазақстан тарихын екінші тілде оқитын 7-сынып оқушыларына одан артық талап қою мүмкін емес, өйткені алдымызда пән бойынша қарапайым академиялық тілін былай қойғанда, пән тілі бойынша қарапайым тілдік дағдылары қалыптаспаған оқушылардан талдауды талап ету мүмкін емес. Алайда, бұл пән бойынша пәндік дағдыларды меңгеруді кейінге шегере беруге болады деген сөз емес. Үшінші және төртінші тоқсанда, пән бойынша дағдыларды қалыптастыра бастаған дұрыс. Үшінші тоқсандағы қалыптастырушы бағалауды және ішкі жиынтық бағалауды қарастырғанда, бірқатар мәселелер анықталды.

Оқушылардың үшінші тоқсанда жазған ішкі жиынтық бағалаудың төртінші тапсырмасында «Қазақ халқының қалыптасуы заңдылық па?» тақырыбында 70-100 сөзден тұратын эссе жазу тапсырмасы берілді. 7-сыныптың екінші тілде оқитын оқушылардың 30-дан астам эссесі оқылып, оның үшеуі мысал ретінде келтірілді.

Оқушы	Эссе мазмұны
А23	<p>«Мен ойлаймын. Қазақ халқының қалыптасуы үлкен бөлігінде заңдылық болмады. Қазақ халқының ата-бабалар түріктер болды, және олар европиоидтік rassасы болды. Бірақ қашан монғолдар біздің жерлер бағындырды, бізде монғолоидтік rassасы қосылды. Және орта ғасырларда Орта Азияда көп соғыстар болды, сол себептен қазақ этносы өте ақырын құрылды. Мысалы, Әмір Темірдің соғыстар біздің жерлер әлсіреді. Біздің жерде көп ішкі күрестер болды, және қашан Әбілқайыр хандығында ішкі күрестер бастады, Керей мен Жәнібек оның хандығынан шықты және Қазақ хандығы құрылды. Біздің жерде өте көп этностар қосты. Сол себептен қазақ халқының қалыптасуы заңдылық болмады».</p>
Б13	<p>«Мен: «Қазақ халқының қалыптасуы заңдылық және заңдылық емес» - деп ойлаймын.</p> <p>Заңдылық, себебі қазақтар: «бізге бірігу керек айтты. Олар бұл әртүрлі мемлекеттерден ойлады.</p> <p>Заңдылық емес, себебі қашан Әбілқайыр хан 1468 жылы Моғолстанға шабуыл жасады, ол өлді. Оның жоспары ешқалай Әбілқайыр хандығына көмектесті, бірақ бұл қазақ халқының қалыптасуына көмектесті.</p> <p>Қорытындыда менің пікірім: «Қазақ халқының қалыптасуы заңдылық емес» - артық ойлаймын. Себебі, егер Әбілқайыр хан оның жолында өлмесе, Қазақ хандығында болашақта болмады» .</p>
Н24	<p>«Қазақ халқының қалыптасуы заңдылық және заңдылық емес. Қазақ халқының қалыптасуы заңдылық, себебі Әбулхаир хан өзі тағыда бір мемлекетті істеуге келеді. Ол мүмкін Қазақстан. Қазақ халқының қалыптасуы заңдылық емес, себебі Абулхаир хандығынан Керей мен Жәнібек кетіп қалды және кеткенде Қазақстан халқысы құрылды».</p>

А23 эссесімен танысып, мынадай қорытынды жасауға болады:

Оқушы сабақта танысқан білімін ғана емес, қосымша дайындалып, жаңа материалдарды келтірген. Ол Қазақ халқы қалыптасуын ертеден бастағысы келеді, ал монғолдар шапқыншылығын қазақ халқы қалыптасуына кері ықпал ететін фактор ретінде қарастырады, сондықтан қазақ халқының XV ғасырда қалыптасуын заңдылық емес, оның заңды қалыптасуы ертеде қыпшақ дәуірінде жүрді деп есептейді. Оның ойынша, монғол шапқыншылығы түркі мемлекеттерінің құлдырауына әкелді. Эссенің басында монғолдардың қазақ халқы қалыптасуына әсері болғандығын жасырмайды, бірақ олардың әсерін кері әсер ретінде бағалайды. Сондықтан болса керек, ол қазақ халқының XV ғасырда қалыптасуын заңсыздық, XII ғасырда қалыптасуын тиісті процесс ретінде

қарастырады. Эссені оқи отырып, оқушы эссе тақырыбынан біршама ауытқып кеткенін байқаймыз, өйткені оқушы қазақ халқы қалыптасуының себептерін емес, қазақ халқы қалыптасуына кері әсер еткен себептерді қарастырған, сонымен қоса оқушыда жеке пікірін айту және жеткізу, өз пікірін айғақтар келтіре отырып делелдеуде жүйелілік сақтамаған.

Н24 эссесіне сараптама жасағанда, мынадай тоқтам жасауға болады:

Оқушы екі жақты пікірді ұстанады. Бұл оқушының осы сұрақтың аясында ойланғанын көрсетеді, сонымен қоса ол осы екі жақтың да негізді екенін дәлелдейтіндей айғақтар ұсынуға тырысқан. Бірақ оқушы өз пікірін дәлелдейтін әлді айғақтар мен фактілерді қолдана алмаған. Оның үстіне эссенің қорытындысы да жоқ. Осыған қарағанда, 7-сынып оқушыларында жеке пікірін дәлелдеу және қорытынды жасауға дағдыландыру қажеттілігін көрсетеді.

Б13 эссесімен танысқанда, мынадай түйін жасауға болады:

Н24 сияқты екі жақсы пікірді ұстанады. Жоғарыда атап көрсеткендей, бұл оқушы осы тақырып аясында ойланғанын байқаймыз. Н24 қарағанда, бұл оқушы қорытынды жасаған, өз пікірін дәледеу үшін айғақтар келтіріп, оның негізділігін ашып көрсеткен. Бірақ оқушы жағдайға баға беруге дағдыланбаған, заңдылығы басым ба немесе заңсыздығы басым ба?

Үш эссені қарастыра келе, мынадай өзекті мәселелер анықталды:

Біріншіден, оқушылар эссе жазғанда, тақырыптан ауытқып кету жағдайлары байқалады.

Екіншіден, оқушылар жеке пікірлерін дәлелдеудің сөйлемдік құрылымдарын қолданғанмен, жеке пікірлерін дәлелдеу үшін әлді фактілер мен айғақтарды келтіруге дағдыланбаған.

Үшіншіден, оқушылар эссе жазғанда, баға беру дағдысы қалыптаспаған.

7-сыныптың үшінші тоқсанында жазған эсселерді талдай келе, анықтаған өзекті мәселелерді шешу үшін бірқатар әдебиеттер қарастырылды. Осы мәселелерді шешу үшін халықаралық тәжірибелерден Liz Dale, Wibo van der Es, Rosie Tonner

«Пән мен тілді кіріктіре оқыту дағдылары» деген еңбекті [1], Роженцева Маргарита Владимировнаның «Қоғамтану бойынша эссе жазу технологиясы» [2] деген мақаласын атап айтуға болады.

7-сынып оқушыларын эссе жазуға дағдыландыру үшін сатылы сұрақтар қоя отырып, өз көзқарасын айғақтар мен фактілер негізінде дәлелдеуге дағдыландыру мақсаты қойылды.

Төртінші тоқсанда эссе жазуға дағдыландыру мақсатына қол жеткізу үшін Батыс Еуропа әдіскерлерінің еңбектеріндегі методикалар қарастырылып, 7-сынып оқушыларының қажеттіліктеріне сәйкес төмендегідей сабақ жоспары құрылды.

Сабақтың қызығушылығын ояту және оқушылардың жаңа тақырып бойынша білімдерін тексеру мақсатында «Керей және Жәнібек хандар қандай хандар еді?» деген тақырыпта түйін жазуға тапсырма берілді. Осы тапсырма негізінде оқушылардың бастапқы білімдері анықталып, жаңа тақырыпқа деген қызығушылықтары оятылады.

Оқушылардың жұмыстарына назарымызды аударсақ:

Оқушы	Түйін
A23	<i>«Олар Қазақ хандығының негізі қалды. Олар ақылды, әділді, батылды болды. Керей мен Жәнібек Әбілқайыр хандығынан кетіп қалды, себебі Әбілқайыр хандығында әрқашан соғыстар болды. Олар ұлы адамдар».</i>
B13	<i>«Мен: «Керей мен Жәнібек адал, ұлы адамдар болды.» Олар қазақ хандығының негізін қалаушы. Керей, Жәнібекпен Әбілқайыр хандығынан бөлініп, Моғолстанға кетіп алады, өзін мемлекет жасады. Менің ойымша: «Бұл жанкешті қылық. Олар әрқашан халық көріп ойлады».</i>
H24	<i>«Керей мен Жәнібек Қазақ хандығын құрды. Керей Қазақстан хандығында хан болған. Ол өзі соғысқа және жаңа жерлерді басуға келмеді. Олар екеуі бейбітшілікте өмір сүруге келді. Жәнібек сондай-ақ Керей сияқты болған».</i>

Қызығушылығын ояту кезеңіндегі тапсырма барысында оқушылардың Керей мен Жәнібек ханның Қазақ хандығының негізін қалаушы екендігін біліп қана қоймай, екі хан туралы түсініктері қалыптасқанын көреміз. Оқушылар сұрақ қоюарқылы тапсырманы орындағандықтан,

олардың тақырыптан ауытқығанын байқамаймыз, осы тапсырманы орындағаннан кейін, оқушыларға үшінші тоқсан жиынтық бағалаудың эссе тапсырмасын орындағанда, тақырыптан ауытқушылық болғандығын, сондықтан тапсырмаларды орындағанда, тапсырманы

мұқият оқып танысуын ескертіңіз. Бұл оқушылардың жетістіктері деп есептесек, оқушылар өз көзқарастарын дәлелдеу керектігін білгенмен, келтірген фактілері мен көзқарастары арасында байланыс аздау және жүйелілік сақталмайды. Оқушыларға өзінің көзқарасын білдіруде және эссе жазғанда, мынадай сөйлем құрылымдарын қолдану туралы ұсыныс жасаңыз. Ой аяқталмаған сөйлем құрылымдарын қолданудың маңызын түсіндіріп беріңіз.

7-сынып оқушыларына «Керей және Жәнібек қандай хандар еді?» деген сұраққа мынадай құрылымдағы сөйлемдер үлгі ретінде ұсынылды:

«Керей мен Жәнібек өте шебер дипломат хандар еді, өйткені олар Моғолстан билеушісі Есенбұға ханмен келіссөздер жүргізіп, нәтижесінде Жетісу жеріне көшіп кетті».

Оқушыларға сөйлемнің бірінші бөлігінде, жеке пікір берілгендігі, ал оның келесі бөлігінде фактілер келтіру арқылы осы ойдың дәлелденіп тұрғанын айтып түсіндіру керек. Оқушыларға өз көзқарастарын білдіргенде, осы құрылымдық сөйлемді ескерулерін

сұраңыз.

Оқушыға эссе жазудың дағдыларын қалыптастыруда қойылатын сұрақтардың сапасы да ерекше рөл атқарады. Оларды орнына қарай және қарапайымнан күрделіге қарай қоюдың маңызын ұмытпағанымыз дұрыс.

Сабақтың жаңа материалды игеру бөлімінде, сұрақтарды мына бағытта құрғанымыз тиімді болып келеді:

Алдымен жеке пікірін айтуды бекітуге бағытталған сұрақтар, екіншісі жеке пікірін айтуда бірнеше дәлелдер келтіре отырып, дәлелдеуге бағыттау және баға беруге бағытталған сұрақтар тізбегі негізінде жүргізуге кеңес береміз. Сұрақтарды осы тізбекте қою арқылы сіз тапсырмаларды дифференциялауға қол жеткізесіз.

Сабақтың жаңа материалды игеру бөлігінде мына сұрақтар қойылды:

1. Керей мен Жәнібек хандар билікқұмар хандар ма?
2. Керей мен Жәнібек хандар халық көңілінен шықты ма?
3. Керей мен Жәнібек қаншалықты дипломат хандар болды?

Сабақ барысындағы оқушылардың жауаптарына назар аударсақ:

Оқушы		Түйін
A23	Бірінші сұрақ	<i>«Керей мен Жәнібек хандар билік құмар хандар болмады, өйткені дәстүрде жазды: біріншіден үлкен баласы хан болады, сол себептен біріншіден Керей, ал екіншіден Жәнібек хан болды».</i>
	Екінші сұрақ	<i>«Керей мен Жәнібек хандар халықтың көңілінен шықты, өйткені олар экономикасы және өмір деңгей көтерді, және олар тұрақтылық арналған реформалар істеді».</i>
	Үшінші сұрақ	<i>«Керей мен Жәнібек дарынды дипломат хандар болды, өйткені соғыстан кейін олар ойлады, және дипломат жолымен қалалар бөлінді».</i>
B13	Бірінші сұрақ	<i>«Менің ойымша: олар құмар хандар болған жоқ, себебі олар бірге басқарды. Керей хан болды, ал Жәнібек ақылдасар».</i>
	Екінші сұрақ	<i>«Менің ойымша: «Керей мен Жәнібек халықтың көңілінен шықты, себебі Дешті Қыпшақ даласында көшпелі шаруашылығында пайдаланды, қазақ тайпаларының басын қосып, қазақтың этникалық аумағын кейту».</i>
	Үшінші сұрақ	<i>«Менің ойымша: Керей мен Жәнібек жақсы, ақылды дипломат хандар болған, себебі олар Моғолстан патшасымен жер туралы келісті, күшті. Шайбанилермен көпшілікті шайқасты, ал сосын бітім жасады».</i>

Н24	Бірінші сұрақ	<i>«Керей тәртіп және мұрагерлікпен қатар болды, себебі хан осындай болуға керек».</i>
	Екінші сұрақ	<i>«Керей мен Жәнібек хандар халықтың көңілінен шықты, өйткені олар өзінің халықтың туралы қамын жеді».</i>
	Үшінші сұрақ	<i>«Керей және Жәнібек шебер дипломат болды, өйткені олар Абулхаир ханмен соғысқанда Керей мен Жәнібек олардың ішкі және сыртқы қайшылықты біліп жүргізді».</i>

«Керей және Жәнібек билікқұмар хандар болды ма?» деген сұраққа Н24 оқушы сөйлем құрылымын сақтай отырып жауап берген, алайда өз көзқарасын дәлелдеу үшін айғақтар келтермейді, тек ханның осы қасиетке ие болу міндеттілігіне ғана жүгінеді. Ойы аяқталмаған сөйлемдік құрылымды қолданғанмен, жеке көзқарасын толық дәлелдей алмаған.

Б13 оқушы сөйлемдік құрылымды қолданған, жеке көзқарасын дәлелдеу үшін айғақ келтірген. Бұл оқушының эссе жазу дағдысы қалыптасып қалғанын және жеке пікірін дәлелдеу жолдарын меңгергенін көрсетеді.

А23 оқушы сөйлемдік құрылымды қолданған, жеке көзқарасын дәлелдеу үшін айғақтар келтіріп, билік үшін күрестің болдырмау жолдары қолға алынғанын көрсеткен. А23 оқушы Қазақ хандарының арасында билікті алмастырудың заңдылық негізі қалыптасқанын және осы негізде билік алмасып отырғанын, билік үшін күрестің алдын алғанын алға тартып айтып отыр. Қазақ хандары Керей мен Жәнібектің бейбіт жолмен билік алмасуын қамтамасыз етіп, оның заңдылық негізін қалауын хандардың жетістігі ретінде дәлелдеп отырғанын байқаймыз.

«Керей мен Жәнібек хандар халық көңілінен шықты ма?» деген сұраққа Н24, Б13 және А23 оқушы сөйлем құрылымдарын қолданып, жеке көзқарасын екі факті келтеріп дәлелдеген.

Бұл Н24 үшін өте үлкен жетістік, оқушы дәлелдеудің әдісін меңгеріп, түйіннің негізгі мәнін түсінгенін байқаймыз.

Б13 оқушы Керей және Жәнібек хандардың ішкі саясатындағы рөлі мен экономиканы дамытудағы рөлін көрсету арқылы дәлелдесе, А24 оқушы олар Қазақ

хандығына түбегейлі өзгерістер енгізу арқылы халықтың өмір салтын өзгерту арқылы қол жеткізгенін айтып отыр. Осы тапсырманы орындау барысында оқушылар жеке пікірлерін әртүрлі аргументтер мен фактілерді келтіре отырып, дәлелдей түсуге дағдыланды және ой аяқталмаған сөйлем құрылымдарын пайдалануға жаттықты.

«Керей мен Жәнібек қаншалықты дипломат хандар болды?» деген тапсырманы орындағанда, оқушылар қазақ хандарына баға берулері керек еді. Оқушылар бұл тапсырманы белгілі бір дәрежеде орындай алған, себебі А23 оқушы «дарынды», Б13 «ақылды», Н24 «шебер» сөздерін қолданған. Бірақ оқушылардың тапсырманы орындауда берген бағасына сәйкес олардың тұлғасын ашып көрсетуге дағдыланбағандығын, жаттығуды қажет ететінін көрсетеді. Мұғалім тапсырманы бергенде, өзінің нұсқаулығына баса назар аударғаны дұрыс. Бұл оқушылардың тапсырманы талабыңызға сай орындауын кепілдендіреді. Тапсырманың нұсқаулығын жүргізгенде, сұрақтардың арасындағы ерекшеліктері туралы сұрастырып, баға беретін сөздерді бір тізіп шықсаңыз, оқушылардың тапсырманы сапалы орындауына қолдау жасайсыз. Оқушыларға осы мазмұндағы тапсырманы эссе қорытындысын жазғанда қолдану туралы кеңес беріңіз.

Сабақ соңында сыныптың алған білімін тексеру үшін сабақта қызығушылығы ояту кезеңінде қойылған сұрақты қайта қоюға кеңес береміз. Осы арқылы Сіз сабақтың басында және сабақтың соңындағы оқушылардың білімін және меңгерген дағдыларын тексере аласыз.

Әрекеттегі зерттеу барысында, алдымен оқушылардың тарих пәні эссесінің маңызын арттыратын жоғары сапалы сөйлем құрылымдарын қолданудың және өз көзқарасын дәлелдеп жазудың жолдары оқытылды. Эссенің қорытындысын жазып үйрету үшін баға

беруге бағытталған сұрақтар қоюға дағдыландыру әдістері қолданылды. Осы әдістер арқылы екінші тілде оқитын 7-сынып оқушыларын Қазақстан тарихы пәні бойынша эссе жазудың қарапайым дағдыларын меңгерудің мүмкіндіктерін береді деп қорытындылаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Liz Dale, Wibo van der Es, Rosie Tonner «Clil Skills». Universiteit Leiden, 2010. – 92-93 б.
2. Роженцова М.В. Технология написания эссе по обществознанию / <http://festival.1september.ru/articles/589616/>

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРАКТИВНЫХ КОМПЬЮТЕРНЫХ МОДЕЛЕЙ ПРИ ИЗУЧЕНИИ ПОНЯТИЯ «ОТНОСИТЕЛЬНОСТЬ МЕХАНИЧЕСКОГО ДВИЖЕНИЯ»

П. Л. Гращенко

НПЧУП «Инфотриумф», г. Минск, Беларусь

Д.В. Жвалевская, Л.А. Исаченкова

Национальный институт образования, г. Минск, Беларусь

Аңдатпа. Мақалада 7-сыныптағы физика пәнінің «Механикалық қозғалыс» бөлімін интерактивті модельдерді пайдалану арқылы баяндау мысалы келтірілген. Интерактивті модельдер «салыстырмалық» сияқты күрделі ұғымды түсіндіру және меңгеру барысында қалай жұмыс істейтіні көрсетілген.

Аннотация. В статье приведен пример изложения раздела «Механическое движение» в курсе физики 7-го класса с использованием интерактивных моделей. Также показано, как «работают» интерактивные модели при объяснении и усвоении такого сложного понятия как «относительность».

Abstract. The article demonstrate an example of using interactive models in teaching «Mechanical movement» topic in the course of Physics for 7th grade. This article shows how to use interactive models in explaining and mastering such a complicated theme as «relativity».

Тірек сөздер: білім беруді ақпараттандыру, виртуалды оқыту ортасы, компьютерлік модельдеу.

Ключевые слова: информатизация образования, виртуальная среда обучения, компьютерное моделирование.

Keywords: informatization of education, virtual learning environment, computer modeling.

Одним из ведущих направлений развития современного информационного общества является информатизация образования. Среди всех учебных дисциплин физика – наиболее поддающийся компьютеризации предмет. Уже давно компьютер здесь успешно применяется для облегчения рутинной работы по выполнению расчетов. Информационные технологии можно использовать и для изучения тео-

ретического материала, тренинга, в качестве средства моделирования и визуализации и т.д. Наряду с компьютерным моделированием возник и стал развиваться класс интерактивных моделей. Это уже не только «живая», но и управляемая картинка изучаемой реальности. Использование интерактива, как значимой функции виртуальной среды обучения, позволяет:

- не только наблюдать физические яв-





ления и процессы, но и изменять условия их протекания, обеспечивая деятельностный подход к обучению, ориентированный на развитие ключевых компетенций школьников: мотивации, умения планировать действия, выполнять их и контролировать качество полученного результата;

- с помощью компьютерных программ визуализировать абстрактные физические понятия, изменять в широком диапазоне параметры и условия учебного эксперимента;

- интенсифицировать процессы формирования познавательной самостоятельности учащихся, определяющие успех их учебной деятельности; создавать дополнительные условия для творчества.

Логика курса физики средней школы построена так, что ее изучение начинается с механики. Такая логика вполне оправдана, так как именно в механике вводятся все основные понятия, используемые во всех других разделах физики. В механике учащиеся знакомятся с физическими законами и теориями, их предсказательными функциями, универсальностью многих выводов и обобщений из законов и теорий в применении как к макро-, так и микро-системам. И одним из трудных в усвоении является раздел «Механическое движение». Он менее других обеспечен демонстрационным экспериментом. Поэтому использование в данном разделе интерактивных моделей наиболее целесообразно.

Рассмотрим применение интерактивных моделей при самостоятельном изучении темы «Механическое движение. Относительность покоя и движения» в 7 классе. Электронная версия данной темы учебника дополняется виртуальным экспериментом, использующим интерактивные модели, которые позволяют наглядно и убедительно представить материал учебника. Например, при формировании понятия «относительность движения» и зависимость его характеристик (относительности покоя и движения, траектории) наглядной и продуктивной в плане усвоения этих понятий являются интерактивные модели «Относительность движения».

Кнопки **Берег** и **Плот** дают возможность изменять тело отсчета. Кнопка **Траектория** позволяет сделать траекторию видимой или **Траектория** невидимой. Кнопки  и  определяют тело (мяч, точка пропеллера), траектория движения которого интересует учащегося. Кнопка  или  позволяет изменить быстроту движения мяча или точки пропеллера. Кликнув мышкой на кнопку **Выход**, можно завершить работу с данной интерактивной моделью.

Дойдя по тексту параграфа до понятия «относительность движения и покоя», учащийся с помощью интерактивной модели проводит виртуальный эксперимент. Кликнув мышкой на кнопку **Берег** (рис. 1) определяет телом отсчета берег.




Рис. 1 – интерактивная модель «Относительность движения»: тело отсчета – берег

Учащийся видит, что плот плавает, а деревья, здания на берегу покоятся. Выбирает кнопку **Плот** (рис.2). Теперь плот


– тело отсчета принимается за неподвижное. А берег, деревья, здания движутся, удаляясь от плота.




Рис. 2 – интерактивная модель «Относительность движения»: тело отсчета – плот

Таким образом, наглядно учащийся убеждается, что покой и движение относительны, т.е. зависят от выбора тела отсчета.

Далее по тексту идет знакомство с траекторией движения и показывается ее относительность. В тексте учебника в качестве доказательства предлагается результат наблюдения за движением фликера на ободу колеса велосипеда. Понятно, что опыт с велосипедом реально осуществить в классе нельзя. Относительность траекто-

рии движения доступно и наглядно доказывает виртуальный опыт с той же интерактивной моделью. Учащийся выбирает за тело отсчета **Плот**, за тело движения – точку на пропеллере , траекторию делает видимой **Траектория**.

Изменяя быстроту вращения пропеллера кнопкой **Скорость вращения**  наблюдает траекторию движения точки. Это окружность (рис. 3).




Рис. 3 – интерактивная модель «Относительность движения»: тело отсчета – плот, тело движения – пропеллер

Здесь же он должен сам спланировать виртуальный эксперимент и дать ответ на вопрос-задание.

Вопрос-задание

Убедитесь сами, что вид траектории не

зависит от быстроты вращения пропеллера. Почему? Ответ дайте самостоятельно.


Далее ему следует сделать то же самое, выбрав вместо пропеллера мяч  (рис. 4).



Рис. 4 – интерактивная модель «Относительность движения»: тело отсчета – плот, тело движения – мяч

Из результатов наблюдений учащийся находит ответы на вопросы:

1. Что представляет траектория движения мяча?
2. Как на нее влияет быстрота движения мяча?

Далее учащемуся предлагается повторить виртуальный опыт, поменяв тело отсчета, кликнув на кнопку **Берег**. Траектория мяча теперь представляется сложной кривой (рис. 5).




Рис. 5 – интерактивная модель «Относительность движения»: тело отсчета – берег, тело движения – мяч, траектория движения мяча

Поменяв мяч на пропеллер, учащийся видит, как изменилась траектория движения точки пропеллера (рис. 6).



Рис. 6 – интерактивная модель «Относительность движения»: тело отсчета – берег, тело движения – пропеллер, траектория движения пропеллера

Изменяя быстроту вращения пропеллера, он может наблюдать за изменениями траектории движения точки на нем и сделать вывод о том, что форма траектории тоже относительна.

Использование в учебном процессе интерактивных моделей позволяет реали-

зовать методологическую функцию обучения, т.к. помогает формировать у учащихся опыт исследовательской деятельности – компьютерного моделирования; совершенствовать навыки использования компьютера в учебных целях.

ӘОЖ 82.161.1АБАЙ.06:37.091.31

**ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРДІҢ
9-11-СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН «АБАЙТАНУ»
БАҒДАРЛАМАСЫНДАҒЫ АБАЙДЫ ТАҢУ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Е.А.Омарханов

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

К.І. Баяхметбаева

Астана қаласының білім басқармасы, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада «Абайтану» оқу бағдарламасының мазмұны қарастырылады, Абай шығармаларын оқығандағы өзекті мәселелер көрсетіледі.

Аннотация. В статье рассматривается содержание учебной программы «Абайтану», описываются актуальные проблемы при изучении произведений Абая.

Abstract. The article discusses the content of the curriculum of «Abay-tanu» course and describes the current problems in the study of Abai personality.

Тірек сөздер: «Абайтану» курсы, Абайдың әдеби мұрасы, Абай философиясы.

Ключевые слова: курс «Абаеведение», литературное наследие Абая, философия Абая.

Keywords: the cultural and philosophical heritage of Abai Kunanbayev.

Ұлы Абайдың шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Абайды тану, бағалау, насихаттау, оқыту қоғамдық ой-санада тың серпілістер туғызары анық. Сондықтан заман, уақыт талабына орай Абайды жаңа қырынан тану, ғылыми тұрғыдан тың байламдар жасау, ақынның мұрат-мақсаттарын бүгінгі жастарымыздың санасына сіңіру абыройлы борышымыз болмақ.

Келер ұрпақты елін, жерін сүйетін елжанды, отансүйгіш етіп тәрбиелеу міндеті білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың басым бағыты болып табылады. Сол мақсатқа лайықталып, 9-11-сыныптарға арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнінің бағдарламасы 2012 жылы 27 сәуірде бекітілген «Қазақстанның ішкі саясатындағы идеологиялық менеджментті қайта жаңғырту жөніндегі 2012-2013

жылдарға арналған Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының» 41 және 42-тармақтарына сәйкес әзірленді. «Абайтану» курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітіліп, оқу үдерісіне енгізілді.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-11-сыныптарына арналған «Абайтану» курсы таңдау пәнінің жылдық оқу бағдарламасына 34 сағат бөлінген. Оның 31 сағаты бағдарламадағы материалдарды оқуға, 2 сағаты шығармашылық жұмыстарды орындауға, 1 сағаты оқушылардың пән бойынша алған білімдерін жүйелі түрде қорытындылауға беріледі.

«Абайтану» курсының негізгі мақсаты - Абай Құнанбайұлының қазақ әдебиетінің көшбасшысы ретіндегі құбылыстық сипатын, ақындық әлемін, өлең өнеріндегі қай-

таланбас өзгешелігін, ойшыл, кемеңгерлігін танытуға бағытталған.

Курсты оқытудың міндеттері:

– қазақ сөз өнеріндегі Абайдың орны мен ақындық болмысын тану;

– Абайтанудың кезеңдерін саралап, шығармашылығындағы тұлға концепциясына қатысты өзекті мәселелерді айқындау;

– Абайдың шығыс пен батыс әдебиетін терең меңгеруінің мәні мен маңызын жан-жақты ашу;

– ұлы ақынның өмірбаяндық тың деректеріне сүйене отырып, қазақ әдебиетіндегі көшбасшылық орнын көрсету;

– ғұлама ойшылдың философиялық ақыл-нақыл сөздерінің мән-мағынасын ашып, тәлімгерлік тағылымын сөз ету;

– ақын шығармаларындағы ғылым, білім, ақындық өнер, елдік мәселелердің маңыздылығын түсіндіру;

– ақынның қоғамдық құрылыс, азаматтық көңіл күй, тарихи таным үрдісі туралы жазған ғылыми-философиялық трактаттарындағы көзқарастарымен таныстыру;

– Абай шығармаларын оқып-білудің өзектілігін, Абайтану ғылымының мол мұрасы – қазақ өмірінің тарихи факторы іспеттес екендігін ұғындыру;

– қазіргі Абайтанушы ғалымдардың ақын шығармаларын зерттеу, жинақтау, жариялау, насихаттау турасындағы жұмыстарынан хабардар ету;

– ақынның көркем-әдеби туындыларындағы ұлттық таным мен рухани, мәдени құндылықтарды оқушылардың бойына сіңіру және ақын идеяларын күнделікті тұрмыста басшылыққа алуға тәрбиелеу;

– Абай шығармашылығындағы толық адам тұжырымын айқындау;

– Абайдың ақындық мектебі, поэзиясындағы дәстүр мен жаңашылдық ұғымының мәні мен маңызын рухани кемелдік танымы тұрғысынан таныту;

– Абай және қазіргі қазақ әдебиетінің рухани байланысын ғылыми негізде пайымдау;

– ақын қарасөздерінің, өлеңдерінің, поэмаларының, аудармаларының, ән мен

күйлерінің мазмұны адамгершілікті, имандылықты, махаббатты, достықты, әділеттілікті, татулықты, бірлікті жырлайтындығын келер ұрпаққа үлгі-өнеге ету» [1].

Аталмыш курста ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, Абайтану мәселелері, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, поэмалары және поэзияға қойған биік мақсаттары топтастырылып берілді. Абайдың шығыс пен еуропа, орыс әдебиеті классиктерінің туындыларымен жете танысуы, оның шығармашылық, ақындық өнеріне игі ықпалын тигізіп, поэзия мен қарасөз жанрында теңдессіз дүниелер тудырғанын шәкірттердің санасына жеткізу. Абайдың әдеби мұрасы дүниежүзі халықтары әдебиетінің алтын қорына қосылған жәдігер туындылар екендігін жас буын ұрпаққа үлгі-өнеге ету. Мектеп оқушыларына Абай шығармашылығының ұлттық әдебиетіміздің өркендеуіне жасаған идеялық-көркемдік ықпалын жан-жақты саралай отырып терең ғылыми негізде ұғындыру. Абайтанудың тарихи, ғылыми құнды нәтижелерін терең танып, білуге баулу.

9-сыныпта жас ерекшеліктеріне қарай берілген Абай шығармаларының мазмұны 10-11-сыныптың «Абайтану» курсының оқу бағдарламасында кеңейтіліп, спираль тәріздес дамытылып берілген. 9-сыныпта Абайдың өмірі, Абай ақындығының бастаулары, Абай шығармаларындағы шығыстық сарындар, Абай және орыс, батыс әдебиеті, Абай мұрасының орыс және өзге тілдерде танылуы, Абайтану мәселелері, Абай шығармаларындағы ғылым, білім тақырыбы, Абай танымындағы ән мен күй, поэмалары берілген. 10-11-сыныпта Абай мұрасының ХХ ғасырдың отызыншы-алпысыншы жылдарындағы зерттелу жайы, қазіргі абайтанудағы өзекті мәселелер, өнер, білім, қоғамдық құрылыс, тарих, ел, махаббат, азаматтық көңіл-күй, сыншыл, сатиралық мазмұндағы шығармалары, ақын шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану туралы философиялық ойлары, қарасөздері, өлеңдері және аудармалары, поэмалары топтастырылып берілді. Абайдың талантты ақын

шәкірттерінің шығармашылығына да көңіл бөлінді. Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударылды.

Жалпы орта білім беретін мектепте қазақ әдебиеттану ғылымының бір саласы Абайтануды оқытудың маңызы екені белгілі. Абай өлеңдері мен қарасөздерінің тәрбиелік мәні зор, идеялық деңгейі жоғары. Абай көтерген мәселелер бүгінгі күні де маңызды, өзектілігін еш жойған жоқ. Абай – адамзат ақыл-ойы мен ақындығының ірі тұлғасы. Абай ең алдымен кемеңгер ойшыл ақын, хакім. Әдебиеттану саласы бойынша көптеген ғалымдар Абайды тануға айтарлықтай үлестерін қосты. Қазақ әдебиеттану ғылымының тәуелсіздік кезеңінде Абай мұрасына белгілі Абайтанушы ғалымдар сүбелі еңбектер арнады. Абай шығармаларын оқыту әдістемесіне де арналған біршама еңбектерде жарық көрді. Қ. Бітібаеваның «Мектепте Абай шығармаларын оқыту», Ұ. Әбілдаұлының «Абайды оқу әліппесі: (Төменгі сынып оқушыларына ұлы ақынды таныстыру)», М. Жүсіповтің «Орта мектептегі Абайтану және оның негізгі бағыттары», Н. Омашевтің «Абайтануды оқытудың тиімділігі», З. Қазмағамбетованың «Ақын шығармаларын оқыту», Т. Рахметованың «Бастауыш кластарда Абай шығармаларын оқыту» т.б. еңбектерін атап өтуге болады.

Жалпы білім беретін мектептің 9-11-сыныптарында Абайтану курсы оқытудағы мақсат не? – деген сұрақ туындауы мүмкін. Біріншіден, қазақ әдебиеті пәнінде Абайдан басқа да тұлғалар, әдебиеттің кезеңдері оқытылады. Екіншіден, оқу бағдарламасындағы оқуға берілген сағат саны ақын әлеміне терең бойлауға, Абайдың хакімдігін тануға мүмкіндік бермейді. Сондықтан ұлттың идеологиясы, хакім Абайдың мұрасын оқып, «толық адам» болуға ұмтылу үшін «Абайтану» таңдау курсы оқытудың маңызы ерекше. Бүгінгі жеткіншек ұрпақ арасында Батысқа еліктеп, халықтық салт-дәстүріміз бен ата-бабамыздан келе жатқан ұлттық тәрбиеден алыстап бара

жатқандардың жиі кездесіп қалатыны жасырын емес. Осындай жағымсыз құбылыстан құтылудың рухани жолы ұрпақты Абайдың әдеби мұрасы арқылы тәрбиелеу болып табылатыны сөзсіз. Мақалада Абайтанушы ғалымдар М. Мырзахметұлы мен Т.Жұртбайдың еңбектерін басшылыққа ала оқыту қажеттілігі көрсетілген.

Абайтанушы ғалым М.Мырзахметұлының: «Қазақ халқының ой-санасының, дүниетанымының шыңы Абайдың әдеби мұрасында жатыр. Жастардың адамгершілік мінез-құлқын, адами қалпын қалыптастыруда Абайтану ілімі іргетасқа айналып отыр. Осы себепті, ең алдымен, Абай мұрасын меңгеру, терең танып білу - бүгінгі күннің аса қажетті мәселесі», деген ойлары дәлел [2]. Қолданыстағы негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11-сыныптары үшін «Абайтану» курсының типтік оқу бағдарламасында Абай мұрасының XX ғасырдың 30-60 жылдарындағы зерттелу жайы қарастырылған және ақынның өмір жолынан, туып-өскен ортасы мен әдеби мектебі, тәлім-тәрбиелік мәні зор қарасөздері, өлеңдері, аудармалары мен поэмалары, поэзияға қойған биік мақсаттары, қазіргі Абайтанудағы өзекті мәселелер топтастырылып берілген. Абай шығармашылығындағы тұлға болмысы, толық адам танымдарының идеялық-көркемдік ұстаным негізіндегі байламдарын байыпты бағдарлауға назар аударыла отырып, Абайдың талантты ақын шәкірттерінің шығармашылығына көңіл бөлінген. Абайды тану, оның шығармаларын меңгеру арқылы өмірде өз қажетіне дұрыс қолдана білу – әрбір азаматтың парызы десек, оны оқып-үйрену, жан-жақты талдай білу, Абай тереңіне үңіле білу де бүгінгі ел боллашағының міндеті болмақ. Әр адамның іздегенін табатын, оны өміріне тірек ете алатын, бағыт-бағдарын айқындай алатын қуат күші де осы Абай шығармаларында. Уақыт та, қоғам да ұлы Абай философиясын қажет етіп отырған шақта ұрпаққа ақын тағылымын үлгі ету, үйрету, өміріне азық етерлік білім беру – қазақ әдебиеті пәні мұғалімдерінің мақсаты мен мұраты.

«Абайтану» курсы бағдарламасы мұғалімдерді оқушылардың адамгершілік сезімдері мен бағдарларын Абай шығармалары арқылы дамыту жұмыстарын жүзеге асыру кілттерін, тетіктерін табуға бағыттайды. Ол өз негізінде жас ұрпақты Отанды сүю, елжандылық, азаматтық рухта тәрбиелеу құралы да болып саналады. Абай мұрасы – адамды адам етіп тәрбиелеудің, жан-жақты дамыған тұлға қалыптастырудың қайнар бұлағы.

Абай нәр алған үш арна халық ауыз әдебиеті, шығыс әдебиеті, орыс және батыс әдебиеті. Ақынның нәр алған рухани қазына көздерінің дүниетанымының қалыптасуына ықпалын айқындау мәселелеріне қатысты Абайтануда түрлі қайшылықты пікірлер болғаны мәлім. Ол, әсіресе Абайдың Шығыс руханиятымен терең тамырлас арналарын дұрыс бағалауға мүмкіндік бермеген кеңестік идеология салқынынан айқын танылды. Абайтанушылар назары Абай көзқарасының қалыптасуы мен шығармашылығын зерттесе де, ақынның рухани нәр алған қазына көздерін тереңірек ашуға бара бермеді. ...«Абайдың көзқарасының қалыптасуына идеялық ықпал еткен шешуші идеялық құбылыс орыс мәдениеті тереңірек те нақтырақ зерттеліп, қазақ халқының рухани мұралары бірсыдырғы сөз етілсе де, ақынға белгілі дәрежеде ықпал еткен Шығыс мәдениеті, негізінен, зерттеусіз, қозғаусыз қала берді» [3] – деуінен көп дүниені аңғаруға болады.

Абайдың дүниетанымының қалыптасуында шығыс мәдениетінің ықпалы зор болған. Кеңес заманында бұл тақырып жабық болды. Абайтанушы ғалым М. Мырзахметұлы «Абайды баяғы ескі кеңестік стереотиптік сарынмен оқытуға болмайды. Оған бұдан былайғы жерде жол берілмеу керек. Біз осы күнге дейінгі пайдаланып келген оқулықтарда Абайды атеист, материалист етіп көрсеткенбіз. Кеңестік саясатқа байланысты барлық буын Абайды осылай таныды. Бүгінгі уақыт басқа, дү-

ниетаным өзге, олар тәуелсіз санаға қарай бейімделу үстінде. Абайды жаңаша қырынан танып, тәуелсіздік рухы тұрғысынан бағалайтын сәт туды деп ойлаймын» [4] - деген еді. Сондықтан бағдарламаның 11-сыныбында «Алла мінсіз әуелден, пайғамбар хақ» деген тақырыпта арнаулы қамтылған ақын шығармаларындағы исламдық дүниетаным және Алланы тану туралы философиялық ойлары, Абайдың діни танымы, «Толық адам» философиясы, Абай іліміндегі «Хауас» мәселесіне жеке тоқталып, талдауды мақсат еттік.

Мекемтас Мырзахметұлының «Әрбір қазақ Абайды білуі керек. Абайды білсе, күйбең пенделік жолдан қайтады. Қазір пенде болып жатырмыз ғой, тек қарын тойдыру, киім киіну одан басқа ойымыз жоқ. Ал ол тояды, бірақ оның рухани қазынасы болмаса, қуыс кеуде адам болып қалады. Біздің қауіміз сонда, жастарымыз қуыс кеуде болып қалмауы қажет.

... Абайда 176 өлең, 3 поэма, 45 қарасөз бар. Ал оқысаң таусылмайды. Абай бұл шығармаларын ақша үшін жазған жоқ, ол өз жандүниесін жазды. Оның жандүниесі қайырлы. Өзі айтады ғой, "Ыза шығар білімнен, қайғы шығар ілімнен. Ыза мен қайғы қысқан соң, Зар шығады тілімнен". Ол сол кездің шындығын, зарын, өкпесін жазған. Соны поэзиямен жеткізіп, қағазға түсірген. Сондықтан да ол өте терең, өте мәнді. Қазақтар үшін одан өтер дүние жоқ. Сондықтан тағы айтамын, әрбір қазақ Абайды білуі керек. Біз Абайды неге төбемізге көтереміз. Ол біздің рухани қазынамыз және ол бізді аласапыран дүниеде адастырмай, дұрыс, тура жолға бастайтын, бірегей ілімі бар адам. Мұндай ілімі бар адам көп халықта жоқ, Еуропада да жоқ. Абай салған «толық адам» ілімі Тұран жерінде пайда болған. Оның арғы төркінінде «Жәуанмәрттік» жатыр, одан кейін Қожа Ахметтің «Хал ілімі» жатыр, содан кейін Абай жасаған «Толық адам» ілімі бар. Қазақ руханиятының паспорты саналатын Абайдың бұл ілімі келешек Қазақстанның моральдық кодексінің іргетасын қалайтын

ілім болып табылмақ» [5] деген сөзінен әр адам қорытынды жасауы керек.

Абай дүниетанымының қалыптасуындағы Шығыстық, соның ішінде түркі әлемінің рухани қазына көздерінің алар орынын терең байыптай әрі пысықтай келе, «Абай дүниетанымының қалыптасу негізінің арналары – ақын мұрасының рухани нәр алған қазына көздерінде, онда да оның Шығыстық жағалауында жатыр. Әсіресе, Абайдың адамшылық идеалы болған «толық адам» туралы ілімінің дерек көздерін сопылық классикалық поэзия мен сопылық ғылыми-теориялық еңбектерден ғана таба алмақпыз. Абайдың дүниетанымындағы асу бермес биік белестей көсіліп жатқан адамшылық жолдағы асыл мұраттары – ислам әлеміндегі сопылық іліммен тікелей байланыста жатқан рухани құбылыс екенін мойындауға тура келеді» [2] - деп түйеді.

Ғалым Абайдың адамшылық ілімін европалық қалыпқа салып шеше алмайтындығымызды, кемел адам мәселесі 1069 жылы Жүсіп Қасхаджиптің «Құтадғу білік» деп аталатын педагогикалық дастанында толық баяндалғанына тоқталады. Мысалы, «Ал Европада жетілген адам проблемасы бұл кезде төбе көрсете алмаған еді. Бұл мәселеге европалықтар XV ғасырлардан кейін ғана назар аударып, сөз ете бастады. «Сопылық «хал ілімі» саласында негізі қаланып, даму жолына түскен сопылық адамшылық ілімді Абай заманы талабына орай дәстүрлік жалғастықпен дамытуы арқылы қазақ даласында – адамшылықтың толық адам ілімі деп аталатын жаңа түрі дүниеге келді. Абайдағы толық адам ілімінің түп төркіні, қайнар көздері XI ғасырдағы Жүсіп Қасхаджиптің «Құтадғу білік» кітабындағы жәуанмәрттіліктен арна тартатынын терістей алмасaq керек». Сонымен қатар «Абайдың адамшылық ілімі толық адам мен Шәкәрімдегі ар ғылымының рухани нәр тартар түп төркіні Жүсіп Қасхаджиптің «Құтадғу білік» дастанындағы сюжеттік желіге арқау етіп өрілген жәуанмәрттілік ілімі мен Иассаuidің хал іліміндегі инсанияттың кәмалаттығы мен

пенделіктің кәмалаттығы деп аталатын сындарлы танымдарымен тамырласып жатқан рухани құбылыс» [2] - деген байлам Абай дүниетанымының адамшылық ілімінің негіздерін түркі әлеміндегі рухани құндылықтарымен тығыз тарихи сабақтастықта қарастыру мәселесін көтерумен құнды. Демек, Абай дүниетанымының жалпы адамзаттық гуманизммен тоғысып жатқан асқақ биік мұраттарының түп негіздерін түркі ойшылдарының көзқарасындағы даму үрдісінің жаңа дәуірдегі соны сипаттағы көрінісі тұрғысынан кеңінен зерттеу мәселесі туындап отыр.

Жәуанмәрттілік ілімі түп-төркіні көне замандағы көшпелі түрік халықтары өркениетінен келіп туындаған ілім болатын. Жәуанмәрттілік мәселесі Абайдың 38-қарасөзінде «... Белгілі жәуанмәрттілік үш хаслат бірлан болар деген: сиддиқ (әділет), кәрәм (рахым), ғақыл (даналық), – бұл үшеуінен де сиддиқ ғадалат болар, кәрәм шафағат болар. ғақыл мағалұм дүр, ғылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында Алла табарака уатығала тахмин бар қылып жаратқан... Бұлар – өз иждиһадің бірлан ниет халис бірлан іздесең ғана берілетін нәрселер» [6] - деп көрсетілген. «Жәуанмәрттілік сөзі, әзербайжан ғалымы М.Шералиевтің зерттеуінше, көне түрік тілінде «зомарт» (жомарт) деген мағынада қолданылған» [7].

Жәуанмәрттілік ілімінің негізі де 1069 жылы Шу бойындағы Баласағұн қаласында Жүсіп Хас хаджиб ақынның «Құтты білік» дастанында кездеседі.

«...Абай оқыған әрі рухани нәр алған «Құтты білік» дастанының идеялық мазмұны жәуанмәрттілік ілімінің жұрт таныған төрт негізін дастандағы төрт кейіпкерге балап, сұрақ қою, жауап беру арқылы ашатыны бар. Дастандағы басты кейіпкерлердің аты Күнтуды, Айтолды, Өгдүлміш, Одғұрмыш деген кейіпкерлерге балама түрде алынған Әділет, Дәулет, Ақыл, Қанағат деген ұғымдар арқылы мән беруінде терең мағына жатыр». Ал, Абайдың «Әсемпаз болма әрнеге» (1894) өлеңінде әділет, шафқат (рахым), ақыл, қайрат (дәулет) түрінде жырланатыны бар. Мысалы:

*Қайрат пен ақыл жол табар,
Қашқанға да, қуғанға.
Әділет, шафқат кімде бар,
Сол жарасар туғанға.
Бастапқы екеу соңғысыз,
Біте қалса қазаққа
Алдың – жалын, артың – мұз,*

Барар едің қай жаққа, - деп әділет пен шапқатты, яғни Абай 38-қарасөзінде Алланың бойындағы 8 сипатқа нақылия, ғақылия дәлелдері арқылы қосатын әділет пен рахым (шафқат) ұғымына мән бере бағалайтыны бар» [7]. Бұдан Абайдың жәуанмәрттік ілімін жаңғырта жырлағанын байқауға болады.

«...Абайдың толық адам туралы ойдың о бастағы төркіні «Ғылым таппай мақтанба» (1886) өлеңінен бастау алып, жыл өткен сайын қорлана, күрделене түсетіні бар. Гуманист атаулы ғалымдардың бәрі де бұл дүниедегі асылдың асылы, ең бағалысы адам деп қарайды. Сол адамның бойында қалыптасатын мінез-құлықтың ең басты сипаты неден тұрмақ деген сұраққа әр заман ойшылдары өзі жасаған заман талабына орай жауап беруге ұмтылған. Бұл өзекті мәселеге исламият әлемінде, әсіресе, Түркістан өлкесінде, әл-Фараби бастаған XI ғасырдағы Жүсіп Қас Хаджиб, XII-XIII ғасырлардағы Ясауи, Ш.Табризи (Тарази), Ж.Руми жалғастырған жәуанмәрттік, хал ілімі, камили инсани жайындағы ой-толғаныстары мен танымдары өз үлестерін қосып жатты. Ал XIX ғасырдың екінші жартысында Абай бұл мәселеге айырықша назар аударып, өзіне дейінгі ойшылдар дәстүрін жалғастыра дамытып, толық адам туралы ілімнің негізін салса, XX ғасыр басында осы ілімді өз шәкірті Шәкәрім ар ғылымы арқылы жалғастыра дамытты.

Адам болу туралы ой-танымына орай «Ғылым таппай мақтанба» өлеңінде көп нәрсенің төркінінен хабар беруі себепті, М.Әуезов ол өлеңді «Абайдың, әсіресе, көп ой қорытып айтқан мағыналы және програмдық бір өлеңі», - деп ерекше мән бере бағалауында үлкен сыр жатыр. Абайдың:

*Бес нәрседен қашық бол,
Бес нәрсеге асық бол,*

Адам болам десеңіз, - деп адам бойын-

дағы, мінез-құлқындағы қарама-қарсы ұғымдардың сырын 7-қарасөзінде айтылатын «жанның тамағы» дейтін пәлсапалық мағынасы бар ұғыммен салыстыра отырып сырын ашсақ, көп мәселенің тамырын дөп басамыз.

Абай танымындағы «жанның тамағы» жан қуаты арқылы біртіндеп қорланатын рухани байлықты меңзейді. Өйткені Абай «...құмарланып жиған қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді», - деп көрсетуі арқылы әрбір талапкер жас өзінің дүниетанымының қалыптасу жолында жанның пайдалы тамағымен сусындауға саналы түрде бет бұрса ғана толық адам жолына түсе алмақ, болмаса жоқ деп көрсетеді [7].

Ақынның «бес нәрседен қашық бол» деп таңбалап отырғаны адамды аздыратын жанның зиянды тамақтары болып шығады. «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек» өлеңінде:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, - деп ой байламын білдіргенде қайрат, ақыл, жүрекке ерекше мән береді. Адамды сүйіп, адамды құрметтеуге үндеген кемеңгер ақын поэзиясының түпкі негізі – адам, толық адам. Абай армандаған толық адам өнерлі, білімді, еңбекқор, адал, әділ, жылы жүректі, ыстық қайратты, ғылым жолына түскен іздемпаз болуы керек.

«Хауас» сөзі араб тілінде түйсік, сезім деген мағынаны білдіреді. Мұны 1895 жылы жазылған «Лай суға май бітпес қой өткенге», «Өлсе өлер табиғат адам өлмес» деген пәлсапалық лирикасын талдау арқылы аша түскен. Осы өлеңінде Абай түп иені (жаратушы Алланы) ақыл сынына салып барып нануға бағыт алады. Бұл әрекетті танып білуде, алдымен, хауас туралы Абай танымын жете танып білсек қана мәселенің төркініне қаныға түсеміз.

«...Хауас ұғымы Абай шығармасында үш түрлі мағыналық қырымен көрініс беретіні бар.

Біріншіден, «хауаси хамса заһири» ұғымы, қазақша айтқанда сыртқы бес сезім (хауас) мүшесін танытады. Адам осы сыртқы бес сезім (көз, құлақ, мұрын, тіл және

дененің бес суық, жылылықты сезінуі) арқылы сыртқы объективті дүниеден хабар алу әрекетін жасайды.

Екіншіден, осы сырттан хабар алып, ішкі сезім мүшелеріне жеткізетін бес сезімнің бәрі де қызметін мүлтіксіз орындауы үшін кеселге, кедергіге ұшырамай сау, саламат болуын «хауас салым» деп айтады.

Үшіншіден, сыртқы бес сезім берген хабарды жанның жибили қуаты арқылы ішкі бес сезімге жеткізіп, осы он сезімді әрекетке түсіруін де хауас деп атай береді.

Ал, Абай 38-қарасөзінде Алланың бойындағы сегіз сипатқа 1) хаят (өмір), 2) ғылым, 3) құдірет, 4) басыр (көру), 5) сәмиг (есіту), 6) ирада (тілек), 7) кәлам (сөз), 8) тәкин (болдыру) өз тарапынан нақылия, ғақылия дәлелдерге сүйеніп, екі сипатқа, яғни әділет пен рахымды қосып, 10 сипатқа айналдырады. Мұны да хауас ретінде танимыз.

Хауас ұғымын Абай, әсіресе, «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде аса терең мән бере отырып қарайды да:

Ақылмен хауас барлығын

Білмейдүр, жүрек сезедүр.

Мұтақәлламин, мантикин

Бекер босқа ездүр, - деп ой толғау арқылы түп иені (Алланы) ақылмен, яғни өлшеусізді өлшеулі ақылмен тани алмайсың деген байламға келді де, түп иені (хауасты) жүрекпен ғана сезесің деген ой танымына аяқ тірейді [7].

Енді, Абайтану бағдарламасында қамтылған хакімнің 25-қарасөзіне талдау жасап көрейік. «Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлшылық қыларлық қана, түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дарулхарап, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішімге малдың тапшылығы да ағайынның араздығына уә әртүрлі пәлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң, білім түгіл өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы

түседі. Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста зор» [8].

Абайтанушы ғалым Т.Жұртбай «...осы уақытқа дейін соңғы сөйлемнің соңғы сөзі айтылмай, «ұмтылып» келді. «Орыста», яғни, ғылым мен өнер, мәдениет тек орыста ғана емес, «орыста зор». Дүниенің тұтқасын ұстап тұрған жалғыз ұлт ол емес. Тек даму сатысымен еуропалық көзқарас тұрғысынан алғанда қазақтан озып тұр деген сөз», [9] – деп ой қорытады.

«...Ия, орыстың қоғамдық ой-санасы қазақтан ілгері еді. Бірақта, XIX ғасырға шейін, Пушкин өмірге келгенге дейін әлем алдында мақтанарлықтай дәрежеде емес еді. ...XIX ғасырдың ортасында Ресейде ұлттық таным оянды. Ұлы державалық менменсумен қатар өзіне-өзі сын көзбен қарау ағымы қалыптасты. ...Адамзаттың, оның ішінде ғылым мен білім саласындағы жетістіктер бұратана ұлттарды рухани тәуелді ету мақсатында жұмсалды. Сондықтан да Абай бірден орыс мәдениетіне бас ұр демейді. Қайта оқып қараңызшы: әуелі «түркі танырлық» дәрежеде сауатыңды аш дейді. Демек өз жұртыңның дәстүрін, мәдениетін, тарихын біл. Құлшылық қылатындай яғни, дініңді, тіліңді бойыңа сіңір, содан соң білім жолын қу, «жанбай жатып сөну үшін» талпынба рухыңды бекіт, деген емеурін емес пе бұл. Содан соң барып «араб пен парсы» керек. Неге бұлай сатылап айтып отыр. Себебі, араб пен парсы мәдениетінің қазақпен рухани байланысы, ортақ тарихы мен ортақ діни мүддесі бір. Оны меңгермей халқыңның толық сауатты өкілі бола алмайсың» [9] – деп байлам жасайды.

Заман қалыптастырған рухани байланыстың үзілуіне Абай қарсы. Оның өзі де осы саты бойынша дәріс алып, «дүниеге көзі ашылды». «...Жат дін мен мәдениеттің ықпалына ерте түсіп кетпе. Толық рухани бостандықта болу үшін «мал тап». Экономика түзе. Еліңнің еңсесін көтер. Өзің біреуге жалынып жүріп, ұлыңның қамын ойлай алмайсың, үлкен ғылым мен өнер үшін ең бірінші рухани және экономикалық тәуелсіз адам болуың керек. ...Араб пен парсыны, түркіні біліп барған адам

үшін «зордың ықпалына түсу» өте қиын. Тең дәрежеде сөйлесіп, тең тұрғыда білім ал. Әйтпесе, жоғарыдағы «шоқындырушы даярлайтын білімнің кадры» болып шығасың дегелі отыр» [9] - деп оқыту бүгінгі Абайды танудың жаңа қыры болмақ.

«...Абай отаршыл елдің өктемдігін жою және құтылу үшін сол елдің даму дәрежесіне жет, өз қаруын өзіне қолдан, рухыңды тәуелділіктен құтқар, өзің де, оқуың, хикметің, малың (экономикаң–Т.Ж.), өнерің, ғылымың зор болсын деген нысананы нұсқайды» [9]. Ал енді сол сөзді осы тұрғыдан ой сала қайта оқып көрейікші:

«...Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да - бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды [8] – дейді Абай.

Егер «қисық, қыңыр, қырын келмесек», бұл сөздің астары біз түсіндіріп жүрген «орысшылдыққа» мүлдем қарсы ғой.

...Міне, Абайдың астарлы ойы осы. Мұны «орысшылдық пікір» деп бағалауға әсте болайды – деп түсіндіріп береді. Ғалымның талдап түсіндіруі көкейге қонымды, жүрекке жақын.

Абайдың «Жасымда ғылым бар деп ескермедім» өлеңінде:

Адамның бір қызығы – бала деген,

Баланы оқытуды жек көрмедім.

Баламды медресеге біл деп бердім,

Қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім [8] – дейді ақын. Бір қарағанда жаттауға жеңіл көрінеді. «Баламды медресеге біл деп бердім» деуінің сыры неде? Неге «қызмет қылсын, шен алсын» демейді. Себебі Абай өз халқын отарлап отырған

орысқа қызмет етудің оңбайтынын меңзеп отыр. «Ойында жоқ бірінің, Салтыков пен Толстой, я тілмаш, я адвокат болсам деген бәрінде ой», «Военный қызмет іздеме, оқалы киім киюге» [9] – деп жастарды патша үкіметіне жұмыс істеуден сақтандырады.

Хакім Абай адам мінезіндегі орынсыз мақтан, ойсыздық, салғырттық, күншілдік, көрсеқызарлық сияқты жаман әдеттердің ақыл мен ойды тоздыратынын айта келіп, естігенді есте сақтау, көргеннен үлгі-өнеге алу, жаман әдет-дағдыдан бойын аулақ ұстау, нәпсіні ақылға жеңдіру, ұстамды болу сияқты адамгершілік қасиеттерді насихаттайды. «Егер есті кісінің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмысында бір, ең болмаса айында бір, өмірді қалай өткізгенің жайында өзіңнен өзің есеп ал», [8] – дейді. Яғни, адамның өзін-өзі тәрбиелеу мәселесінің маңызы мен мәніне ерекше тоқталады. Абай адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екенін дәлелдеді. Өзінің отыз жетінші қара сөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», [8] – деді. Абайдың поэтикалық шығармалары мен қара сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық және педагогикалық ой-пікірлерге толы.

Хакім Абайдың исламдық дүниетанымы мен Алланы тану туралы философиялық ойлары, діни танымы, «Толық адам» философиясы, «Хауас» мәселесіне және білім-ғылым саласына қатысты кейбір шығармаларына жеке тоқталып, қалай оқыту керектігі туралы оқырманға ой тастадық. Егер біз кез келген ақын шығармаларын бүгінгі тәуелсіздік тұрғысынан пайымдап, оқушылардың бойына сіңірсек бүгінгі жаһандану заманында ұтылмасымыз анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына 113-қосымша. Негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейлерінің 9-11 сыныптары үшін «Абайтану» курсының типтік оқу бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

2. Мырзахметұлы М. Ұлы ақын дүниетанымы туралы бірер сөз...//“Қазақ әдебиеті”. 2005, 19 тамыз.

3. Мырзахметов М. Абайтану тарихы. - А.: "Ана тілі", 1994. 192-б.
4. Мекемтас Мырзахметұлы: Мен Абайды неге «Жек көрдім?» // Қазақстан-ZAMAN. - 2013. - 8 тамыз (№31)
5. Елеухан, Н. Абайдың «толық адам» ілімі бізді аласапыран дүниеде адастырмай, тура жолға бастайды/ Н. Елеухан // Әділет. - 2010-11 тамыз. - №07
6. Абай. Шығармалар: Т.2 Өлеңдер мен аудармалар. Поэмалар. Қара сөздер: - Алматы: Жазушы, 1995. - 199-б.
7. Мырзахметұлы М. «Абайтану» 1-кітап. Астана: «Interactiv Kazakhstan» 2014. 432-бет
8. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Алматы. «Жазушы» 2005. – 455 бет.
9. Т. Жұртбай «Күйесің, жүрек... сүйесің» Алматы: «Қайнар», 2009. – 464 бет.

ӘОЖ 576

ЦИТОЛОГИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДА ХИМИЯЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

С.Ж. Ибадуллаева, Л. Раманова

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті, Қызылорда қ.

Аңдатпа. Мақалада биолог мамандар даярлау үшін цитология курсын оқыту барысында химиялық білім беру ерекшеліктері қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматриваются особенности химического образования при изучении курса цитологии для подготовки специалистов по биологии.

Abstract. The article discusses the features of chemical education in the study of Cytology course in Biology.

Тірек сөздер: цитология, химия, жасуша, микроэлементтер, макроэлементтер, биоэлементтер, гемоглобин.

Ключевые слова: цитология, химия, клетка, микроэлементы, макроэлементы, биоэлементы, гемоглобин.

Keywords: Cytology, Chemistry, cell, macroelements, bioelements, microelements, hemoglobin.

Қазіргі таңда ғылымның кез келген саласында білім мазмұны мен көлемі өсіп, жан-жақты дамыған бәсекеге қабілетті азаматтарды қалыптастыру, әсіресе студенттердің өзіндік танымы мен шығармашылық ойын қалыптастырып одан әрі дамытумен қатар, олардың өздігінен білім алуын, ізденуін, қорытынды жасауын және талдай білу дағдыларын қалыптастыру қажет [1]. Осы орайда айта кететін мәселе жоғары оқу орындарының студенттеріне цитологиялық білім беру барысында химиялық білім берудің сапасын көтеруге көмегін тигізетін әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі. «Биология» мамандығының студенттеріне цитология пәнін оқыту кезінде негізгі пәннің бірі химия.

Алдымен цитология пәніне қысқаша тоқталып өтетін болсақ, Д.И. Менделеев жасаған химиялық элементтердің периодтық жүйесіндегі кездесетін 110 элементтің 80-ге жуығы тірі жасушаның құрамында болатындығы дәлелденді. Олар жасушадағы мөлшеріне қарай үш топқа бөлінеді. Бірінші топқа: оттегі, сутек, көміртек және азот сияқты органикалық және бейорганикалық заттардың молекулаларының негізін құрайтын элементтер жатады. Бұлардың жасушадағы мөлшері 98%-ға жуық болғандықтан, олар макроэлементтер деп аталады. Сонымен қатар бұл топқа нәруыз (белок) бен нуклеин қышқылдарының құрамына кіретін күкірт пен фосфор да кіреді. Бұларды биоэлементтер деп атайды [2].

Екінші топқа: ион түрінде кездесетін калий, натрий, кальций, магний, темір, хлор сияқты және т.б. элементтер жатады. Бұлардың жасушадағы жалпы мөлшері 1%-ға жуық. Бұл элементтердің қысқаша жасушада ерекше қызметтер атқарады. Мысалы, кальций мен фосфор сүйек ұлпасының құрамына кіреді, оның беріктігін арттырады. Сонымен қатар кальций элементі қанның ұюына қатысады. Ал гемоглобин нәруызының құрамында темір болады, ол оттекті өкпеден ұлпаларға тасымалдайды. Өсімдік жасушасындағы хлорофилл пигментінің құрамындағы магний элементі фотосинтез процесін тездетеді. Үшінші топқа: жасушада өте аз мөлшерде кездесетін элементтер жатады. Олардың жасушадағы мөлшері 0,02% болатындықтан микроэлементтер деп аталады. Микроэлементтер өсімдіктер мен жануарлар жасушаларында жүріп жатқан биохимиялық процестерге тікелей қатысады [3].

Топырақтың құрамындағы микроэлементтердің өсімдіктер мен жануарлар тіршілігіндегі маңызы ерекше. Өсімдіктер мен жануарлар белгілі бір микроэлементтерді табиғаттан алып, өз жасушаларында жинақтайды. Мысалы, теңіз балдырлары судан йодты сіңірсе, ал кейбір өсімдіктер судағы кобальтты жинақтайды. Жануарлар жасушаларында да әр түрлі элементтер жинақталады. Мысалы, никель – ұйқы безінде, молибден – мидың ақ затында, қалайы – тілдің сілемейлі қабықшасында, кадмий – бүйректе, барий – көздің торлы қабығында, бор – май ұлпаларында, хром – гипофиз безінде және т.б. жинақталатындығы анықталған.

Осы айтылған мәселелерді химиялық білім берумен тікелей ұштастыратын болсақ, химиялық білім беру дегеніміз – студенттерді заттардың қасиеті мен түрленуін, олардың адам игілігіне жарату жолдарын зерттейтін химия ғылымының негіздерін, химиялық өзгерістер мен қазіргі жаңа техникаларға қолданатын химия материалдарын пайдалану мүмкіндіктерін, өндірістегі химиялық тәжірибе, әдістері мен экологиялық мәселелерді, қоршаған ортаны қорғаудың химиялық жақтарын қарастыратын

мәліметтер болып табылады. Цитологияны оқытудағы химиялық білім беруде кейбір ішкі жүйелердің синтездеу келіп, тарамдалған тараулардың біртұтастыққа бірігіп келіп, не жаңа сала жасалуына негіз жасалып, не бұрынғы білім деңгейін жаңа аспектіде қарастыруға қажетті көзқарастар қалыптаса бастайтындығы байқалып отыр.

Жоғары оқу орнында химия пәнін оқыту аясын саралау зерттеу мәселесінің теориялық-әдістемелік негізін анықтау мүмкін болды. Химия пәні жоғары оқу орындарында оқыту мазмұнының қоғам мен тіршіліктің дамуымен байланысты өзгеруін түрлі деңгейде, тұтастай еліміздегі педагогикалық, техникалық, жаратылыстану бағытындағы жоғары білім беру деңгейінің дамуымен байланыстыра қарастыру керек. Химиялық білім беруде пәннің оқытылуы мен оның дамуын зерттеуде берілетін білім мазмұны, формасы мен құрылымының ерекшеліктерін танып - білу маңызды болады. Химияны оқытудың заңдылықтарын жалпы жоғары білім берудің, дидактиканың, түрлі қоғамдық жаратылыстану ғылымдарының, медицина, ауыл шаруашылығы, өндірістің даму барысымен бірлікте танылады. Химиялық білім беру өз деңгейінде, әдістемелік талаптарға сай жүргізілсе, студенттер оқу барысында алған білімдері мен біліктерін практикада пайдалана алу іскерлігіне ие болады. Жоғары оқу орындарында студенттер кәсіптік білім беру бағдарламасы бойынша алған білімдерін жетілдіріп, химиялық реакциялардың жүру процестерін анықтап, әр түрлі зертханалық, эксперименттік және сандық есептеулерді мамандықтарына сай, кәсіби тұрғыда шешуге машықтанады. Олар химиялық технологиялық процестердің жаңаша жағдайларын анықтап, химиялық процестердің термодинамикасы, химиялық кинетика, ерітінділер, металдарды коррозиядан қорғауды, қоршаған ортаны қорғау туралы мәселелерде өз білімдерін тереңдетіп, ғылыми зерттеу жобаларын жасайды. Жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандарды кәсіби шыңдау осы салада еңбек ететін маманды химия мен өнеркәсіптің түрлі салаларын таныту арқылы, онымен бай-

ланысты арнайы кәсіптік пәндерді оқыту арқылы жүргізіледі. Техникалық-кәсіптік оқыту мамандықтарының студенттеріне химиядан білім берудің мемлекеттік стандартына сәйкес «химия және мұнайды қайта өңдеу өндірісі бойынша кәсіптік оқыту» мамандандыру саласын дайындауда жүргізілетін пәндер негізгі компонент және жоғары орны ішілік болып бөлінетіні белгілі.

Болашақта орындалатын пәнаралық байланыстар арнайы пәндерде аналитикалық химия пәнінен бұрын алған білімдерін қолдану. Бұл жағдайда арнайы пәнді оқыту химиядан берілген білімге негізделе жүргізіледі. Оқу материалдарының теориялық және тәжірибелік бөлімдері логикалық түрде бірін бірі толықтыра отырып, пәнаралық байланыстың айтарлықтай жоғары деңгейін көрсетеді. Тәжірибелік бөлімде технологиялық процестер, олардың жүргізілу жолдары, құрал-жабдықтары көрсетіледі.

Теориялық білімді меңгерумен ғана шектеліп, оны белгілі бір деңгейдегі

тәжірибелік іс-әрекет біліктілігіне жеткізбеу оқу процесін аяқталмаған етеді. Сондықтан біліктілікті қалыптастырудың үлгісі - сарамандық - зертханалық сабақтар. Зертханалық жұмыстардың мақсаты – жаңа білім алу, берілетін білімді саналы түрде меңгерту. Студенттер зертханалық жұмыстарды белгілі бір тақырыптың материалды оқып өткеннен кейін орындайды. Бағдарлама бойынша талап етілетін материалды студенттерге толық меңгерту тек студенттердің өзіндік жұмыстары кезінде жүзеге асады [4].

Қорыта келгенде жоғары оқу орындарының білім алушыларына «Цитология» пәнін оқыту кезінде химиялық білім беру әрбір білім алушының өз мамандығын бітірген соң химияның бір саласына қызметке баратын болса, онда оның химияның бар бөлігінен, соның ішінде базалық химия саласы болып келетін органикалық және бейорганикалық химиядан да білім деңгейі жоғары болуы керек.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://strategy2050.kz/page/gosprog2/>
2. Верещагина В.А. Основы общей цитологии: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. – М.: Издательский центр «Академия», 2007.
3. Мырзабайұлы А. Химияны оқыту әдістемесінің педагогикалық негіздері. - Алматы: «Білім» 2004.
4. Оқу орындарында зертханалық жұмыстарды пәнаралық байланыс негізінде ұйымдастыру //Қазақстан мектебі. – Алматы, 2010.-№7.-Б.24-30.

«МАТЕМАТИКА» ПӘНІ БОЙЫНША ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСТАР МАЗМҰНЫН ЖОБАЛАУ ЖӘНЕ ЖҮРГІЗУ

Е.А. Тұяқов, Г.З. Данияров

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Т. Жанатхан

Сулейман Демирель атындағы университет, Қаскелен қ.

Аңдатпа. Мақалада «Математика» пәні бойынша қолданбалы курс міндеттері, оны жобалау жолдары, мазмұнына қойылатын талаптар, сонымен бірге ұйымдастыру және өткізу жөніндегі әдістемелік нұсқаулар, бақылау әдістері мен оқушылардың оқу жетістіктері деңгейін бағалау қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматриваются функции прикладного курса по предмету «Математика», пути его проектирования, требования к содержанию, также методические рекомендации по организации и проведению, способов контроля и оценки уровня учебных достижений учащихся.

Abstract. The article is dedicated to the functions of applied Math, requirements to the content and relevant methodological recommendations for the organization and implementation, reliable monitoring and evaluation approaches of students' learning accomplishments.

Тірек сөздер: Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, қолданбалы (элективтік) курс.

Ключевые слова: Государственный общеобязательный стандарт среднего образования, прикладные (элективные) курсы.

Keywords: State educational standards of secondary education, applied (elective) courses.

Қазіргі білім беру жүйесінің негізгі мақсаттарының бірі – білімді, бәсекеге қабілетті, функционалдық сауатты, алған білімін шынайы өмірде өзін-өзі жүзеге асыруға қолдана білетін тұлғаны тәрбиелеу. Осыған орай орта білім беру деңгейлерінде оқыту үдерісін тың идеяларға негізделген жаңа мазмұнмен қамтамасыз ету көкейкесті болып отыр.

Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру ұйымдарында оқушыларға базалық міндетті білім берумен қатар жеке сұраныстары мен қабілеттері бойынша білімдерін тереңдетуге және қосымша білім алуға жағдай жасалғаны белгілі [1]. Бұл әрине жүйелі ұйымдастырылып өткізілетін қолданбалы (элективтік) курстар арқылы жүзеге аспақ.

Қолданбалы (элективтік) курс – үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен, білім алушылардың білімге деген қажеттілігі мен бейімділігін ескере оты-

рып, орта білім беретін ұйымдар анықтайтын оқу пәні мен курсы [1].

Қолданбалы курстардың түрлері көп (пәндік, пәнаралық, бейінделген), бірақ олар ең алдымен өзінің атауымен, мазмұнының түсінікті, меңгеруге жеңіл болуымен оқушының қызығушылығын оятуы тиіс. Оның мақсаты мазмұнымен ерекшеленеді, бірақ курстар оларды таңдайтын оқушылардың талабына сәйкес болуы, олардың сұраныстарын қанағаттандыратын болуы керек. Сондықтан курстың мазмұнын іріктеу барысында келесі сұрақтарға жауап берген жөн:

1) қосымша білім мазмұнында оқуға міндетті пән бағдарламасының қандай бөлімдері (тараулары) және тақырыптары тереңірек меңгерілуі тиіс?

2) іріктелген мазмұн оқушылардың қандай білік пен дағдыларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады және тиімді болады?

3) курстың мазмұны қандай материалдар арқылы жүзеге асырылады (оқулық, мұғалімге арналған әдістемелік құрал, жұмыс дәптері, хрестоматия, электронды және мультимедиялық құралдар, интернет ресурстары, қосымша әдебиет, анықтама-лықтар және т.б.)?

4) оқушы неліктен осы курсты таңдайды? Ол несімен пайдалы, қызықты болады? [2].

Математика – мектепте негізгі пәндердің бірі және ол өзінің тілінің жан-жақтылығы арқасында басқа ғылымдар мен шынайы өмірді танып білу әдістерімен оқушыларды қаруландырады. Бірақ оқушылардың бойында математикалық білімдерінің болуы, әлі оларды нақты (оқу немесе өмірлік) жағдайларда қолдануға дайын және қабілетті екендіктерін білдірмейді. Ол қолданбалы және тәжірибелік есептерді шығару үшін алған білімдерін пайдалану дағдыларын меңгеру барысында математиканың қоршаған әлеммен, басқа ғылымдармен және өндіріспен өзара байланысын ашып көрсету үдерісінде ғана мүмкін болады. Сондықтан, математикадан қолданбалы курстар оқушының математикаға деген қызығушылығын дамытып қана қоймай, математиканы жалпы мәдени құндылық ретінде таныстыруға, қоршаған әлемді және өзін-өзі тану құралы болып табылатындығы түсініктерін қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Оқушылар әртүрлі тәсілдермен шығарылған есептен, математиканың басқа ғылымдарға қатысты қосымша мүмкіндіктерінен қанағаттанушылықты сезінуі керек. Қолданбалы курстың мазмұнын құрастыруда мұғалім бағдарламаның оқушыларға қызықты және түсінікті болу керектігіне көбірек көңіл аударған жөн. Осы тұрғыда математикадан қолданбалы курстардың мазмұнын жобалау бойынша келесідегідей талаптарды ұсынамыз [2-5]:

– оқушы базалық білім мазмұнын терең игеруі үшін түсінікті, тартымды, қызықты және пайдалы тақырыптық материалдармен қамтылуы керек;

– математикадан теориялық білімді тереңдете отырып (математиканы терең-

детіп оқытуға, яғни жекелеген тақырыптарын тереңдетуге), оның практикалық бағыттылығын және пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруы керек;

– математикадан алған білімдерін практикада қолданудың маңызды тәсілдері мен әдістерін оқушыларға таныстыруға бағытталуы керек;

– оқушыларды теориялық тұрғыдан негізделген оқыту барысында сәйкесінше практикалық іс-әрекетке тартуға, шынайы өмірден алынған есептерді шығартуға бағытталуы тиіс;

– пәннің оқу бағдарламасы бойынша қамтылмаған материалдар курстың мазмұны арқылы оқытылуы, яғни курстың мазмұны міндетті түрде оқытылатын математикалық білім мазмұнын қайталамауы тиіс;

– әртүрлі математикалық есептерді (теңдеулер, теңсіздіктер және т.б.) шығару әдістерін оқып үйренуге бағытталуы тиіс;

– оқу үдерісін ұйымдастырудың белсенді түрлерін, ақпараттық, жобалық жұмыстарды толық қолдануға мүмкіндік жасайтындай болып құрастырылуы тиіс;

– оқытуды даралауға, оқушыны әлеуметтендіруге және жеке-дара ерекшеліктері мен дайындық деңгейін ескеріп, алған білімдерін кеңейтіп жоғары оқу орнында болашақ мамандығына байланысты білім алуына дайындауға, келешек мамандығын таңдауына ықпал етуі тиіс.

Сонымен, келтіріліп отырған қолданбалы курстардың мазмұнына қойылатын талаптардан, олар математиканы терең оқып білуге, екіншілері оқылатын пәндермен пәнаралық байланыстарын көрсетуге, ал үшіншілері үлгілік оқу жоспарына енбейтін пәндерді оқып білуге көмектесетін курстар бар екендігі белгілі болып отыр. Олар математикадан білімдерін тәжірибеде қолдану жолдары мен әдістерін оқып үйренуге бағытталған, енді біреулері математикалық есептерді шығару әдістерін үйренуге арналған және оқушылардың қажеттіліктері мен мүдделерін қанағаттандырады.

Мысалы, жалпы білім беретін мектептерде «Тамаша теңсіздіктер», «Параметрмен және модульмен берілген есептерді шешудегі функционалдық-графиктік тәсіл»,

«Ықтималдықтар теориясының элементтері» және т.б. қолданбалы курстар жүргізілуде. Біз үлгі ретінде 9-сынып оқушыларына арналған геометрия пәні бойынша

«Бізді қоршаған әлемдегі геометрия» атты қолданбалы курс (12 сағат) бағдарламасын ұсынамыз (1-кесте).

1-кесте. «Бізді қоршаған әлемдегі геометрия» қолданбалы курсының бағдарламасы

Түсінік хат			
<p>Геометрия саласы математика курсының басты бағыттарының бірі болып табылады. Негізгі мектепте геометрияны оқу барысында оқушылардың бойында жазықтықтағы геометриялық фигуралар туралы білімдері қалыптасып, тереңдетіледі және жүйеленеді; логикалық және бейнелік ойлауы дамиды. Сонымен қатар, жазықтықтағы геометриялық фигуралардың қасиеттерін жүйелі түрде зерттеп білуді, қалыптасқан білім, білік және дағдылар жүйесімен басқа да жаратылыстану-ғылыми пәндерін кешенді түрде меңгеруді көздейді.</p> <p>8-9-сыныптарда геометрия курсының көптеген мәселелері, соның ішінде тікбұрышты үшбұрыштарды шешу, тәжірибелік есептерді шығаруда тригонометрияны және ұқсастықты қолдануға бағыттап оқытылады. Ұқсастықты, үшбұрыштың элементтері мен сүйір бұрыштың тригонометриялық функциялары арасындағы байланыстарды іс-жүзінде қолдану мәселелері, оқушылардың математикалық ойлауын дамытуда, пәнге деген қызығушылығын арттыруда маңызды рөл атқарады.</p> <p>Көптеген геометриялық есептер оқушылар нақты өмірде кездестіретін жағдайларды сипаттайды, бірақ сабақта оқушылар оларды негізінен жоғары дайындықпен шығарып үлгеріп жатпайды. Нақты жағдайларды сипаттайтын тәжірибелік есептердің маңыздылығы, геометриялық формулалар мен заңдарды білуге байланысты бейіндік оқытудың бағытын таңдауға бейімделу 9-сынып оқушыларына осы курсты ұйымдастыруға себепші болып отыр.</p>			
Курстың мақсаты			
<p>«Бізді қоршаған әлемдегі геометрия» курсын оқу барысында оқушылардың геометриялық білімдерін тереңдету мен қолданбалылығын кеңейту негізінде бейіндік оқытудың бағыты мен мамандықты таңдауда өзін таныту және өз тағдырын өзі шешуге жағдай туғызу.</p>			
Курстың міндеттері			
<ol style="list-style-type: none"> 1. Оқушылардың геометрия бойынша білімдерін кеңейту және тереңдету, ғылыми дүниетанымдарын қалыптастырумен қоршаған әлемді танып білуге тәрбиелеу; 2. Шынайы өмірден алынған тәжірибелік есептерді шығаруда алған білімдерін қолдана білулерін дамыту; 3. Оқушыларды математикалық әдебиеттермен жұмыс істеуге бейімдеу; 4. Жеке басының даму факторы ретінде оқушыларды тәжірибелік, жобалау әрекеттерге қатыстыру. 			
Тақырыптық оқу жоспары			
Сабақ №	Тақырыбы	Сағат саны	Жұмыс түрлері
1-2	1. Кіріспе. Бізді қоршаған әлемдегі геометрия	2	Әңгіме өткізу, экскурсия
3	2. Заттың биіктігін есептеу	1	Төңіректегі тәжірибелік жұмыс
4	3. Қол жетпейтін жердегі нүктеге дейінгі қашықтықты анықтау	1	Төңіректегі тәжірибелік жұмыс
5	4. Өзеннің енін анықтау	1	Төңіректегі тәжірибелік жұмыс
6-8	5. Тәжірибелік есептердегі бұрыштарды анықтау	3	Тәжірибелік жұмыс, сынақ

9-10	6. Геометрия және астрономия	2	Семинар
11-12	7. Қорытынды сабақ	2	Конференция
Курс мазмұны			
1	<p>Кіріспе. Бізді қоршаған әлемдегі геометрия (2 сағ.)</p> <p>Бізді қоршаған әлемдегі геометрия туралы кіріспе әңгіме. Жобалау әдісі бойынша жұмысты ұйымдастыру кезеңі; жұмыстың мақсаттары мен міндеттерін анықтау, тақырыптар таңдау, топтарға бөлу. Төңірекке экскурсия жасау (қалада, ауылда, паркте, өзенге).</p>		
2	<p>Төңірекке байланысты есептерді шығаруда ұқсастықты қолдану (3 сағ.)</p> <p>Үшбұрыштардың ұқсастығы белгілерін қайталау, тікбұрышты үшбұрыштарды, жуықтап есептеулер мен бағамдауды шешу. Үшбұрыштардың ұқсастығын пайдаланып заттың биіктігін есептеу, төңіректегі ара қашықтықтарды анықтау бойынша есептер шығару. Таңдап алынған төңіректегі алға қойылған тәжірибелік есептерді түрлі тәсілдермен шығару. Жасалған тәжірибелік жұмыс туралы есеп дайындау.</p>		
3	<p>Тәжірибелік есептерді шығаруда тригонометрияны қолдану (3 сағ.)</p> <p>Тригонометриялық формулаларды, синустар және косинустар теоремаларын, тригонометриялық функциялардың мәндерін, үшбұрыштарды шешуді қайталау. Тригонометрияны пайдаланып климаттық есептердегі бұрыштарды есептеуге берілген есептерді шығару (күннің биіктігін, көкжиктің үстіндегі бұрыш, атмосферадағы биіктікті). Зачеттік жұмыс (есептер шығару).</p>		
4	<p>Геометрияның басқа ғылымдармен байланысы (2 сағ.)</p> <p>Аспан шырақтарының көлемдерін, олардың ара қашықтықтарын, Жерге дейінгі қашықтықтарын есептеу. Астрономиялық шамалардың тригонометриямен байланысы. Геометрияның геодезияда қолданылуы. Оқушылардың хабарламалары.</p>		
5	<p>Қорытынды сабақ (2 сағ.)</p> <p>«Бізді қоршаған әлемдегі геометрия» курсының таңдап алынған тақырыбы бойынша жобалық жұмысының нәтижесін ұсынып көрсету. Жұмысты қорытындылау, алған білімдерін қорыту және жүйелеу, презентация жасай білуге дағдылану.</p>		
Оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыру			
<p>Бірінші сабақты оқушыларға тәжірибеде қолданылатын есептер туралы айта отырып төңіректе өткізу немесе құрылыс компаниясына және т.б. экскурсия ұйымдастыру ұсынылады. Оқушылармен әңгімеде геометрия бойынша білімді қажет ететін мамандықтар туралы, сондай-ақ геометрияның басқа ғылымдармен (география, астрономия, геодезиямен) байланысы туралы айтып беру ұсынылады. Топтық жұмыс түрлерін ұйымдастыру, сондай-ақ төңіректе тәжірибелік жұмысты және экскурсия ұйымдастыру ұсынылады. Қолданбалы курстарда оқушылармен жобалау әдісі бойынша жұмыс ұйымдастыру тиімдірек болады.</p> <p>Жобалау әрекетін пайдалана отырып, оқушыларға өздерінің шығармашылық қабілеттерін көрсетіп, өздерін танытуға мүмкіндік беріледі. Жобалау әрекеті барысында алған зерттеу жұмысын жүргізу біліктері мен дағдылары оқушылардың одан әрі оқуы және өздігінен білім алуында пайдаға асады.</p> <p>Тәжірибелік есептерді шығарғанда оқушылар барлық есептеулерді ұқсас және тең фигуралардың геометриялық қасиеттері, үшбұрыштардағы қатынастар тұрғысынан негіздеулері керек. Осы курстың тақырыптарын оқып білу деңгейіне қарай оқушылар мұғалімнің ұсынған тақырыптары бойынша жобалық жұмыстары мен презентацияларын дайындайды. Бұл курс бойынша жұмыстың қорытындысы, оқушылардың өздері дайындаған жобалық жұмыстарымен қатысып сөз сөйлей алатындай конференциялар өткізу болып табылады.</p>			

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар
<p>Оқушылар тригонометрияның негізгі формулаларын, үшбұрыштардың ұқсастық белгілерін, үшбұрыш элементтерінің байланысын, синустар және косинустар теоремаларын білулері керек.</p> <p>Төңірекке байланысты есептерді әртүрлі тәсілдермен шығара алу, заттың биіктігін, төңіректегі қашықтықтарды анықтауға берілген есептерді, климаттық есептерді шығаруда теориялық білімдерін іс-жүзінде пайдалана алу, қосымша әдебиеттермен жұмыс істей алу біліктері болу керек.</p>
Ұсынылатын әдебиеттер
<ol style="list-style-type: none"> 1. Березин В.Н. Сборник задач для факультативных занятий по математике: Кн. для учителя. – М.: Просвещение, 1985. – 175с. 2. Карпушина Н.М. Математика и астрономия //Математика для школьников. – 2005. – №1. – С.58-62. 3. Перельман Я.И. Занимательная геометрия. – М.: Гос. Издат., 1955. – 289с. 4. Шыныбеков Ә.Н. Геометрия: 9-сыныпқа арналған оқулық. – Алматы: «Атамұра», 2013. 5. Перельман Я.И. Веселые задачи. – М.: Пилигрим, 1997. – 206с. 6. Қаңлыбаев Қ., Сатыбалдиев О. Жазықтықтағы түрлендірулер. – Алматы, 1991. 7. Никитина Г.Н., Қаңлыбаев Қ., Идрисов Ж. Методические рекомендации по решению задач на построение в школьном курсе геометрии. – Аркалык, 1989.

Ұсынылып отырған қолданбалы курс мұғалімге және оқушыларға әсте барлығы бірдей жарай бермеуі мүмкін. Сондықтан, математика пәні мұғалімдеріне өз оқушыларын оқытуға сай келетін өздерінің авторлық бағдарламаларын құрастыруда біраз еңбек етулеріне тура келеді. Бұл арада, мұғалімнің әзірлейтін қолданбалы курстарының бағдарламалары жоғарыда келтірілген талаптарға сәйкес және белгілі бір құрылымда болуы тиіс екенін есте сақтау қажет.

Қолданбалы курстың бағдарламасы орта білім беру ұйымының өзінде (егер маманның кәсіптік шеберлігі сай болса) немесе кәсіптік біліктігі жоғары мамандардың қатысуымен, жоғары оқу орнының оқытушыларының пікірлерін есепке алумен жасалып, әдістемелік кеңес отырысында талқыланып, бекітілгеннен кейін пайдаланған жөн.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (ҚР МЖМБС 1.4.002-2012) //Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген.*
2. *Ермаков Д.С., Рыбкина Т.И. Элективные курсы: требования к разработке и оценка результатов обучения // Профильная школа, 2004. –№3. – С.6-11.*
3. *Роль и место элективного курса в теории и практики обучения // Вестник Каз НПУ им. Абая. – 2006. – № 1 (15). – С.92-95.*

Сонымен математикадан қолданбалы курстарды жүйелі түрде ұйымдастыру барысында:

- оқушылардың өз бетінше білім алу мүмкіндігіне қарай танымдық қызығушылығын арттыруға, математикалық білімдерін тереңдету мен кеңейтуге;
- математиканың практикалық және шығармашылық бағыттылығын сақтай отырып, зерделенетін материалды өмірмен байланыстыруға;
- математиканың пәнаралық байланысын, кәсіптік лицей мен колледждегі, жоғары оқу орындарындағы білім мазмұнымен сабақтастығын ескеруге;
- жоғары сынып оқушыларының жоғары оқу орындарындағы болашақ мамандықтары бойынша білім алуға қажетті білім мен біліктерін игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік туады.

4. Ермаков Д.С. Элективные курсы для профильного обучения // Педагогика, 2005. – №2. – С.36-41.
5. Ермаков Д.С., Петрова Г.Д. Создание элективных учебных курсов для профильного обучения // Школьные технологии 2003. – №6. – С.23-29.

ӘОЖ 633.54

ТІРЕК МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ЖОБАЛЫҚ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕУШІЛІК ІС-ӘРЕКЕТЕРІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

А.Бақыт

«Өрлеу» БАҰО» АҚ Қызылорда облысы бойынша филиалы, Қызылорда қ.

Аңдатпа. Мақалада тірек мектеп жағдайында оқушылардың жобалық және зерттеушілік іс-әрекеттерін ұйымдастыру жолдары қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматриваются организация проектной и исследовательской деятельности учеников в условиях опорной школы.

Abstract. This article considers organization of projects and research works of student's at supporting schools.

Тірек сөздер: тірек мектеп, ресурстық орталық, жобалаушылық дағды, зерттеушілік дағды.

Ключевые слова: опорная школа, ресурсный центр, проектная деятельность, исследовательская деятельность.

Keywords: support school, resource center, project activities, research activities.

Қазіргі кездегі өзекті мәселелердің бірі ресурстық орталықтарда мемлекеттік білім беру стандартының деңгейлерін орындау, оның ішінде ауылдық жердегі мектеп оқушыларының білім сапасын көтеру және 12 жылдық білім беруге өту барысында бейіндік оқытуға көшуді қамтамасыз етудің бірден-бір мүмкіндігі болып табылады. Тірек мектебі (ресурстық орталық) – ауылдық жердегі білім алушылардың білім сапасы мен дамуын қамтамасыз ететін, ауылшаруашылық зертханаларын және шеберханаларды, мәдени орталықтарын, спорттық-сауықтандыру кешендерін, кәсіби лицейлерін, мектепке дейінгі мекемелерін, кіріктірілген барлық кадрлық, материалдық-техникалық, ғылыми-әдістемелік ресурстарына шағын жинақты мектептер кіретін бірыңғай мақсат пен міндеттері біртұтас білім беру жүйесі. ТМ (РО) білім беру кешені оған кірген магниттік мектептердің құқығын,

әкімшілік және экономикалық дербестігін сақтайды және түрлі деңгейлі білім беру бағдарламаларын жүзеге асырады.

Жоғары деңгейде оқу-материалдық база қорлары және кадрлық потенциалы бар, білім беру сапасына қол жеткізуге кепілдік бере алатын жалпы білім беру мекемесі тірек мектебі (ресурстық орталық) бола алады. Мекеменің тірек мектебі (ресурстық орталық) режиміне ауысуы, мектептің типі сақталып, жарғыға және білім беру процесін ұйымдастырушылық-құқықтық түрлеріне өзгерістер енгізіледі [1].

ТМ-нің (РО-тың) іс-әрекеттерінің мазмұны:

- білім беру бағдарламаларының үздіксіздігін және сабақтастығын қамтамасыз ететін, білім беруді дифференциациялау және жекешелендірілетін білім беруде оқу-тәрбие процесінің моделін құру;

- білім процесінің психолого-педагогикалық деңгейін арттыру және оқу-әдістемелігін әзірлеу;

- оқушыларды бейіндік оқытуға және мамандық алуға дайындық жасау;

- бірыңғай ақпараттық-білім беру кеңістігін қалыптастыру және қашықтан оқытуды ұйымдастыруына жағдай жасау;

- полимәдениетті білім беру кеңістігін құру;

- модульдік оқыту технологиясын қолдану;

- балалардың жан-жақты дамуына және қосымша білім беру мүмкіндіктерін кеңейтуге жағдай жасау.

Оқушылардың білім процесіндегі зерттеушілік мәдениетінің дамуындағы маңызды рөлді педагогикалық іс-әрекеттер алады. Ресурстық орталықтар мен шағын жинақты мектептер үшін ұйымдастырылатын сессия және сессияаралық кезеңдерін жүзеге асыру барысында жобалық-зерттеушілік іс-әрекеттерін дамытуға бағытталған жұмыстар үздіксіз жүргізілуі қажет. Мәселен, ресурстық орталықта үш сессияны өткізу жоспары төменде беріліп отыр.

Күзгі сессия

Мақсаты: оқушылардың ақпарат көздерімен жұмысты ұйымдастыра алу қабілеттерінің дамуына қолайлы орта жасау.

Міндеттері:

- оқушының электронды кітапханада картотекамен жұмыс дағдыларын дамыту;

- күнделікті баспа материалдарын дайындауда, жұмыс дағдыларын жетілдіру;

- ақпаратты іздеу процесін дамыту дағдыларын жоспарлау;

- ақпаратты жинау және іздену дағдыларын жетілдіру;

- алынған ақпараттар бойынша сын көзбен қарап, материалдарды іріктеу дағдыларын дамыту;

- қажетті ақпараттарды қолдануда бағалау дағдыларын қалыптастыру.

Сессияаралық кезең

1. Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I кезеңі бойынша дербес маршруттық парақтар, нұсқаулықтар бойынша әрекет.

2. Оқушы күнделігін жүргізу.

3. Жұмыс портфолиосын жинақтау.

4. Оқушы әрекетін талдау (түзету, кеңес беру).

Қысқы сессия

Мақсаты: жинақталған ақпаратты, алынған нәтижені сараптау, нақтылау және оны қайта қарау арқылы оқушының сараптамалық, модельдеу, зерттеушілік мәдениетін дамытуға жағдай жасау.

Жұмыс процесінде оқушылардың зерттеушілік мәдениетін дамыту.

Міндеттері:

- оқушылардың алға қойылған міндеттерді шешу біліктіліктерін қалыптастыру;

- алынған ақпарат нәтижелеріне аналитикалық талдау жасау машығын игерту;

- мәселені анықтау және оны шешу жолдарын жоспарлау дағдысын жетілдіру.

Сессияаралық кезең

1. Жобалау әрекетіндегі зерттеудің II кезеңі бойынша дербес маршруттық парақтар, нұсқаулар бойынша әрекет.

2. Оқушы күнделігін жүргізу.

3. Жұмыс портфолиосын жинақтау.

Көктемгі сессия

Мақсаты: ғылыми зерттеудің теориялық және эмпириялық әдістерін меңгере отырып, өмірлік мәселелерге бағдарлануға, кәсіби құндылықтарды түсінуге және өзінің кәсіби мүмкіндіктерін бағалауға қабілеттілігін дамыту.

Міндеттері:

- ақпараттарды қандай контексте жазылғандығын салыстыру қабілетін дамыту;

- ғылыми сұрақтарға жауап беруге қажетті фактілерді іріктеу, оны зерттеу үрдісінде қолдану білік-дағдысын қалыптастыру;

- дәйектерді, деректер мен мәтіндерді ой елегінен өткізу, бағалау қабілеттерін ұштау.

Сессияаралық кезең

Жоба жұмыстарын қорғауға дайындау, рәсімдеу

Жазғы сессия

Мақсаты: Оқушылардың ақпарат көздерімен жұмыс жасау процесінде зерттеушілік мәдениетін дамытуға жағдай жасау.

Міндеттері:

- берілген негіздеме бойынша өзін-өзі бағалау дағдыларын дамыту;
- қорытынды жасауда біліктілік дағдыларын қалыптастыру.

Шағын шинақты мектеп оқушыларының ресурстық орталықтарда жобалау-

шылық, зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға бағытталған қолданбалы және таңдау курстарының жоспары, жобаға қатысу туралы үлгі жоспарын төмендегі кестеден байқауға болады (1-кесте).

1- кесте.

Кезеңдер	Ізденіс жұмыстарының мазмұны
Қыркүйек – сессия алды жұмыстары	- оқушылардың қалауы бойынша курсты таңдауы, бекіту, курстың I-модулі бойынша зерттеудің кеңейту жолдарын қарастыру, жоба тақырыбын анықтау; - кәсіби таңдауларын анықтау және күшейту. - зерттеу және жоба жұмыстарын анықтау. - жеке бағдар құру.
Күзгі сессия	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I-кезеңін жүзеге асыру.
Сессияаралық жұмыс	I-кезең бойынша жеке бағдар құрастыру. Зерттеулік және жобалау әрекеттері. Оқушы күнделігін жүргізу. Оқушы портфолиосын жинақтау. Оқушы әрекетіне талдау (түзету, кеңес беру).
Қысқы сессия	Жобалау әрекетіндегі зерттеудің I-кезеңін жүзеге асыру. I-кезеңнің оқушы портфолиосын бағалау.
Сессияаралық II кезең	II-кезең бойынша жеке бағдар құрастыру. Зерттеулік және жобалау іс-әрекеттері. Оқушы күнделігін жүргізу. Жұмыс портфолиосын жинақтау. Оқушы әрекетіне талдау (түзету, кеңес).
Көктемгі сессиясы	III-кезең бойынша зерттеу және жобалау әрекеттері. Оқушы портфолиосының рейтингін бағалау.
Сессияаралық III- кезең	Жобаларды қорғауға дайындық; Оқушы портфолиосының рейтингін шығару, бағалау.
Жазғы сессиясы	Жобаларды қорғау. Қорытынды жасау, бағалау. Рефлексия.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Дүйсебек А.Т., Қонтаев С.С., Түкбай А.Б. *Тірек мектебі (ресурстық орталықта) сессиялық және сессияаралық кезеңдерде оқу-тәрбие процесін жоспарлау. Әдістемелік нұсқау.* – Астана, 2012. – 40 б.
2. *Білім беру ұйымдарының басшыларына арналған «Тірек мектептерінің (ресурстық орталық) білім беру қызметін жобалау». Әдістемелік құрал.-Қарағанды, 2012. – 125 б.*

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАСТАМАЛАР

Қ.А. Рахымжанов

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Т.А. Сатбекова

Физика-математика бағытындағы Назарбаев Зияткерлік мектебі, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада мәтінмен жұмыс әдістемесі зерттеледі. Мәтінмен жұмыс жасағандағы мақсаттар мен міндеттер қарастырылып, мәтіндік тапсырмалардың әртүрлі түрлері талданады.

Аннотация. В статье исследуется методика работы с текстом. Рассматриваются цели и задачи, обозначенные при работе с текстом, также анализируются различные виды текстовых заданий.

Abstract. Methodics of the work with text are researched in article. It is considered purposes and problems persecuted during the work with text and different types of the text tasks.

Тірек сөздер: қазақ тілі, инновациялар, мәтін, айтылым, жазылым, оқылым.

Ключевые слова: казахский язык, иновации, текст, говорение, письмо, чтение.

Keywords: the Kazakh language, innovations, text, speaking, writing, reading.

«Бала тәрбиелеу – болашаққа ең үлкен инвестиция. Біз бұл мәселеге осылай қарап, балаларымызға жақсы білім беруге ұмтылуымыз керек».

Н.Ә.Назарбаев

Жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу сапасын жақсарту мұғалімдерге жүктелген. Мұның өзі оқытудың тиімді әдістерін іздестіруді, сабақ сапасын жаңа деңгейге көтеруді талап етеді. Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептердің алдында үлкен міндеттер тұр. Ол заман талабына сай, рухани дүниеге бай жас жеткіншектерді тәрбиелеп шығару.

Сондықтанда бүгінгі таңда елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, әлемдік білім беру кеңістігіне еруге бағыт алуда. Себебі білім саласындағы түбегейлі өзгерістер мен жаңа бастамалар білім беру мазмұнының жаңаруына, білім беру парадигмасында жаңа көзқарасқа жол ашты. Жалпы инновация термині қазіргі білім берудің теориясы мен тәжірибесінде кеңінен қолданылып жүр. Ғалымдардың еңбектерінде инновация термині «өзгеріс», «жаңа», «жаңалық енгізу» деген ұғымдармен түсіндіріледі. “Инновация” ұғымын ғалым Немеребай Нұрахметов: “инновация, инновациялық үрдіс деп отырғанымыз – білім беру мекемелерінің жаңа-

лықтарды жасау, меңгеру, қолдану және таратуға байланысты бір бөлек қызметі” деген анықтаманы ұсынады.

«Білім – ғылым – инновациялар» үштігі билеген постиндустриялық әлемге қарай жылжыған заманда оқушыға білім беру барысында мұғалім инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушының білім алуға өзі ізденіп, ғылыми негіздерін өз бетінше игеруіне қарай бағыттап отыруына жағдай туғызу керек. Мұғалім жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, әлемдік білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал етуші, қоғамның қозғаушы генераторына айналуы тиіс.

Назарбаев Зияткерлік мектептері бүгінгі таңда білім жүйесінде жаңа инновацияға бетбұрыс жасауда. Сабақ беру процесінде мұғалімдердің алдыңғы қатарлы елдердің іс-тәжірибелерін, түрлі инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдана отырып оқушының бойында ұтқырлық, сындарлылық қабілеттерін шыңдауда.

Назарбаев Зияткерлік мектептерінің Кіріктірілген оқу бағдарламасының негізгі

мақсаты - сөйлеу әрекетінің түрлерін (айтылым, жазылым, тыңдалым, оқылым) дағдыларын қалыптастыру, дамыту. Бұл дағдылар – коммуникативтік дағдылар болып табылады және әлемдік тәжірибеде тілді тиімді меңгерту осы дағылар арқылы жүзеге асуда. Коммуникативтік дағдыларды басшылыққа ала отырып оқыту – оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Аталған дағдылардың өзіне тән ішкі дағдылары мен үйрету жолдары, ішкі ерекшеліктері бар. Ал сабақты аталған дағдылардың ерекшелігін ескеріп құру, тілді тиімді меңгеруге септігін тигізетіні даусыз.

Қазақ тілі сабағында төрт дағдының ішінде оқылым дағдысының тілді меңгертудегі орны ерекше деп есептейміз. Бұрынғы білім беру жүйесінде оқылым дағдысын мәтінді оқу, оған қатысты сұрақтарға жауап беру, мазмұндау деп қабылдадық. Мәтіннің ішкі құрылымына аса назар аудармаған жайымыз да болды. Оқыту әдістемесімен айналысып жүрген ғалым Р. Шаханова төмендегідей пікірімен сабақтастырады: «Мәтінмен байланысты жүргізілетін жұмыстар тілдік әрекеттер арқылы орындалады. Осы тілдік әрекеттерге жатыққанда, дағдыланғанда ғана, студент қазақша қарым-қатынас жасай алады» [7, 59]. Әдістеме іліміндегі тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми негізін қалаған ғалым Ф. Оразбаева: «Сөйлесім әрекеті – белгілі бір ойды, хабарды не деректі баяндау және оны екінші біреуге жеткізу арқылы онымен түсіністікке жету» [8, 54], - дей келе, тілдік қатынасқа байланысты сөйлесім әрекетінің өзін іштей беске бөліп (оқылым, жазылым, тыңдалым, айтылым, тілдесім), әрқайсысына жеке-жеке тоқталады. Мәтінді игертуде, түсінуде тілдік дағдының бірі оқылымның маңызы ерекше. Алдымен оқылым дегеніміз не? - деген сауалға жауап іздейтін болсақ, оқылым- қабылдау дағдыларына жататын дағдының бірі. Оқылым дағдысында оқушының мәтінді жазудан, айтудан гөрі мәтіннің ішкі дағдыларына назар аударта отырып оқыту әлдеқайда тиімді. Бұл тілдік

дағдының ішкі түріне танымдық оқылым, зерделік оқылым, ізденімдік оқылым, көрсетімдік оқылым деген түрлері жатады.

Оқылым стратегиясының бұл түрлері оқушының мәтіннің мазмұнын түсінумен қатар мәтіннен қажетті ақпаратты таба алу, мәтіннің негізгі идеясын анықтау, мәтіндегі ақпаратты баяндама, тезис жазу барысында қолдана алу, мәтіндегі сөйлемдердің грамматикалық құрылымын анықтай алу, белгілі бір тақырыпқа қатысты сөздерді талқылау, мәтіндегі тірек сөздер мен сөз тіркестерінің мағынасын тану т.б. дағдыларын қалыптастырады.

Қазақ тілі сабағында мәтінмен жүргізілетін тапсырмалардың түрлерін мына бағытта ұйымдастыруға болады. Мысалы, «Сөйлемдердің орын тәртібі мен абзацтардың ретін тап. Мәтінге қатысы жоқ абзац пен сөйлемді анықта» Бұл тапсырманы орындату арқылы оқушының мәтіннің құрылымын түсінгенін анықтай аламыз.

Ал оқушының мәтіннен қажетті ақпаратты таба алу дағдыларына байланысты тапсырманы былай беруге болады. «Мәтіннен ... туралы айтылатын сөйлемдерді табыңыздар. Мәтінде ол туралы не себепті айтылған және қалай?», «Мәтінді оқы. Мәтінде көтерілген басты аспектілерді дәптерге жаз. Мәтінге сай 5 сұрақ құрастыр.». Бұл тапсырманы орындау барысында оқушы мәтіннен негізгі ақпаратты анықтап қана қоймайды, сұрақтарға жауап беру барысында мәтінді толық түсініп меңгергендігін білуге болады. Сондай-ақ мәтіндегі фактілік мазмұндағы оқиғаларды түсіну мақсатындағы тапсырмаға «мәтіндегі мысалдардың факті немесе автор пікірі екенін дәлеле», «Мәтіндегі ақпараттың «шын», «жалған» ақпарат екенін ажырат» сияқты тапсырма оқушының автордың көзқарасы мен фактіні нақты тану дағдысын қалыптастыруға негіз бола алады.

Оқылымға қатысты жұмысты мынадай кезеңдерге бөліп қарастыруға болады:

1) мәтінмен жұмыстың алдыңғы кезеңі;

2) мәтінмен жұмыс кезеңі;

3) мәтін соңындағы жұмыс кезеңі деп бөлуге болады.

Мәтінмен жұмыстың алдыңғы кезеңіне оқушыларға тек қана мәтіннің тақырыбын ғана беріп, соған сай «Мәтін не туралы болуы мүмкін? Неге?» немесе мәтінмен жұмыс кезеңі барысындағы тапсырманы «Тақырып атауының мәтін ішіндегі сөздерде кездеспеуіндегі автор мақсатын түсіндір», «мәтінге қатысты бірнеше ашық сұрақтарды сыныптасыңа қой», «мәтіндегі ойға өз көзқарасыңды білдір, мәтіннен факті, мысалдар келтір» деген ашық сұрақтар оқушының сыни ойлауына, сыни көзқарасын қалыптастыруына негіз болады. Сондай-ақ білім алушының дербес ерекшеліктерін тануға, шығармашылығын қабілетін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Ал мәтін соңындағы жұмыс кезеңі тапсырманы «Мәтіндегі басты оқиғаларды тезис немесе атаулы сөйлем түрінде жазыңыздар. - Өздерің оқыған мәтіндер арқылы «...» тақырыпта жарыс сөз ұйымдастырыңыздар», «Мәтінді оқыңыздар. Мәтіннен алынған ақпаратты пайдалана отырып, «...» тақырыпта хабарлама жасаңыздар», «Мәтін негізінде жазылған автордың қай ойымен, көзқарасымен келісесіз немесе келіспейсіз? Неліктен?», «Мәтіндегі ең қызықты, ең маңызды ақпарат қайсысы деп ойлайсыз? Неге?», «Мәтін бойынша кілт сөздер мен тірек сөздер теріп жаз. Мәтінмен байланыстыра отырып талқыла»

Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әбдікәрімова Т. М. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы: монография / -Павлодар: ЭКО, 2007. 332 б

2. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас пен қатысым әдісінің ғылыми-теориялық негіздері. Пед.ғыл. докт.дис.-Алматы, 1996 ж.

3. Бейсенбекова Г.Т. Оқылым процесі: Теориясы мен әдістемесі. –Оқу құралы. -Алматы: Мария ЖШС, 2003. - 54 б.

4. Гаряева, Л. Р. Обучение чтению: методические указания по подготовке к Интернет-экзамену для студентов 1 и 2 курсов ФЭУ и ИКЖ очной и заочной форм обучения по специальностям 080507 «Менеджмент организации», 080801 «Бухгалтерский учет, анализ и аудит», 080106 «Прикладная информатика в экономике»; дисциплина «Английский язык» / Л. Р. Гаряева ; Минобрнауки России, Урал. гос. лесотехн. ун-т, Каф. профессиональных коммуникаций. - Екатеринбург: УГЛТУ, 2011. - 31 с.

деген тапсырмалар оқушының өзін-өзі реттей алуына, өзінің оқуы жөнінде ой жүгірте алуына, өзінің білім қорын сыни тұрғыдан ойластыра алу қабілетін арттырып қана қоймайды, сондай-ақ бір-бірінің идеяларын талқылауына, баға беруіне, ұжымдық білім мен түсінікті қалыптастыра алуына ықпал етеді.

Мәтінмен жұмыс жасау барысында мұғалімнің мәтіннің қисындылығына, оның оқу мақсатына сай екендігіне, мәтіннің аутенттілігіне де аса назар аударған жөн. Аутентті мәтіндер оқушының сабақ мақсатына жетудің кепілі болып саналады, оқушының бар ынтасымен сабаққа қатысушылығын, мәтінді топта, жұпта талқылау барысында қызығушылық танытуын, пікірталас, диалогке түсуін, білімін сабақта қолдана алатын дағдысын жетілдіруге септігін тигізеді.

Оқылым дағдысы оқушылардың жеке, өзіндік мүмкіндіктерін ескере алу, сабаққа белсенді қатысу, өз ойын жеткізу, өзіндік таңдау жасауына мүмкіндік туғызу, шығармашылық, танымдық қабілеттерін арттыру, оқу материалын өмірмен байланыстыру, оқушыларды білімді өз бетімен меңгеру секілді дағдыларының дамуына себепші болады.

Қорыта келе, тілдік дағдылар арқылы оқыту – білім алушының жеке басының дара және дербес ерекшеліктерін ескеріп, олардың өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылығын қалыптастыру болып табылады.

ФИЗИКАНЫ ЗАМАНАУИ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ

Н.Р. Өтепов

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі айтылып, осы тұрғыда «Физика» пәнін оқытудың әдіс-тәсілдерін инновациялық, заманауи сабақтармен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру жайы қарастырылған. Жалпы физика курсының оқу бағдарламасының ерекшеліктері көрсетілген.

Аннотация. В статье рассмотрена необходимость интеграции Казахстана в мировое образовательное пространство, рассмотрены методы преподавания предмета «Физика» инновационными и современными способами, что повышает качество общеобразовательных показателей. Показаны особенности изучения программы общего курса физики.

Abstract. The article describes the need to enter extensive knowledge in Kazakhstan, the methods of teaching Physics by innovative and modern methods. The reason for the reduced interest and reluctance to study Physics in secondary schools is teaching of the subject by old traditional methods.

Тірек сөздер: инновация, заманауи әдістер, жан-жақтылық, қабілеттердің дамуы, терең білім.

Ключевые слова: инновация, современные методы, всесторонность, развитие навыков, глубокие знания.

Keywords: teaching Physics, innovation, modern methods, comprehensive, development of skills, in-depth knowledge.

XXI ғасыр жаһандық жаңалықтардың ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры. Ол қазіргі кезеңде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, әлемдік қоғамдастықтағы орнын анықтап, халықтың өмір сүру сапасы мен деңгейін көрсетуде маңызды рөл атқарады. Жаһандану дәуірі – әлемдегі елдердің бәсекелестік жағдайында халықаралық деңгейде өзара кірігу үрдістерінің жандану дәуірі, сондықтан, білім – пайдалы инвестиция саласы ретінде еліміздің экономикалық, әлеуметтік және саяси даму тұрақтылығын қамтамасыз етеді.

Бүгінгі күнгі мектеп пен жоғары оқу орындарының басты міндеті – бәсекеге қабілетті білікті жастар мен мамандарды дайындау екендігі даусыз. Заман талабы өзгерген сайын мектеп пен жоғары оқу орындарына қоғам тарапынан қойылатын талап та өзгереді. Сол талаптардың маңыздыларының бірі педагогикалық үдерісінде инновациялық іс-әрекет жүргізу қажеттілігі.

Бүгінгі таңда Қазақстанның дүниежүзілік білім кеңістігіне ену қажеттілігі көтеріліп отыр. Осы тұрғыда білім беру мәселесін, әдіс-тәсілдерді инновациялық

үрдістермен алмастыру арқылы жалпы білім сапасын арттыру көзделген. Осы орайда әрбір мұғалім озық технологияларды терең талдаудан өткізіп, өзіне тиімдісін таңдауы керек. «Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» – деп елбасымыз өз жолдауында айтқандай, еліміздегі білім беру жүйесіне заманауи әдістердің қосылуы ел болашағынан үміт күтер әрбір оқытушының мүдделі мақсаты.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда ақыл-ой мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту мектеп пен жоғары оқу орындарының басты міндеті болып отыр. Ал, бүгінгі білім кеңістігіндегі ауадай қажет жаңару мұғалімнің қажымас ізденімпаздығы мен шығармашылығының жемісімен келмек. Сондықтан да, әрбір білім алушының қабілетіне қарай білім беруді, оны дербестікке, ізденімпаздыққа, шығармашылыққа тәрбиелеуді жүзеге асыратын жаңартылған педагогикалық технологияны меңгеруге үлкен бетбұрыс

жасалуы қажет. Өйткені мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқу үрдісін ұйымдастыру инновациялық технологияны ендіруді міндеттейді.

Жалпы физика курсының оқу бағдарламасы басқа пәндердің оқу бағдарламасымен салыстырғанда ерекшеліктерге ие. Физика табиғат туралы ғылым болғандықтан барлық жаратылыстану пәндерімен тікелей немесе жанама байланысы бар. Орта мектептерде физика сабақтарының әлі дәстүрлі әдіс негізінде түсіндірілуден шыға қоймағанын оқушылардың физика ғылымына ынтасының аздығымен тікелей дәлелдеуге болады. Сондықтан да бүгінгі жас оқушылардың бойына физиканы жаңа қырынан танытып қызықтыра түсудің жолдары қарастырылу керек. Оқытудағы белсенді әдіс-тәсілдерді сабақтарда тиімді пайдаланып, пәнаралық байланысты ескеріп, оқушылардың қызығушылығының оянуына ықпал жасау көзделген. Мысалы физиканы түсіндірерде биология, химия, математика, география, информатика керек болса тарих пен әдебиетпен байланыстыру сабаққа өзгеше бір атмосфера сыйлайды. Сабақты күнделікті өмірмен, тәжірибе, ғаламтор мүмкіндіктерімен байыта түскеннің берері мол. Физика пәніне арнайы жасалған шетелдік PhET PHYSICS, Interactive Physics, PHYSICS FLASH ANIMATIONS-AUSTRALIA сынды бағдарламалар және ғаламтордың онлайн жүйесінде жұмыс жасайтын Kahoot Game-based blended learning, EDMODO бағдарламалары, қарқынды дамыған мына заманда, назары жан-жаққа ауып оқу белсенділігі азайып бара жатқан кез-келген оқушының қызығушылығын оятады. Сондықтан да бүгінгі таңда педагогикалық технологияны таңдаудың маңызы ерекше.

Анасы мектептен келе жатып баласынан сұрайды: "балам бүгін сабақта не үйрендің?" Баласы іскерлік түрмен жауап береді: "бүгін ештеңені үйренгенім жоқ. Сабақ бойы тек мұғалім сөйледі. Ұйықтап қала жаздадым." Мұндай сабақ барысында қызметтің белсенді орталықтарын құруға мұғалім еңбек етуде: сөйлейді, жазады, талдайды, көрсетеді, пайымдайды, салыстыра-

ды, қорытынды жасайды және бағалайды. Ал, оқушылар тыңдап отырған пассивті бақылаушылар түрінде қатысады, бірақ оқу үдерісіне қатыспайды, олардың қатысу белсенділігі тек тыңдаумен ғана шектеледі. Мұндай жағдайларда бала қызығушылығы артқан басқа іспен айналысады немесе ұйықтап кетуі де мүмкін. Бұл жағдаят біздің дәстүрлі сабақтарымыздың көлеңкелі жері деуге болады. Осындай кемшін тұстар болмауы үшін заманауи үлгідегі сабақтарды қолдау, мектеп өміріне енгізу үлкен қажеттіліктің бірі болып отыр. Енді заманауи сабақтардың бізге берері не екенін атап көрсетер болсақ:

- мұғалім сабақты оқушының білімді өзі алуға мүмкіндігі болатындай етіп ұйымдастырады;

- әр оқушы өзінің интеллектуалды және шығармашылық әлеуетін барынша жүзеге асырып ортаға сала алады;

- оқушы барынша еңбек етеді;

- оқушы бір ғана тақырыпты ғана қамтымай, күнделікті өмірден мысалдар көріп, тұжырым жасайды;

- оқушы өзінің қасиеттері шегінде барынша белсенді әрекет етеді және өзі үшін пайдалы да маңызды білім немесе мәлімет алады;

- барлық оқушылар тепе-тең дәрежеде болады. Барлығына бірдей тапсырмалар және бірдей уақыт беріледі;

- өз елі қоғамының талаптарына сай мәдениетті және ізденіс үстінде жүретін оқушы қалыптасады;

- оқушыға әлемнің түрлі нүктелерінде заманауи өмірге ену үшін қажетті жағдайлар қалыптастырылады;

- мұндай сабақта барлық оқушылар еңбек терісін аямай жұмыс жасайды, ал мұғалім тек қана оқыту үдерісін басқарады;

- оқушы еңбек жасап, іздене отырып, өз жұмысына өзі баға береді.

Жалпы физика курсы оқытудың жаңа инновациялық әдістері жалпы және теориялық физика курсының әдіснамалық мәселелерін заманауи және ғылыми ақпараттық технологияларды физиканы оқытуда пайдаланудан, физикалық

тәжірибелер мен демонстрациялардың компьютерлік модельдері және оны оқу процесінде қолданудан, физиканы оқытуда жаңа бағдарламалық құралдарды және интерактивті әдістер мен технологияларды пайдаланудан тұрады. Қызықты да көңілді ғаламтор жүйесінің мүмкіндіктері мен бағдарламалары кез келген оқушының белсенділігін арттыруда. Сабақты қазіргі физика ғылымының даму жетістіктерімен байланыстыра отырып үйрету жолдарын қарастыру бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Бұл жолда дамыған елдердегі физика ғылымының даму тарихын зерттеген жөн.

Заманауи сабақ бізден нені талап етеді?

- Заманауи сабақ жай сөз түрінде ғана емес, практикалық оқу жұмысын жоспарлау мен ұйымдастыруда негізгі әрекеттегі элементі оқушы болғанын талап етеді.

- Заманауи сабақтың мақсаты нақтылықпен, оған жету құралдарының инновациялығымен және қолайлылығымен ерекшеленеді.

Заманауи сабақты мақсат еткен әрбір мұғалім ең алдымен шығармашылық ізденісте болуы қажет. Оқу жоспарлары мен материалдарының үнемі жаңартылғанын қадағалап, қажетті ақпаратты іріктеп отырады. Сабақта оқушыларға білім алуға кедергі жасалмауын, яғни оларға жұмыс жасау үшін көбірек уақыт берілуін басты назарда ұстайды. Оқулықта артық ақпарат көп болса, қажетті және жеткілікті ақпаратты қалай бөліп алу керектігін ойластырып, оқушылардың аз уақытта көп мағлұматпен сусындалуына ықпал жасайды.

Қазіргі заманғы мектеп және жоғары мектептегі оқыту үдерісінде:

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Демидова М.И., Коровин В.А. *Методический справочник учителя физики*. - М.: Мнемозина, 2003. - 272с.
2. Селевко Г.К. *Педагогические технологии на основе активизации, интенсификации и эффективного управления учебно-воспитательным процессом* / Г.К.Селевко. - М.: НИИ школьных технологий, 2005. - 180 с.
3. Полат Е.С., Бухаркина М.Ю., Моисеева М.В., Петров А.Е. *Новые педагогические и информационные технологии в системе образования: учеб. пос. для студ. пед. вузов и системы повышения квалификации пед. кадров / под ред. Е.С. Полат*. - М.: Академия, 2001. 271 с.
4. http://www.ijhssnet.com/journals/Physics_teaching_methods
5. <http://www.spacephys.ru/sbornik-tezisov-konferentsii-uchitelei-sovremennye-metody-prepodavaniya-fiziki>
6. http://ru.wikipedia.org/wiki/Современные_методы_обучения_физики

1. Мұғалім оқыту кезінде билік жүргізу әдісінен арылуы керек.

2. Оқыту үдерісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс.

3. Балалардың оқуға деген ынтасын күшейту керек.

4. Оқушының дербестігі мен белсенділігін дамыту қажет.

5. Оқу, дамыту жұмысын ұтымды жүргізу үшін баланың табиғи талабын, қасиетін дер кезінде айқындау керек.

Осы қағидалар негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу – оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан-жақты білім алуына көмектеседі.

Заманауи сабақты оқытудың мақсаты – ғылыми танымның нәтижелерін ғана емес, сол нәтижелерді алу үдерісін меңгеру, оған оқушының интеллектуалдық, эмоционалды және т.б. басқа орталарын қалыптастыру мен дамыту, оның жеке қабілеттерінің дамуы, яғни проблемалық-дамытушы оқытуда оқушыларға ғылымның дайын қорытындыларын беру емес, баланың жалпы дамуы мен ізденісінің нәтижесіне жетуіне көңіл бөлінеді. Құрғақ білімді беріп қана қоймай оны оқушының көз алдына қызылды-жасылды етіп нақтылап көрсете білгенге не жетсін.

Қазіргі заманғы мұғалімнің басты мақсаты – оқушыны терең білім алу мен сапалы ойлауды дамытуға жетелеу болып есептеледі. Қазіргі заманның ұшқыр ұстазына қойылып отырған үлкен талаптың бірі осы болса керек.

**ВОСПИТАНИЕ ТОЛЕРАНТНОСТИ
ОБУЧАЮЩИХСЯ:
СОСТОЯНИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ
РАЗВИТИЯ**



Баубекова Г.Д.
д.п.н., профессор

29 мая 2015 года в Национальной академии образования им. И.Алтынсарина состоялся круглый стол на тему «Воспитание толерантности обучающихся: состояние и перспективы развития», посвященный 20-летию Ассамблеи народа Казахстана. Он собрал для обсуждения не только ученых-педагогов, философов, психологов, социологов, религиоведов, но и практиков - организаторов системы образования, заместителей руководителей организаций образования по воспитательной работе, классных руководителей и кураторов групп. Мероприятие было проведено в соответствии с Планом работы Департамента дошкольного и среднего образования, информационных технологий МОН РК по знаменательным мероприятиям 2015 года.

Открыла заседание Круглого стола главный ученый секретарь НАО, к.и.н., доцент А.М. Мамырханова. В своем выступлении она отметила, что Казахстан – полиэтническая и многоконфессиональная страна, продвигающая идеи толерантности и межнационального согласия.

Современное казахстанское общество успешно предпринимает целенаправленные меры по дальнейшему упрочению единства и согласия в обществе, создавая различные общественные организации, способствующие формированию у всех

казахстанских этносов чувства веротерпимости, взаимопонимания и взаимопомощи. Несомненно, что главенствующую роль в этом плане играет Ассамблея народа Казахстана - организация, не имеющая аналогов в других странах, как в СНГ, так и дальнего зарубежья, и находящаяся под патронажем ее создателя – первого Президента Казахстана Н.А.Назарбаева. Мамырханова А.М. призвала участников круглого стола обсудить актуальные вопросы воспитания толерантности молодежи в контексте выступления Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Современное государство для всех: Пять институциональных реформ», приобщения детей и молодежи к ценностям глобализирующегося мира через родную культуру и уважение к культуре других народов, внедрения эффективных механизмов воспитания подрастающего поколения в духе межэтнической толерантности.

Модератором круглого стола выступил заведующий отделом воспитания и этнокультуры НАО им.И.Алтынсарина, д.п.н., профессор Наурызбай Ж. Ж., который отметил, что, выступая на XVI сессии Ассамблеи народа Казахстана, Президент РК Н.А. Назарбаев подчеркнул: «...толерантность стала важным фактором успешного и уверенного развития Казахстана. Эти принципы отражают дух и внешней, и внутренней политики нашей страны». Укрепление суверенитета и национальной государственно-

сти, атмосферы межэтнической толерантности и общественного согласия выдвигает новые парадигмы этнонациональной политики и ее главных концептов: толерантности, согласия, стабильности.

Наше единство основано на высоких нравственных идеалах, призывающих к терпению, миролюбию, милосердию. Наш общий долг, долг каждого, кто любит Казахстан, – сохранять духовные и культурные ценности, беречь и укреплять единство народа и стабильность в стране.

В данный момент в Казахстане идет реализация «100 конкретных шагов» – фронтальных задач, раскрывающих колоссальный потенциал развития Казахстана. Этот план обозначил магистральный путь в будущее для миллионов казахстанцев.

Круглый стол НАО стал диалоговой площадкой учёных-теоретиков и опытных практиков, методистов, организаторов.

Кандидат исторических наук, старший преподаватель кафедры Евразийских исследований Евразийского Национального университета имени Л.Н. Гумилева Сайлаубаева Н.Е. отметила большую роль Ассамблеи народа Казахстана в воспитании толерантности молодёжи. Её выступление «Роль Ассамблеи народа Казахстана в реализации казахстанской модели общественного согласия и национального единства» вызвало интерес присутствующих. Заместитель директора профессионально-технического колледжа г.Астаны Ултраков Ж.Р. подчеркнул, что Казахская модель межэтнического и межконфессионального согласия должна стать темой специального семинара, т.к. национальная проблематика относится к числу центральных в социально-политической жизни и массовом сознании современного казахстанского общества, особенно молодёжи.

Определённым подтверждением этого является огромное количество книг, газетных и журнальных статей, радио- и телепередач и программ, интернет-публикаций по этой проблематике, и педагоги должны ориентировать и направлять интересы и побуждения студенческой молодёжи.

Доктор социологических наук, профессор, академик Академии социальных наук

Казахстана, проректор по науке и международным связям университета «Астана» Габдуллина К.Г. в выступлении на тему «Формирование толерантности в молодежной полиэтнической и поликонфессиональной среде» рассказала, какие механизмы в воспитании толерантности молодёжи сейчас наиболее эффективны. Она отметила, что в Казахстане сложилась устойчивая модель взаимодействия этносов и религий, обеспечивающая стабильность атмосферы социализации и согласия в обществе. Профессор привела слова Президента Н.А. Назарбаева о том, что «наша модель межнационального и межрелигиозного согласия – это реальный вклад Казахстана в общемировой процесс взаимодействия различных конфессий».

Поддержание устойчивости модели межэтнического и межконфессионального согласия требует неустанных усилий и со стороны государства, и со стороны гражданского общества. Необходим постоянный мониторинг ситуации в данной сфере, взаимодействие всех заинтересованных сторон.

Габдуллина К.Г. обратила внимание участников круглого стола на основные принципы, на которых строятся межконфессиональные отношения в Казахстане:

1. Конституция Республики Казахстан и законы гарантируют защиту свободы совести и вероисповедания.

Конституция РК запрещает любые формы дискриминации по конфессиональному, этническому и иным признакам. Закон «О свободе совести и вероисповеданий в Республике Казахстан» создал правовые основы для свободного функционирования религиозных объединений. Казахстан присоединился к важнейшим международным соглашениям и договорам в области прав человека, в том числе к фундаментальным пактам ООН в этой сфере.

2. Государство создает равные и благоприятные условия для реализации конфессиями своих функций. Это способствовало значительному росту количества религиозных объединений за период независимости.

Несмотря на то, что большинство населения Казахстана считает себя мусульманами, это не мешает полноценному функционированию других вероисповеданий. Об этом свидетельствует многократное увеличение численности немусульманских религиозных объединений. За годы независимости количество православных, католических и протестантских общин выросло в несколько раз. Действуют организации иудеев и буддистов.

3. Важным направлением политики государства является поддержка межконфессионального диалога. По инициативе Президента Н.А. Назарбаева создан уникальный институт межнационального и межконфессионального диалога - Ассамблея народа Казахстана.

Доктор политических наук, профессор кафедры политологии ЕНУ имени Л.Н. Гумилева Калиев Н.К. в выступлении на тему «Об этнической и конфессиональной толерантности учащейся молодежи» отметил, что молодежь независимого Казахстана воспитывается на образах реального воплощения идей мира и согласия, инициированных Главой государства Н.А. Назарбаевым. Наша молодежь является не просто свидетелем, но и соучастником многих миротворческих дел, которые осуществляет руководство страны внутри страны и на международной арене. Философы и педагоги современности высказывают мнение о том, что воспитание толерантности в человеческих отношениях, формирование менталитета толерантности является стратегической задачей образования в XXI веке. Современная личность может жить и трудиться лишь в условиях многообразия культуры. Отсюда следует, что воспитание толерантности должно представлять собой системный, целенаправленный процесс. Нужно создать систему воспитания толерантности не только внутри учебного заведения, а на более высоком социальном уровне, например, в масштабе целого региона. В формировании толерантного сознания и поведения подрастающего поколения очень важную роль призвано играть социальное партнерство и взаимодействие социальных институтов.

Сулкеева А.Ж., заместитель директора по воспитательной работе школы-лицея №71 г.Астаны, рассказала о содержании воспитательной работы в организациях образования Казахстана на примере своей школы. Тема её выступления: «Тәрбие: мәні және қоғамдағы рөлі».

Доктор педагогических наук, главный научный сотрудник отдела воспитания и этнокультуры НАО им. И.Алтынсарина Баубекова Г.Д., выступая по теме «Воспитание личности как субъекта межкультурных отношений», отметила, что в настоящее время, в эпоху открытого образовательного пространства, глобализации, академической мобильности необходимо и актуально формировать личность как субъект межкультурных отношений. Объективным основанием для межкультурной коммуникации являются различия между культурами, складывающиеся в процессе формирования каждой этнической культуры. Жизнедеятельность и отношения людей определяются существующими в той или иной культуре нормами, которые регулируют практически все области человеческого мышления и поведения и оказывают влияние на характер восприятия, оценки и межличностные отношения. Образование, воспитание, историческая память, традиции, обычаи и язык вырабатывают систему ориентаций, помогающую людям успешно справляться с житейскими ситуациями и различными проблемами. Стремление понять чужие культуры и поведение их представителей существует столько же времени, сколько существует культурное и этническое разнообразие человечества. Собеседники, вступая в контакт с представителем чужой культуры, обычно подготавливают различные коммуникативные средства, и это облегчает их взаимодействие. Так, носители языка, обладающие опытом межкультурного общения, стараются говорить более четко и медленно, избегают использования идиом, специфических слов и выражений, сленга и различных синтаксических конструкций. Баубекова Г.Д. отметила, что в Европе сегодня все активнее говорят о транснациональной компетентности – *transnational competence* – уровне

языковой и общей культуры, превосходящей национальные рамки. Для развития гармоничных межкультурных отношений в молодежной среде рекомендуется формирование следующих компетенций (по профессору Байраму):

- аналитическая компетенция – понимание верований, ценностей, практик, парадоксов другой культуры и общества – включая этническое, политическое понимание, способность установления связей, осознания условий инакости.

- эмоциональная компетенция – способность раскрытия (эмпатии) к разнообразным культурным опытам и влияниям, интерес и уважение к чужим культурам, ценностям, традициям, опытам – транснациональная межкультурная эмпатия.

- креативная компетенция – осуществление синтеза культур, транснациональный синтез, видение альтернатив, приемлемых вариантов, способность использовать различные культурные источники для вдохновения.

Поведенческая компетенция – не только владение (proficiency) языком, но и выступление в качестве переводчика, свободное использование межкультурных невербальных кодов (естественность), способность к избеганию коммуникативного непонимания при различных коммуникативных стилях, способность поддержания межперсональных отношений, ответы на транснациональные вызовы, давление глобализации (унификация, миграция).

Профессор Наурызбай Ж.Ж. оставил в своем выступлении на тему «Комплексная программа воспитания личности как субъекта межкультурных отношений: структура, содержание, механизм реализации». Программа строится на основе казахстанской модели общественного согласия и национального единства Президента Казахстана – Лидера Нации Н.А. Назарбаева.

Воспитание личности как субъекта межкультурных отношений является особенно актуальным для полиэтничного и многоконфессионального Казахстана. Культурное многообразие Казахстана –

ценность, которая не разделяет, а объединяет представителей различных этносов и этнических групп, укрепляет межэтническое, межкультурное и межконфессиональное согласие в обществе.

Организации образования Казахстана имеют богатый опыт воспитания личности как субъекта межкультурных отношений. Среди них – практика работы школьных ассамблей народа Казахстана, воскресных школ, центров этнокультурного диалога в школах, школ-гимназий с обучением на нескольких языках, АОО «Назарбаев Интеллектуальных школ», ряда общеобразовательных школ и др.

В то же время, в работе по межкультурному воспитанию детей и учащейся молодежи имеется большой потенциал.

Воспитательная работа по формированию личности как субъекта межкультурных отношений осуществляется через занятия, учебные предметы, внеурочную деятельность, дополнительное образование, через проекты и социальные практики, направленные на совершенствование межкультурных коммуникативных навыков учащихся. Содержание этой работы реализуется во всех направлениях воспитания, прежде всего в патриотическом, гражданском, правовом, духовно-нравственном, национальном, семейном и поликультурном воспитании.

Механизм реализации Программы основывается на взаимодействии всех участников образовательного процесса с привлечением родителей, при партнерском взаимодействии с общественными институтами социализации детей и предусматривает организационно-правовое, методическое и финансовое обеспечение Программы.

Конечным результатом реализации Программы предполагается положительная динамика роста уровня воспитанности молодежи на консолидирующих ценностях, на базе идеи Мәңгілік Ел, указанных в выступлении Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева «Современное государство для всех: Пять институциональных реформ» – гражданское равенство;

трудолюбие; честность; культ учености и образования; светская страна – страна толерантности.

Выступление профессора Наурызбая Ж.Ж. вызвало большое оживление классных руководителей, кураторов, которые готовятся в новом учебном году к составлению планов воспитательной работы кураторов, планов внешкольных и внеклассных мероприятий и т.д.

Например, Сулейменова А.К., Жусип А.А. из школы № 15 г. Астаны, учительница школы № 13 г. Астаны Бектурганова Т.К. уточнили направления воспитательной работы, механизмы внедрения, инновационные методы воспитания в организациях образования, внесли свои предложения, рассказали об интересном опыте работы.

Религиовед Кенжеев А.А., магистр философии кафедры философии Казахского агротехнического университета им. С. Сейфуллина, предложил свои идеи воспитания толерантности в поликонфессиональной среде. Тема его выступления: «Көпконфессиялы жастар ортасында толерантты қатынастарға қол жеткізу жолдары».

С докладом на тему «Психологические аспекты подготовки молодёжи к преодолению негативных проявлений в сфере межэтнических отношений» выступила магистр педагогики и психологии, старший преподаватель кафедры психологии КазГЮУ Булатбекова Н.Ж. Она отметила, что воспитание у учащейся молодежи современного Казахстана идей толерантности не должно ограничиваться примерами или только классными собраниями, которые являются эпизодически проводимыми мероприятиями с целью воспитания привития идей добра и мира. Процент молодежи, активно занимающейся общественной работой, составляет небольшую часть, причем даже в учебных заведениях. Необходимо серьезно задуматься о таком важном аспекте воспитательной работы, как воспитание и формирование толерантности. Воспитание в духе терпимости долж-

но быть направлено на противодействие влиянию, вызывающему чувство страха и отчуждения по отношению к другим. Оно должно способствовать формированию у молодежи навыков независимого мышления, критического осмысления и выработки суждений, основанных на моральных ценностях.

Основная цель воспитания в этом случае:

- содействовать максимально широкому распространению идей и социальных образцов толерантности, практическое приобщение к культуре толерантности детей;
- способствовать формированию личности, обладающей чувством собственного достоинства и уважения к людям, умеющей строить отношения в процессе взаимодействия с учащимися разных верований, национальностей на основе сотрудничества и взаимопонимания.

Её мысль продолжила Бектурсынова Р.А. – заместитель директора по воспитательной работе колледжа менеджмента и бизнеса г. Астаны. Она рассказала о системе воспитательной работы колледжей города.

На заседании Круглого стола также были обсуждены проблемы и перспективы национальной консолидации страны, трансформации мультиэтнического и мультикультурного общества в современную нацию, объединенную общими ценностями и символами.

В целом, как отметили участники дискуссии, Круглый стол «Воспитание толерантности обучающихся: состояние и перспективы развития», был информационно насыщенным и продуктивным в практическом отношении.

Было предложено ежегодно проводить круглый стол по этой тематике для анализа и подведения итогов происходящих процессов, а также для оценки точности прогнозов, сделанных в ходе работы Круглого стола.

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МЕН ҰЛТТЫҚ БІРЛІКТІҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ МОДЕЛІН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ РӨЛІ

Н.Е. Сайлаубаева

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан халқы Ассамблеясының қоғамдық келісім мен ұлттық бірліктің қазақстандық моделін жүзеге асырудағы рөлі қарастырылған

Аннотация. В статье рассматривается роль Ассамблеи народа Казахстана в реализации казахстанской модели общественного согласия и национального единства.

Abstract. The article discusses the role of the Assembly of Peoples of Kazakhstan in realization of Kazakhstan's model of social cohesion and national unity.

Тірек сөздер: Қазақстан халқы Ассамблеясы, қоғамдық келісім, тұрақтылық пен ұлттық бірліктің қазақстандық моделі, этносаралық қатынастар, қазақстандық патриотизм, толеранттылық.

Ключевые слова: Ассамблея народа Казахстана, общественное согласие, казахстанская модель стабильности и национального единства, межэтнические отношения, казахстанский патриотизм, толерантность.

Keywords: : The Assembly of Peoples of Kazakhstan, the social cohesion, the Kazakh model of stability and national unity, inter-ethnic relations, the Kazakhstan patriotism, tolerance.

Бүгінгі таңда ең маңызды міндеттердің бірі ұлтаралық келісім, толеранттылық және төзімділікті сақтау болып табылады. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан халқына Жолдауында айқындалған Қазақстан халқының достығы мен қарым-қатынасы елдің модернизациялауына бағытталушылығымен байланысты болуымен анықталады.

Қазақстан халқы Ассамблеясы – Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз ету, мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының этносаралық қатынастар саласындағы өзара іс-қимылының тиімділігін арттыру болып табылатын мекеме.

1995 жылғы 1 наурызда оның мәртебесін Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы консультативті-кеңесші орган деп бекіткен Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқы Ассамблеясын құру туралы Жарлығы шықты. Осылай-

ша өз тарихында Ассамблея ҚР Президенті жанындағы консультативті-кеңесші органнан мықты құқықтық негізге және қоғамдық-саяси мәртебеге ие болған болатын.

2007 жылғы мамыр айында Қазақстан Республикасы Конституциясына бірқатар өзгерістер енгізілді. Қазақстан халқы Ассамблеясына конституциялық мәртебе берілді, ол ҚР Парламенті Мәжілісіне тоғыз депутат сайлау құқығына ие болды. Осы арқылы Ассамблеяның қоғамдық-саяси рөлі айтарлықтай артты деуге болады.

2008 жылғы 20 қаңтарда еліміздің Президенті «Қазақстан халқы Ассамблеясы» туралы әлемде баламасы жоқ заңға қол қойды. Сөйтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы еліміздің саяси жүйесінің толыққанды бөлігіне айналды. Оның қызметінің нормативтік құқықтық негіздері айқындалды. Ассамблея мемлекеттік ұлттық саясаты әзірлеуге және жүзеге асыруға, Қазақстан Республикасындағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге ықпал жасайды.

Ассамблеяның мақсаты – қазақ халқының топтастырушылық рөлін арқау ете отырып, қазақстандық патриотизм,

Қазақстан халқының азаматтық және рухани-мәдени ортақтығы негізінде қазақстандық біркелкілікті және бәсекеге қабілетті ұлтты қалыптастыру процесінде республикадағы этносаралық келісімді қамтамасыз ету [1,3].

Ассамблеяның негізгі міндеті – этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік органдармен және азаматтық қоғам институттарымен тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз ету, қоғамда этносаралық келісімді және толеранттылықты одан әрі нығайту үшін қолайлы жағдай жасау, ел бірлігін нығайту, қазақстандық қоғамының негізін қалаушы құндылықтары бойынша қоғамдық келісімді қолдау және дамыту [2,3].

Биылғы 2015 жылы Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл толды. Мемлекет басшысы 2015 жыл – Қазақстан халқы Ассамблеясының жылы деп жариялады. Осылайша, тиімді түрде жүзеге асырылған ұлттық саясат арқашан халықтың келісім мен толеранттылықта өмір сүріп, этносаралық диаспораларды құрметтеуіне алып келеді. Осы аралықта ол өзінің өміршеңдігін көрсетіп, біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлігіне айналды. Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болды. Бүгін Ассамблея – тұрақтылық пен қоғамдық келісімнің сенімді, берік іргетасы. Тәуелсіздік жылдарында біз этносаралық бірліктің өз моделін жасадық. Іс жүзінде азаматтарымыздың тең құқығы мен мүмкіндігін, өмір сапасы мен қауіпсіздігін қамтамасыз еттік. Бүгінде әлем өзгеріп жатыр. Онда көптеген оқшаулағыш сызықтар: өңірлік және конфессиялық, әлеуметтік және мәдени, тілдік және этностық сызықтар пайда болуда. Жаңа жағдайларда, біз 2050 жылға дейінгі Стратегияға аяқ басқан кезде қоғамның көпқырлылығын өзіміздің пайдамызға жарата білуге тиіспіз.

Біздің ата-бабаларымыз әлемге мәдениет пен руханилықтың қуаттандырушы үлгілерін көрсетті – біздер олардың істерін жалғастыруымыз керек. Ата-баба дәстүрлерін ұстана

отырып, бірліктің, толеранттылық пен патриотизмнің, мемлекет пен қоғамға қалтқысыз қызмет етудің үлгісін көрсетуіміз тиіс. Бізге ұлттар үшін ортақ тарихи сана-сезім қажет. Біздің тарихты тануымыз тұтас, оң сипатта болуы, қоғамды бөлініске салмай, біріктіруі тиіс. Ұлттық рухты қажетті биіктікке көтеру үшін біздің шынайы тарихымыздың, мәдениетіміздің, дініміздің қандай екенін айқын сезінуіміз қажет. Қазақтардың ұлттық тарихы, олардың этногенезі мыңдаған жылдарға созылған бірегей ажырамайтын үдеріс ретінде қарастырылуы тиіс. Осы тұрғыда қазіргі заманғы Қазақстан ұлы дала өркениетінің ежелден келе жатқан шешуші мұрагерлерінің бірі ретінде заңды түрде көрініс табады. Қазақстан ешқашан оқшауланған емес.

Сондықтан тарихта да, оқу пәніндегідей, қазақтар мен өзге халықтардың мәдени және экономикалық қарым-қатынастар үдерісі, түрлі этностардың ел тарихына үлесі лайықты танылуы тиіс. Нәтижесінде қазақстандықтардың тарихи сана-сезімі топтасуға, өзінің өткеніне, қазіргісіне және болашағына патриоттық қарым-қатынас қалыптастыруға жұмыс істеуі тиіс. Біз бүкіл күш-жігерімізбен ішкі бірлікті нығайтуымыз қажет.

Бүгін XXI ғасыр – инновациялар уақыты, сондықтан қазақ қоғамы да бұрынғы ғасырлардағыдай бола алмайды. Толеранттылық ұлттық құндылық және Қазақстан халқының игілігі болып табылады. Ол қазақ халқының көп ғасырлық дәстүрлері мен мәдени үлгі-қалыптары негізінде қалыптасты. «Ел-жұрт», «жеті ата», «қонақжайлылық», «асар», «сыйластық», «сабырлылық» – бұл ұғымдар қазақтардың дүниетанымы және өмір салттарының негізінде жатыр. Осындай құндылықтардың арқасында біздің ортақ үйімізде бейбітшілік пен тыныштық сақталып отыр. Сондықтан қазақтардың толеранттылықты қалыптастыратын өзіне тән әлеуметтік-мәдени ережелерін, салттары мен дәстүрлерін жалпыадамзаттық мақсаттағы

материалдық емес мәдени мұралардың белгі-нышаны ретінде қарастыру қажет. Тәуелсіздік жылдары ішінде Қазақстандағы тілдердің, мәдениеттер мен салт-дәстүрлердің этностық көптірлілігі сенімді үндестікке, өзіне тән реңктер мен әсемдіктер молшылығына ие болды.

Қазақстанда тәуелсіздік жылдарында бірде-бір этнос өз тілін жоғалтқан жоқ. Біз тіпті ең шағын этностық топтар – ассириялықтардың, рутулдардың, лактардың және басқа да топтардың мәдениеттерін ұқыптылықпен сақтап және оларды дамыту үшін барлық мүмкіндіктер жасаудамыз. Қазақ жері 100-ден астам этносты біріктірді. Әрине, осы этностық аралуандықтың бәрі біртұтас ұлтқа айналуы үшін бірлік қажет. Бүгінде ұлтты біріктіруші басты фактор қазақ тілі – мемлекеттік тіл болып отыр. Бізге менталитет моделін, «Қазақстан-2050» жаңа саяси бағытының негізінде елдің болашақ бейнесін қалыптастыру қажет. Бұл бейне шынайы, тартымды және рухандырушы болуы тиіс. Жаһандық сын-қатерлер жағдайында өзіміздің тілімізді, салт-дәстүрлерімізді, құндылықтарымызды сақтай отырып қана оған баламалы жауап қайтара аламыз. Отанға, туған жерге, өзіміздің ата-бабаларымызға, өзіміздің біртұтас және бөлінбейтін тарихымызға деген сүйіспеншілік бүкіл қазақстандықтар үшін айрықша маңызға ие. Біздің асыл мұраттарымыз – Тәуелсіздік, бірлік, келісім және өркендеу. Оны Қазақстанның халқы өзі қалыптастырды. Ұлт бірлігін нығайтуда интеллигенция қызметі айрықша маңызға ие. Тек интеллигенция ғана қоғамды топтастырудың рухани үдерісіне

басшылық жасай алады. Біздің елордамыз осы жұмыстың орталығына айналуы тиіс. Сондықтан да біз Астанада әлемдік деңгейдегі Опера және балет театрын – «Астана-операны» салдық, Қазақстан тарихының жаңа мұражайын құрудамыз. Бүгінде біз бірлік пен толеранттылық – біздің активіміз, елді жаңғыртуға салған экономикадан тыс инвестицияларымыз деп сеніммен айта аламыз!

Бүгінде бейбітшілік пен келісім саясатының тікелей экономикалық тиімділікке ие екені баршаға мәлім. Ішкі тұрақтылық инвесторлар сенімін нығайтуға, экономикалық ынтымақтастықты дамытуға жағдай жасайды. Жаһандық трендтерді ескере отырып, біз мемлекеттің, қоғам мен діннің өзара қарым-қатынастарының тиімді моделін табуға тиіспіз. Біздің тарихи таңдауымыз – зайырлы мемлекет пен қоғам. Зайырлы дегеніміз – ілгерішіл, бейбітсүйгіш, толерантты, ашық қоғам. Біз дәстүрлі діндерді қолдаймыз, бірақ кез келген экстремизмді үзілді-кесілді теріске шығарамыз. Жастарды біздер үшін бөгде радикалды діни ағымдардан қорғау қажеттігіне сеніміміз мол. Біздің Ұлы Дала мыңдаған жылдар бойы толерантты, яғни тағатты болды. Сонымен бірге, біз толеранттылықтың, кейбіреулер ойлайтындай, ойыңа келгенді істеу емес екенін де атап көрсеткім келеді. Толеранттылық – өзіміз нығайтып, сақтайтын және бүкіл ұрпақты тәрбиелейтін біздің қоғамымыздың парасаттылық қалыбы. Бұл – тек күшті халықтарға ғана тән ұлы қабілет. Сондықтан Қазақстан – бұл біртұтас жер, біртұтас халық, біртұтас болашақ.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. *Ассамблея – бірлік пен келісімнің киелі бесігі: Библиогр. көрсеткіш. / Құрастырушы: Исакаова Д.Ш. – Тараз: М.Х.Дулати атындағы ТарМУ - Кітапханалық-ақпараттық орталық, 2015. - 3 б.*

2. *Қазақстан халықтарының Ассамблеясы = Ассамблея народов Казахстана. - Алматы: ЖШС «Эдельвейс» Баспа үйі, [ж. к.]. - 104 бет.*

ЖАСТАРДЫ ҰЛТАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР САЛАСЫНДАҒЫ ТЕРІС КӨРІНІСТЕРДІ ЕҢСЕРУГЕ ДАЯРЛАУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ

Н.Ж. Болатбекова

Қазақ гуманитарлық заң университеті, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада жастарды ұлтаралық қатынастар саласындағы теріс көріністерді еңсеруге даярлаудың психологиялық аспектілері қарастырылған.

Аннотация. В статье рассматриваются психологические аспекты подготовки молодежи к преодолению негативных проявлений в сфере межэтнических отношений.

Abstract. The article deals with the psychological aspects of prepare youth to overcome the negative phenomena in the sphere of interethnic relations.

Тірек сөздер: этникалық толеранттылық, этникалық мәдениет, өзіндік сана, интолеранттылық, жастар тәрбиесі, психологиялық аспектілер.

Ключевые слова: этническая толерантность, этническая культура, самосознание, интолерантность, воспитание молодежи, психологический аспект.

Keywords: interethnic tolerance, ethnic culture, identity, education of youth, the psychological aspect.

Бүгінгі уақытта әлемдік деңгейде белең алған саяси және ұлтаралық қақтығыстар біздің де бейбіт өмірімізге келеңсіздіктер әкелуі мүмкін. Сондықтанда көп этникалы мемлекет ретінде еліміздің тыныштығын сақтау біздің басты міндетіміз. Жастарымызды ұлттық құндылықтарды бойына сіңдіре отырып, басқа да ұлт өкілдерінің тарихын, салт-дәстүрін, мәдениетін құрметтей білуге тәрбиелеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Халықаралық ұйымдар мен әлемдік сарапшылардың пікірінше, Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықты нығайтуға қомақты үлес қосуда. Оның бір айқын дәлелі – елімізде конфессияаралық және этносаралық қарым-қатынастардың нығайтылуы мен дамуына ықпал ету мақсатында құрылған – Ассамблея. Ондағы мақсат – этникалық толеранттылықты арттыру.

Этникалық толеранттылықтың мәні – басқа ұлт өкілдерінің сыртқы келбетін, ойлау жүйесін, өзіндік ұлттық, мәдени ерекшеліктерін, іс-әрекетін қабылдау болып табылады. Себебі, адам баласының бір-біріне деген сыйы

мен құрметінің азаюы, бір-біріне деген сенімсіздіктердің ұлғаюы, бір-біріне деген алауыздық көзқарас нәтижесінде тұтас бір мемлекеттердің арасындағы қырғи-қабақ соғысқа ұласатын жағымсыз көріністердің туындауына жол бермеу.

Ол үшін этникалық мәдениетті, психологияны, өзіндік сананы бір халықты екіншіден айыратын белгілер жиынтығы деп қарастырмай, оның тұрақтылығын, бірлігін қамтамасыз ететін ұлттық қауымдастық факторы деп қарастыру керек.

Қ.Жарықбаев, Ә.Табылдиев еңбектерінде ұлттық әдет-ғұрып, салт-сана, тіл, дін, діл секілді мәселелердің психологиялық жақта-рын этнопсихология ғылымының қарастыратынын, ол – түрлі ұлттар мен ұлыстарға тән психологиялық ерекшеліктерді, яғни белгілі ұлт өкілінің этностық мінез-құлық өзгешеліктерін, ұлттық сана-сезімнің қалыптасу, даму жолдарын зерттейтінін талдап жеткізе білген болатын [1].

Этникааралық қатынас – бұл түрлі этностардың бірігуінен пайда болатын өзара әрекеттестіктердің жүйесі,

түрлі ұлттардың ерекшеліктерінен, құндылықтарынан, бағдарларынан тұрады. Бұл мәселе кең ауқымда қарастырылуы керек. Көптеген этностар арасында қиыншылықтар, кедергілер, шиеленістер туындамауы үшін өзге ұлттардың да құндылықтарын қадірлеп, сыйлау керек.

Қазақстан әлемдегі бейбітшілік пен тұрақтылықтың кепілі. Ол қонақжай, дархан халық екендігімен ерекшеленеді. Қазақ халқы туралы құнды еңбек жазған антрополог ғалым Н.Л. Зеланд «...қазақ – қызу қанды жан. Оның рухына жайсаңдылық пен ізгілік тән, ол ылғи да жайдары жүреді, жалпы сергек, рухы жағынан мықты, адамгершілік қасиеттерінің жоғары екендігін» жеткізеді деп сипаттаған [2.342-б].

Сондай-ақ этникааралық татулық пен этносаралық қарым-қатынастардың үлгісі ретінде ұсынған Елбасымыздың табысқа жетудегі үш кілті: этностың басын біріктіретін қазақстандықтардың бірлігі – ғаламат құндылықтары, табиғи қасиетімізге тән тағаттылық және тарихи тағдырымыздың ортақтығы өте маңызды. Сондықтан да басқа саяси көзқарастағы адамдардың пікіріне шыдамдылықпен қарау, басқа этникалық ерекшеліктерге, көзқарастарға сыйластықпен қарау қажет.

Ол үшін ең алдымен, қоғам мен мемлекет дамуының ең негізгі тұтқасы – жастардың өмірлік ұстанымы басты назарда болуы керек. Себебі, жас ұрпақтың ұстанған өмірлік бағыты, психикалық саулығы, жеке тұлғалық және қоғамдық өмір сүру барысындағы дүниетанымдық көзқарасы зайырлы мемлекетіміздің жетекші көріністері болып табылады.

Жастарды әлеуметтік-психологиялық тұрғыда басты көрсеткіш ретінде алу себебіміз, өмірлік іс-әрекеттер барысында мысалы, саяси қабілеттілік, құқықтық қабілеттілік, діни-ұлттық құндылықтар мен кәсіби біліктілікті меңгеруде белсенді әрекет жасай отырып, жетістіктерге жете алатын тұлға. Этникалық қатынас

сферасында жастар бойында жағымсыз көріністерді болдырмаудың алдын алу барысында психологиялық аспектілерге баса назар аударуымыз керек.

Этникалық мәдениеттілік пен этникалық толеранттылықты таныта білу қажет. Толеранттылық – жергілікті халықтың басқа ұлт өкіліне, басқа діндегі адамдарға түсіністікпен қарап, оларды құдаламаудың белгісі.

Жастар бойында интолеранттылық тұлға қасиеттерін дарытпауымыз керек. Интолерантты тұлға – шыдамсыз, күйгелек, үрейлі адам, кінәні өзіне емес басқадан іздейді, психологиялық жағынан әлсіз тұлға ретінде өзін байқатады. Соның нәтижесінде қоғамда жастар арасында туындайтын өзекті мәселелер белең алып, түрлі кикілжің соғыстар, саяси-идеологиялық қақтығыстар, жанұя берекесіздігі, нашақорлық, маскүнемдік, тастанды балалардың көбеюі, суицидтік әрекеттердің де жиілеуі орын ала бастайды. Яғни, тарихи тағдырлары бір түрлі ұлт өкілдерінен құралған мемлекеттің азаматтары өзара түсіністікке негізделген, ынтымағы жарасқан, альтруистік көзқараста өмір сүруі шарт.

Ұлтаралық қатынас сферасында жастар бойында теріс көріністерді болдырмаудың психологиялық алғышарттары төмендегідей деп есептеймін:

1. Этникалық толеранттылықтың мәнін – халықтық психология мен халықтық педагогикаға негізделген жалпы адами құндылықтар, әлеуметтік және рухани қатынастар жүйесі, мәдени аралық қатынастарды саналы түрде сезіне білу сияқты тұлғаның адамгершілік-психологиялық сапалары анықтайды.

2. Жастарды этникалық толеранттылық тәрбиелеудің ғылыми психологиялық мазмұны дүниетанымдық, эмоциялық, іс-әрекеттік құрылымдарға негізделеді. Дүниетанымдық компонент тұлғаның гуманистік бағытында байқалады. Оның құрамдас бөліктері өзінің және басқа

ұлттың мәдени ерекшеліктерін білу, ұлттың құндылықтарын түсіну, жалпы адами, адамгершілік құндылықтарға бағдарлануы, халықтардың этноұлттық ерекшеліктерін құрметтеу, жалпы алғанда толерантты пікір болуы. Эмоциялық аспектілердің болуы: түрлі жағдайларда мәдениаралық өзара әрекетті берік қылу, адамдарға деген сүйіспеншілік, көпшілдік, қарым-қатынасқа бейім, эмпатия, эмоциялық тұрақтылық.

3. Этникалық толеранттылықтың деңгейін өзінің және басқа ұлт өкілдерінің мәдени құндылықтары мен салт-дәстүрлерін білуі арқылы өлшенеді. Полимәдени ортада өз білімін қолдана білуі, басқа да мәдени құндылықтарға деген жағымды көзқарас, тұлғаның рухани өзін-өзі жетілдіруге деген қажеттілігінің болуы, зейін қоя білу.

4. Этникалық толеранттылыққа тәрбиелеудегі халықтық педагогика мен халықтық психологияның аспектілерін қамту:

- халықтық педагогика, халықтық психология құндылықтарын қолдану (этникалық салт-дәстүрлер, ана тілі, халық даналығы, мінез бітістерінің маңыздылығы: үлкендерге құрмет, кішіге ізет, қонақжайлық, өзара көмек, шыдамдылық т.б);

- дүниетанымды кеңейту әдістерін кешенді қолдану (әңгіме, сұхбат, ой-пікір) эмоциялық сапаларды қалыптастыру мен мінез-құлықты жетілдіру әдістері (өзін-өзі тану арқылы эмоциялық байланыстарды түрлі жағдайларда қолдана білу) мәдениаралық өзара әрекеттестік тәжірибе әдісі:

- басқа этностарға деген адамгершілік қатынас;

- әлеуметтік құндылықтар халықтық тарихи дәстүрлері мен мәдениетіне негізделген түсінік;

- жалпы адами құндылықтарға бағдарлану (отанға, елге, отбасына деген махаббат, альтруистік көзқарас).

Жоғарыда айтылған аспектінің маңыздылығын «Этномәдени кеңістіктегі тұлғаның рухани-адамгершілікті дамуының психологиялық-педагогикалық негіздері» тақырыбында жарыққа шыққан еңбекте ұлттық құндылық – өзіндік тарихи ерекшелігіне негізделген этникалық қоғамның рухани мұраттарының жиынтығы ретінде тәуелсіздік, патриотизм, толеранттылық, ана тілі, заңға бағынушылық, этникалық мәдениет, салт-дәстүр сияқты құндылықтар моделін көрсетеді [3.1276]

Бүгінгі уақытта жастарымыздың арасында ұлттық көңіл-күй деңгейі төмендеп кетті. Осыған тән жағымсыз көріністерді атап айтсақ, үлкендерге қарсы шығу, қоршаған орта жағдайына деген қатыгездікті байқауға болады. Қылмыстық оқиғалардың жасаруы да қарқынды белең алуда. Көптеген жастар тәрбие беру ортасының аймағынан сырт қалуда, нәтижесінде тәрбие барысын өмірдің қатал жағдайларында меңгеріп жатыр (нашақорлық, құмар ойындар, қылмыстық топтар, діни ұйымдар, қарақшы топтар, айта берсе саны шексіз). Егер олармен уақытында отбасы, қоғам, әлеуметтік орта болып тәрбие беру жұмысын психологиялық-педагогикалық тұрғыда сіндіретін болсақ, мемлекетіміздің мақтанышы болатын этномәдениеттілікке негізделген патриоттық ұрпақ тәрбиелеуге болар еді.

Ұлтаралық қатынас сферасында жастар бойында теріс көріністерді болдырмаудың психологиялық аспектілері ретінде:

1) этникааралық өзара әрекеттесуді жетілдіру бойынша бағдарламалар жасау;

2) этностардың ұлттық-психологиялық ерекшеліктерінің спецификасын анықтау;

3) көп этникалық ұжымдарда жағымды психологиялық климатты қалыптастыру.

Сонымен бірге, этнопсихологтардың назарында этникалық аспектілердің жалпылануы мен анализі негізгі орталықта болуы керек, оларға халықтың өмірлік іс-

әрекет сферасындағы білім беру, мораль, отбасы және діни нанымдары жатады.

Айтылған ойды түйіндей келе, жүзден аса ұлт мекендейтін Қазақстан Республикасында қоғам мен мемлекет өмірін анықтауда этникалық фактор үлкен маңызға ие болғандықтан психологиялық ерекшеліктерін және олардың ұлтаралық қарым-қатынастарда көрініс беруін зерттейтін этнопсихология

ілімін терең меңгерудің маңыздылығы зор. Ол үшін этнопсихологияның психология, педагогика, философия, тарих, әлеуметтану, саясаттану, этнография сияқты ғылымдармен байланыстыра зерттеу қажет. Осы жағдайларды ескергенде ғана біз этникааралық қатынас барысын бұрынғыдан да үйлесімді етудің жолдарын таба аламыз.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Жарықбаев Қ., Табылдиев Ә. *Әдеп және жантану: (Ұлттық және тәрбие). Оқу құралы.* - Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994. - 144 б.
2. Жарықбаев Қ.Б., Қалиев С.К. *Қазақ тәлім-тәрбиесі: Қазақ ұлттық педагогикасы мен ұлттық психологиясының тарихы. Оқу құралы.* - Алматы: Санат, 1995. - 352 б.
3. *Психолого-педагогические основы духовно-нравственного развития личности в этнокультурном пространстве/Науч. изд/ Под.ред Ж.О.Жилбаева.- Астана: Фолиант, 2014-252с.*

ИННОВАЦИОННЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ХИМИИ В ВЫСШЕМ ОБРАЗОВАНИИ

М.Р. Танашева, Д.А. Смагулова, Л.К. Бейсембаева, С.А. Сантаева
КазНУ им. Аль-Фараби, г. Алматы

Аңдатпа. Мақалада қарастырылған химияны оқытудағы инновациялық әдістер білімді шығармашылық игеруге, химиялық ойлануды дамытуға және барлық оқыту процесін белсендендіруге арналған.

Аннотация. В статье рассмотрены современные инновационные методы обучения химии в технических вузах, способствующие творческому усвоению знаний, развитию химического мышления и активизации всего процесса обучения.

Abstract. The article describes modern teaching methods of Chemistry in the technical colleges that promotes creative assimilation of knowledge, development of "chemistry" thinking and intensification of learning process.

Тірек сөздер: химияны оқыту үдерісін ұйымдастыру, үздіксіз кәсіби даму, болашақ инженерлерді кәсіби даярлау.

Ключевые слова: организация процесса обучения химии, непрерывное профессиональное развитие, профессиональная подготовка будущих инженеров.

Keywords: the organization of the process of teaching Chemistry, continuous professional development, training of future engineers.

Современное производство с быстрой сменой технических решений и технологий выдвигает перед системой профессионального образования в качестве приоритетов развитие у студентов профессиональной мобильности, творческого мышления и умения самостоятельно решать принципиально новые производственные задачи, формирование у них готовности к постоянному совершенствованию в области избранной профессиональной деятельности. Помимо качеств профессиональной компетентности будущие инженеры должны отличаться широтой профиля подготовки, владеть информационными и обладать предпринимательскими, коммерческими и другими навыками. Студенты-технологи не должны замыкаться в узко-технической специальности, должны овладевать передовыми научно-естественными знаниями и умениями, обладать интуитивным предвидением, видеть будущие направления развития естественно-научных и технических наук. Итоговой целью подготовки инженера в вузах является формирование про-

фессиональной готовности будущих технологов к непрерывному профессиональному развитию путем интеграции естественно-научных и технических знаний.

В настоящее время основной задачей обучения является – активизация учебно-воспитательного процесса при сохранении его эффективности путем передачи творческих функций и педагогу и обучаемому – реально активному участнику процесса обучения.

На наш взгляд, система образования, нравственная функция которой на современном этапе состоит в том, чтобы обогатить ее гуманитарной культурой, должна целенаправленно продвигаться по пути собственной технологизации, чтобы сократить свое отставание от технического прогресса.

Поскольку основной целью процесса обучения является создание организованного, преднамеренного и целенаправленного влияния на формирование личности с заданными качествами, то его нужно правильно организовать.

Химия является наукой о процессах взаимодействия веществ в наиболее распространенной (атомно-молекулярной) форме. Важность и значение химии определяется той ролью, которую сыграли и играют химические процессы и вещества в формировании планеты, обеспечивающие жизнедеятельность экосферы в целом.

Не менее значима роль химии в развитии цивилизации, исключительно важная ее роль в жизни человека. Потребность общества в специалистах с химическим образованием, хорошими навыками проведения химического эксперимента достаточно высока, особенно для такой страны как Казахстан.

Исходя из опыта многолетней педагогической работы, мы считаем, что наиболее эффективным в организации процесса обучения химии является программно-целевой подход, который представляет собой диалектическое единство следующих подходов:

1. Диалектико-логический подход, который предусматривает правильное оперирование следующими восемью общефилософскими фундаментальными категориями: единичное, особенное, общее, всеобщее, наличное бытие, внешнее проявление, внутренняя сущность и реальная действительность.

2. Функционально-структурный подход, который ориентирован на рациональное использование следующих шести базовых понятий: интегрирующие признаки, дифференцирующие свойства различий, инвариантные элементы системности, вариативные компоненты целостности, функциональные связи между элементами, структурные отношения между компонентами.

3. Системно-деятельностный подход, который направлен на осмысленное применение следующих шести общепотребительных опорных терминов: исходный предмет, конечный результат, правило преобразования исходного предмета в конечный результат, средства воздействия, формы организации и методы осуществления

Следует отметить, что при таком подходе осуществляется тщательный отбор фактического и теоретического материала, что способствует рациональному изложению и лучшему усвоению изучаемого материала.

Как известно, в сознании обучаемого происходит сложный процесс усвоения учебного материала.

Усвоение – это сложное, многозначное понятие и трактуется с точки зрения разных подходов.

Процесс усвоения в психолого-педагогической литературе характеризуется, в общем виде, как процесс приема, смысловой переработки, сохранения полученных знаний и применения их в новых ситуациях для решения практических и теоретических задач, т.е. использование этих знаний в форме умений и навыков.

Условием и средством усвоения какой-то деятельности, какого-либо элемента социального опыта изначально является внешняя материальная деятельность, сопряженная с внутренней деятельностью. Обе составляющие определенным образом влияют на результаты усвоения. Полнота и качество усвоения зависят существенным образом от личных способностей индивида – обучаемого. Для лучшего понимания процесса усвоения нового материала педагогу необходимо проследить путь или «механизм» формирования усвоения знаний с учетом различных фаз усвоения:

восприятие → воспроизводство
→ понимание → осмысливание → приложение → применение.

На наш взгляд, предлагаемый подход позволяет рассматривать химическую науку во взаимосвязи с другими естественными науками и формирует профессиональное мышление обучаемого.

Процесс профессиональной подготовки будущих инженеров должен протекать путем перестройки обучения фундаментальной дисциплине (химия) через усиление фундаментальности, сис-

темности и поэтапного обучения химии, способствующего формированию у студентов обобщенных знаний, ориентированных на профессию инженера и необходимых навыков в работе инженера технолога

Для того, чтобы преподаватель не сомневался в результативности

предложенного им для освоения учебного материала, он умело должен разложить весь преподносимый новый учебный материал с ориентацией на фазы усвоения.

Поэтому учебный материал, который планируется изучать на данной предполагаемой лекции, следует разбить на отдельные этапы (как показано в табл1):

Табл.1 - Диалектико-логический подход к поэтапному формированию познавательной деятельности обучаемого

Подход педагога Позиция студента	1	2	3	4
	Единичное	Особенное	Общее	Всеобщее
1. Логические операции и мыслительные действия	1:1			
2. Рассуждения		1:2		
3. Размышления			1:3	
4. Формирование химического мышления				1:4

При таком планировании учебного материала подход педагога характеризуется следующими этапами:

«единичное» – ключевые слова рассматриваемой темы;

«особенное» – сведения, которые представляют для данной темы нечто особенное, специфичное;

«общее» – сведения, составляющие теоретические положения неорганической химии, или другой химической дисциплины;

«всеобщее» – сведения, составляющие фундаментальные современные знания.

Педагог должен определить цели и задачи рассматриваемой темы, владеть различными приемами методического обеспечения, заранее запланировать этапы занятий, чтобы достигнуть конечных целей: знаний, умений, навыков.

Кроме того, необходимо обратить внимание и на такие важные моменты:

- как преподнести запланированный материал (т.е. необходимо выработать заранее свой подход к изложению);

- определить позицию, на которую должен стать обучаемый, чтобы воспринять и усвоить изучаемый материал или,

иными словами, каким объемом знаний, какими терминами и понятиями должен оперировать студент, чтобы в образовательном процессе имело место эффективное взаимодействие педагог – студент.

При таком подходе к процессу обучения с обеих сторон, подкрепляемым подходом педагога и позицией обучаемого, реализуется поэтапное формирование познавательной деятельности учащихся.

При такой систематизации в деятельности обучения можно выделить диалектические уровни познания, или это можно назвать позицией студента: логические операции и мыслительные действия, гностические рассуждения, гносеологические размышления, которые являются предпосылками для формирования профессионального химического мышления.

Так, в соответствии с табл. 1, вертикальные столбцы имитируют стадии логического развития подхода педагога от ключевых слов данной темы (единичное) через опорные термины раздела (особенное) и базовые понятия курса (общее) до фундаментальных категорий данной науки (всеобщее). Другими слова-

ми, столбцы имитируют деятельность преподавания как последовательный переход от единичного до всеобщего.

При этом горизонтальные строки имитируют позицию обучаемого, которую он должен занимать по отношению к подходу педагога. В начале обучения на уровне наличного бытия у студента формируются логические операции и мыслительные действия по правильному оперированию ключевыми словами изучаемой темы. Затем на уровне внешнего проявления студент усваивает знания по применению опорных терминов раздела, т.е. формирует рассуждения. Далее обучаемый проникает во внутреннюю сущность изучаемой темы, формирует размышления.

Наконец на уровне реальной действительности студент в состоянии оперировать фундаментальными категориями изучаемой науки, т.е. наблюдается формирование химического мышления.

Таким образом, горизонтальные строки табл. 1 имитируют уровни динамического познания; от логических операций и мыслительных действий через рассуждения и размышления до уровня формирования химического мышления.

Поскольку таблица представляет собой нечто иное, как квадратную матрицу (четыре строки, четыре столбца), эта матрица обладает двумя важными свойствами: при любых преобразованиях

строк и столбцов определитель и след матрицы остаются инвариантными.

Именно поэтому в таблице заполняются только диагональные элементы, а любое отклонение вверх или вниз, вправо или влево от диагональных элементов приводит к организационным проблемам.

Особо важным элементом при такой организации обучения является возможность перенесения химического языка на программный, что позволяет на ЭВМ в диалоговом режиме обеспечить разовый ввод данных и многократное их использование по запросу пользователя.

Преподавателю необходимо создать свою систему обучения, опираясь на которую у него будет твердое убеждение в эффективности конечного результата. Он должен запланировать организационные аспекты обучения так, что позволит от «черно-белого» преподавания и учения при традиционном подходе (воспринял – не воспринял, воспроизвел – не воспроизвел, понял – не понял и др.) перейти к «цветному» педагогическому процессу с конкретизацией каждого «спектра»: восприятие → воспроизведение → понимание → осмысливание → применения (полное усвоение).

Рассмотренные инновационные методы обучения химии способствуют творческому усвоению знаний, развитию химического мышления и активизации всего процесса обучения.

Список использованной литературы:

1. Смағұлова Д.Ә., Танашева М.Р // Инженер мамандарына арнаулы курсты оқыту ерекшеліктері // Международная научно-практическая конференция. Тенденции и стратегия непрерывного педагогического образования. АГУ им. Абая. Алматы, 1998, - 209 – 211б.
2. Смағұлова Д.Ә., Танашева М.Р // Экологическая подготовка – важнейшая составная часть в профессиональной подготовке инженера-технолога деревообрабатывающей промышленности // Труды научно-практической конференции “Экология и устойчивое развитие”. Петропавловск, - 1998, том 2, - 256 с.
3. Смағұлова Д.Ә., Омаров Т.Т., Танашева М.Р. // Нетрадиционные методы обучения при изучении химии // Материалы междунаучной конференции “Современные технологии и управление качеством в образовании, науке и производстве: опыт адаптации и внедрения”. Бишкек, - 2001, ч. IV, - 195 – 198 б.
4. Танашева М.Р Смағұлова Д.А., Калабаева Р.К., Торегожина Ж.Р «Системно-деятельный подход к методическому обеспечению учебного процесса при обучении химии в средней школе - методическая разработка для преподавателей». Алматы, Казак университеті, 2009, 22 с.

5. Танашева М.Р., Смағұлова Д.Ә., // Отражение профессиональной направленности вуза в курсе общей химии // Материалы межд. научно-методической конференции. Повышение качества подготовки специалистов на современном этапе. Караганда, - 2002, - 103 – 105 б.

6. Танашева М.Р., Төрегожина Ж.Р., Бейсембаева Л.К. // Применение элементов научного исследования и ЭВМ на занятиях по технологии неорганических веществ // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, Серия химическая. 2008. - №3 (51). - С. 146-150.

7. Қалабаева Р.Қ., Танашева М.Р. // Химия сабағында оқушылардың танымдық іс-әрекеттерін қалыптастыру // Вестник КазНУ им. аль-Фараби, Серия химическая. 2008. - №4 (52). - С. 143-146.

8. Танашева М.Р., Убайдуллаева Н.А., Есенова М.Д. // Орта мектепте химия пәнін оқытуда инновациялық оқу-танымдық әдістемелерді пайдалану Алматы \L Pride\2010 С 57.

ӘОЖ 811.512.122:37.091.33

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ДЕҢГЕЙЛІК ҮЗДІКСІЗ ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

Ж.М. Қайыркенова, К.С. Ещанов

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.

Аңдатпа. Мақалада «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту мәселелері қарастырылады.

Аннотация. В статье рассматриваются вопросы изучения казахского языка через систему непрерывного уровневого обучения языкам «Детский сад – школа – колледж – высшее учебное заведение».

Abstract. This article discusses the issues of the Kazakh language study through continuous language training system «Kindergarten - school - college - institution of higher education».

Тірек сөздер: мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту, қазақ тілін оқыту әдіс-тәсілдері, үздіксіз білім беру.

Ключевые слова: уровневое обучение государственному языку, методика обучения казахскому языку, непрерывное образование.

Keywords: level-training of the official language, methods of teaching the Kazakh language, continuous education.

Мемлекеттік тілді оқытудың жаңа жолдарын іздеу қоғамдағы әлеуметтік өзгерістерге байланысты әр кезеңде өз дәрежесіне сай сұраныста болды. Еліміздің алдына қойған мақсат-ұстанымдарына қарай 2011 жылдың 29 маусымында «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Қазақстан Республикасының Президенті өзінің дәстүрлі жолдауында мемлекеттік тілге қатысты: «Біздің міндетіміз – 2017 жылға қарай мемлекеттік тілді білетін қазақстандықтар санын 80 пайызға жеткізу. Ал 2020 жылға қарай олар кемінде 95 пайызды құрауы тиіс. Енді

он жылдан кейін мектеп бітірушілердің 100 пайызы мемлекеттік тілді біліп шығатын болады» деп нақтылап өткен [1].

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілін оқыту жүйесінде теориялық білім мен практикалық дағдыны тең ұстау, сөйлеу қызметіне баса назар аудару бағыты күн санап өсіп келеді. Қазақ тілін меңгертуде қолданылатын әдіс-тәсілдер жүйесі де уақыт талабына сай өзгертіліп, дамытылып, тереңдетіліп отыр.

Қазіргі кезде қазақ тілін оқыту әдіснамасын жетілдіру мақсатымен әлемдік білім кеңістігінде орныққан «Шетел тілдерін деңгейлеп меңгертудің еуропалық жүйесінде» белгіленген тілді игерудің

деңгейлері мен олардың сипаттарының негізінде қазақ тілін үйретудің деңгейлері айқындалып, «Балабақша – мектеп – колледж – жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты бекітілді.

Аталған стандарт Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі білім және тәрбие беру мекемелерінде, жалпы білім беру жүйесінде қазақ тілін деңгейлік оқытуды жүзеге асыратын мекемелерде, қазақ тілді емес жалпы білім беретін бастауыш, негізгі, бағдарлы мектептерде, жоғары оқу орны және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында оқу бағдарламаларын дайындау кезінде, тестілеудің ұлттық орталығында қабылдау емтихандары материалдарын дайындау кезінде, білім беру саласындағы ғылыми-зерттеу институттарында «Қазақ тілін» деңгейлік оқыту бойынша оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендер дайындау барысында, білім беру жүйесі қызметкерлерінің кәсіптік біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау институттарында пән бойынша педагог кадрлардың біліктілігін жетілдіру және қайта даярлау бағдарламаларын жасау барысында, білім саласындағы орталық және жергілікті атқару органдарында үздіксіз оқыту мақсатын көздеп, «Қазақ тілі» пәні бойынша оқыту сапасына бағалау жүргізу кезінде қолданылатын құжат [2].

Стандартта көрсетілген тілді оқытудың білім мен коммуникативтік біліктілік деңгейін анықтайтын өлшемдер әлемдік әдістемеде ұсынылған деңгейлер негізінде жіктелді. Тілді үйренгені және меңгерілгендігі туралы деңгейлер үш ірі – А, В, С деңгейінен және әрбір ірі деңгейі кіші деңгейге бөлінді.

Мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқытудағы деңгейлердің жіктелуі мемлекеттік тілді бастауыш сыныптарындағы оқушылардың А1 деңгейінде, орта буындағы оқушылардың А2 деңгейінде, мектептің жоғары сынып, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері оқушыларының В1 деңгейінде, жоғары оқу орны студенттері-

нің В2 деңгейінде, жоғары оқу орнынан кейін білім алатындардың С1 деңгейінде игеруін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандартында «Қазақ тілі» оқу пәнінің мектепке дейінгі білім беру мен тәрбие, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру базалық білім мазмұнына қойылатын талаптар көрсетілген. Бұл талаптар бойынша:

1) қарапайым деңгейде – A_0 (мектепке дейінгі білім мен тәрбие беру);

2) қарапайым деңгейде – A_1 (бастауыш білім беру);

3) негізгі деңгейде – A_2 (негізгі орта білім (5-7 сыныптар));

4) орта деңгейде – B_1 (негізгі орта білім (8-9 сыныптар));

5) ортадан жоғары деңгейде – B_{1+} (Жалпы орта білім (10-11- сыныптар));

6) ортадан жоғары деңгейде – B_{1+} B_2 (арнаулы кәсіптік білім);

7) жоғары деңгейде – B_{2+} (Жоғары білім);

8) жетік деңгейде – C_1 (магистратура) тілді қай дәрежеде біліп шығатынын анықтайды. Яғни, мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту өте тиімді екенін байқаймыз, өйткені бұл жүйе арқылы тіл үйренушінің қанша сөз білетіні, тілді қандай деңгейде меңгергені күтілетін нәтижелерден көрінеді.

Қазақ тілін оқыту барысында А1 деңгейінде сөздер аз беріледі. Мұғалім лексикалық минимумның шегінен асып кетуге болмайтынын ұмытпай, тілдік аспекті ретінде лексиканы меңгертуде грамматикамен тығыз байланыста жұмыс жасауы қажет.

Жоғары сыныптарда қазақ тіліндегі актив және пассив лексикалық минимумды ажыратқан жөн. Лексикалық қордағы актив сөздер арқылы оқушы өз ойын анық, дәл жеткізе білсе, пассив сөздерді қазақ тіліндегі мәтіндерді оқығанда, тыңдалым кезінде түсінеді.

Әрбір деңгейде тіл үйренуші: тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім сияқты сөйлеу әрекетінен өтеді. Бұл сөйлеу әрекеттеріне төмендегідей анықтама

беруге болады:

1) тыңдалым – білім алушы оқытушының сөзін, сабақты түсіндіруін және тіл үйренушілердің әртүрлі хабарламаларын тыңдап, оның мазмұнындағы негізгі және қосымша ақпараттарды түсіне алады. Мысалы, мәтінмен жұмыс кезінде мәтінге баға беріп, мәтінді қолдау, ризашылығын (қарсылығын) білдіру, танданысын, қызығушылығын, мақтаныш сезімін, өкінішін, қуанышын, ренішін, қорқынышын, үмітін білдіру және т.б. әрекеттерді жүзеге асырады;

2) оқылым – білім алушы берілген тапсырмаға қатысты мәліметтерді алуға болатын әдебиеттерді, материалдарды және ұсынылған тапсырмаларды оқып, оның мазмұнын және негізгі тақырыбын түсінуге дағдыланады;

3) айтылым – тіл үйренуші түсінгенін ауызша айтып, берілген сұрақтарға жауап беруге, сұрақ қоя білуге, өз ойын айта білуге, түсінгенін өз сөзімен әңгімелеп беруге жаттығады. Сонымен қатар мәлімдеме, баяндама және т.б. жасайды, баяншыны қоштауға не қарсы пікірін дәлелдеуге дағдыланады. Білім алушы берілген тақырып бойынша пікір айтып, оқыған немесе тыңдағаны бойынша жаттығулар орындайды. Мәтінде берілген тұжырым, пікірлерге және т.б. қатысты өз көзқарасын айта білуге дағдыланады;

4) жазылым – білім алушы тапсырма мазмұнын терең түсініп, оны өз сөзімен жазбаша баяндай білуге, осы тақырып бойынша жеке көзқарасын, тұжырымын жазбаша сауатты жеткізуге, жиналған ақпараттар туралы өзінің пікірін хабарлап, қорытындылауға, ашықхат, реферат, тезис, баяндама және т.б. жазуға үйренеді;

5) тілдесім – адамдармен толыққанды тілдік қарым-қатынас жасауға, топ алдында сөйлеуге, өз пікірін дәлелдеуге, білім, білік, дағдысын түрлі жағдаяттарда дұрыс қолдануға және т.б. дағдыланады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз!» Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2011 жылғы 28 қаңтар.
2. «Балабақша - мектеп - колледж - жоғары оқу орны» жүйесіндегі мемлекеттік тілді деңгейлік үздіксіз оқыту стандарты: [жоба]. - Алматы: [б. ж.], 2014.

Диалогтік сөйлеуде білім алушы баяншының ақпаратының мазмұнын түсіну, өткен тақырыптар бойынша пікір алысу, сөйлеушінің репликасына жауап қайтару, диалогті аяқтай білу, өзінің ойын айта білу және т.б. осы тәрізді бірлескен әрекеттерді, жұмыстарды атқарады [2].

Тілдік стандартта: «...қазақ тілін деңгейлеп оқытудың нәтижелі болуы оқыту үдерісінде ұтымды әдіс-тәсілдер мен *инновациялық* технологияларды саралап пайдалануға байланысты» деп, сабақ сапасын арттыратын мемлекеттік тілді деңгейлік оқыту аясында дәстүрлі әдістерді кең қолданумен қатар, оқушылардың оқу мотивтерін, қажеттіктерін, қызығушылықтарын, құндылық бағдарларын қалыптастыруға мүмкіндік беретін шығармашылық, проблемалық және жағдаяттық тапсырмалар, пікірталас түрлері, креативтік, іскерлік ойындар, синектика, «ойға шабуыл» және т.б. әрекеттік жұмыстар арқылы іске асырылатын әдістер көрсетілген.

Сондай-ақ, аталған стандартта оқушылардың қазақ тілін білу деңгейлері (қарапайым деңгейде, негізгі деңгейде, орта деңгейде, ортадан жоғары деңгейде және жоғары деңгейде және жетік деңгейде) мен сөйлеу дағдыларына қойылатын өлшемдері анықталған.

Қорыта келетін болсақ, тілдік ахуал уақыт өткен сайын жақсарып келетінін байқаймыз. Қазақ тілін меңгерту үшін көптеген технологиялар, әдіс-тәсілдер қолданылып, оқыту әдістемесі әлемдік тәжірибеде қалыптасқан игі үдерістің нәтижесін ескере отырып жасалды. Отандық білім жүйесінің, қазақ тілінің өзіндік ерекшеліктері осы үрдіспен үндесіп, тілді меңгертудің Қазақстандық жаңа үлгісі әзірленді. Енді тіл үйренуге ықылас артып, үш тілде еркін сөйлейтін жастар қатары көбейіп, еліміздің жаңа қоғамын қалыптастырады деп сенеміз.

РЕАЛИЗАЦИЯ НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ИНСТИТУТА В КОНТЕКСТЕ МОДЕРНИЗАЦИИ СИСТЕМЫ ПОВЫШЕНИЯ КВАЛИФИКАЦИИ

А.К. Акишева

АО НЦПК «Өрлеу» «ИПК ПР по Акмолинской области», г.Кокшетау

Аңдатпа. Бұл мақалада ғылыми-зерттеу қызметті жүзеге асыру мәселелері қарастырылып, институттың ғылыми қызметті іске асыру бойынша жұмыс бағыттары айқындалды.

Аннотация. В статье раскрываются основные направления работы по осуществлению научной деятельности института и вопросы реализации научно-исследовательской деятельности.

Annotation. The article considers a question of scientific research activity of Teachers' Retraining Institute.

Тірек сөздер: педагог кадрлардың біліктілігін арттыру, ғылыми-зерттеу әрекеті, инновациялық білім беру бағдарламалары.

Ключевые слова: повышение квалификации педагогических кадров, научно-исследовательская деятельность, инновационные образовательные программы.

Keywords: teacher training, research and development activities, innovative educational programs.

В условиях нарастающей глобализации социально-экономической и культурно-политической жизни мирового сообщества изменяется и научная парадигма образования. В связи с этим научно-исследовательская деятельность (далее - НИД) филиала АО НЦПК «Өрлеу» «Институт повышения квалификации педагогических работников по Акмолинской области» (далее – ИПК ПР) является одним из основных направлений деятельности института и ориентирована на решение проблем, обозначенных в Государственной программе развития образования на 2011-2020 гг.

Повысились требования к уровню квалификации преподавателей ИПК ПР, поэтому свою основную задачу коллектив института видит в готовности постоянного самосовершенствования для соответствия требованиям времени. В условиях обновления содержания образования тренерский и профессорско-преподавательский состав института значительно повысил свой потенциал. Так, 14 тренеров имеют сертификат Международной экспертной сертификационной комиссии, 2 тренера – по программе нравственно-духовного

образования «Самопознание», 4 тренера получили сертификаты курсов по развитию функциональной грамотности учащихся в рамках проведения международного исследования PISA, 5 тренеров - по «Технологии обучения управлению системой электронного обучения («e-learning»)).

В настоящее время НИД института посвящен теме «Моделирование инновационного образовательного пространства в условиях региональной системы повышения квалификации работников образования». В русле общеинститутской темы, а также с учетом специфики деятельности разрабатываются темы НИД кафедр, инициативно-поисковые темы исследований сотрудников института. Профессорско-преподавательским составом ИПК ПР исследуются и изучаются новшества, новации и инновации в образовании.

Расширение спектра инновационных образовательных программ обеспечивается путем научно-методического сопровождения экспериментов по технологизации образовательного процесса (15 общеобразовательных школ, 2 детских сада), по внедрению в образовательный

процесс школы технологии кооперативного обучения (2 школы), современной методики «lessonstudy» (2 школы), по внедрению системы М. Монтессори в дошкольные организации образования (2 детских сада), инклюзивного образования (2 ОСКШИ).

Экспериментальная работа осуществляется совместно с организациями образования под научно-методическим сопровождением преподавательского состава ИПК ПР. На сегодняшний день в области функционируют инновационные площадки, которые реализуют проекты в области разработки и реализации нового содержания, форм и методов организации образовательного процесса, соответствующих им способов управления и взаимодействия, реализации иных форм инновационной деятельности. Результаты деятельности инновационных площадок представляются в виде отчетов на заседаниях Ученого совета и учебно-методического совета института, публикуются в виде статей в журналах и сборниках, методических пособий. Руководство эксперимента осуществляется 2 кафедрами института и Центром уровневых программ.

В конце 2014 года был успешно завершен областной эксперимент «Технологизация образовательного процесса организаций образования Акмолинской области», куда вошли 15 общеобразовательных школ и 2 детских сада. Данный эксперимент был инициирован ИПК ПР и реализован совместно с Управлением образования региона. Итогом эксперимента является распространение опыта экспериментальных площадок во всех организациях образования области.

Центр уровневых программ филиала обеспечивает научно-методическую поддержку деятельности экспериментальных площадок по внедрению технологии исследования урока «Lesson Study» в СШ им. С. Сейфуллина, ШГ №9 «Мирас» г. Щучинска Бурабайского района Акмолинской области.

В соответствии с планом Программы по организации подготовки и проведения эксперимента в данных организациях образования в настоящее время реализуется второй этап, начатый в 2014 году.

Кафедрой ИТиМП ЕН(ГД) ведется областной эксперимент «Внедрение технологии кооперативного обучения в образовательный процесс в организации образования Акмолинской области» (сроки реализации: 2014-2017 гг.), который является итогом участия сотрудников института в международных стажировках (международный опыт республики Сингапур). В реализации проекта участвуют организации образования: ЭШГ № 13 «Экос» и СШ №12 г. Кокшетау.

Одним из приоритетов образовательной политики является инклюзивное образование. Кафедра ППС ПРУ филиала планомерно работает над областным экспериментом «Внедрение когнитивно-продуктивной педагогической технологии обучения детей с нарушением интеллекта в учебно-воспитательный процесс специальных коррекционных школ». В рамках реализации этого эксперимента ППС кафедры проводились контрольные замеры в КГУ «ОСКШИ № 3 для детей с ЗПР и интеллектуальными нарушениями» г. Степногорска.

Также институтом реализуется областной эксперимент «Психолого-педагогические основы работы с детьми дошкольного возраста по системе М. Монтессори» (сроки реализации: 2014-2016 гг.).

В реализации проекта участвуют образовательные учреждения:

- ДДО № 1 «Арман» г. Кокшетау,
- ДДО «Балдаурен» Буландынского района.

На базе детского сада № 1 «Арман» г. Кокшетау в лаборатории М. Монтессори проведены курсы повышения квалификации для воспитателей экспериментальных площадок д/с № 1 «Арман» г. Кокшетау,

«Балдаурен» Буландинского района, а также Атбасарского, Бурабайского, Зерендинского районов.

На данных курсах педагоги ДОО имеют возможность познакомиться с теоретической философией методики раннего развития М.Монтессори, а также отработать практическую часть, так как данная технология предусматривает презентацию каждого дидактического материала через трехступенчатый урок.

Вектор научно-исследовательской деятельности системы повышения квалификации в последнее время стал активно смещаться к изучению и распространению международного опыта. С целью реализации данной задачи Национальный центр повышения квалификации «Өрлеу» разработал целую программу по стажировке профессорско-преподавательского сос-

тава филиалов в развитых странах мира. В течение двух лет значительное количество сотрудников института прошли стажировку в таких странах как: Южная Корея, Франция, Сингапур, Россия, Великобритания, Австралия, Турция. Профессорско-преподавательский состав института использует международный опыт, адаптирует лучшее в собственную практику.

Научно-исследовательская деятельность института планируется и осуществляется в процессе основной деятельности, поэтому необходимо еще более активизировать эту работу в тех направлениях, которые определены приоритетными в стратегических государственных документах. Научно-исследовательская деятельность ИПК ПР должна стать мировоззренческо-методологической основой деятельности.

Список использованной литературы:

- 1 Никитин Э.М. Модернизация системы повышения квалификации в целях обеспечения перспективных кадровых потребностей школы // *Методист*. – 2008. – № 6. – С. 2–7.
- 2 *Концептуальные основы разработки и внедрения многоуровневой системы непрерывного повышения квалификации профессионально-педагогических кадров: моногр./В.В. Латюшин, В.В. Базелюк, Р.С. Димухаметов, Л.И. Дудина*. – Челябинск: ООО «Изд-во РЕКПОЛ», 2009. – 189с.
- 3 Фишман Б.Е. Педагогическая поддержка саморазвития педагогов в профессиональной деятельности: Концептуальные основы региональной системы // *Пед. образование и наука*. – 2004. – № 3. – С. 20–28.

SKILLS FOR GREENING ECONOMIES: REQUESTS FROM INDUSTRY

Margarita Pavlova

The Hong Kong Institute of Education

Аңдатпа. Мақалада Гонконг үкіметінің Гонконгты экологияландыруға бағытталған саясаты, экономиканың экологиялық салаларының сипаты және оларды қолдауға қажетті құзыреттіліктер қарастырылады. Сонымен бірге «жасыл» экономикамен байланысты құрылымдық экономикалық өзгерістерден шығатын еңбекпен қамту өзгерістеріне тиімді жауап беруге қажетті жағдайлар талқыланады.

Abstract. *The article examines policies by the Hong Kong government aimed at the greening of Hong Kong, the nature of environmental industries and skills associated with their raise. It also discusses what is required to respond effectively to changes in employment opportunities that are arising from structural changes due to climate change and the emergence of a carbon-constrained economy.*

Аннотация. В статье рассматривается политика правительства Гонконга, направленная на экологизацию Гонконга, характер экологических отраслей экономики и компетенции, необходимые для их поддержания. Также обсуждаются условия, необходимые для эффективного реагирования на изменения в возможностях трудоустройства, которые вытекают из структурных экономических изменений, связанных с 'озеленением' экономики.

Тірек сөздер: жасыл экономика, жаһандық экологиялық проблемалар, дамудың инновациялық стратегиялары, тұрақты даму.

Ключевые слова: озеленение экономики, глобальные экологические проблемы, инновационные стратегии роста, устойчивое развитие.

Keywords: *greening the economy, global environmental challenges, innovative growth strategies, sustainable development.*

Introduction

